

**А.С. АҚТАНОВА, А.К. ЖУНДИБАЕВА,
Л.К. ЖҰМЕКЕНОВА**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық

8

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018








ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я72

А 37

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:

-  – сұрақтар
-  – есте сақтап, жатқа меңгеру
-  – тыңдау арқылы тапсырмаларды орындау
-  – Нұрасыл
-  – Ләйлә
-  – жұппен орындайтын тапсырмалар
-  – топпен орындайтын тапсырмалар

Ақтанова А.С. т.б.

А 37 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.К. Жүндібәева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 192 бет.

ISBN 978-601-331-151-7

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я72

ISBN 978-601-331-151-7

© Ақтанова А.С., Жүндібәева А.К.,
Жүмекенова Л.К., 2018
© «Атамұра», 2018



СӨЗ БАСЫ

Қымбатты жас дос!

Көркемсөздің құдіретін бағалайтын халқымыз қашанда сөз қадірін білген. Сөзді кие тұтып, оның қуатына бас иген. Осындай текті атадан тараған бүгінгі жас та өзінің әдебиетін – бабадан қалған асыл мұрасын қастерлеуі заңдылық.

8-сыныпта ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі уақыттың көркем шығармаларын оқимыз.

Сөздің қуатын даналық пен далалық дарқандыққа, еркіндік пен кеңдікке, адамгершілік пен парасатқа бағындырып, ұрпағына үлгілі сөз қалдырған біздің бабаларымыздың арманы болмас.

Қазақ халқының бойындағы жауынгерлік рух пен бостандық сүйгіш мінез жыраулар шығармашылығында жан дүние тазалығы мен туған жерге деген сүйіспеншілік және Отан алдындағы парыз ұғымдарымен астасып берілді.

Жиырманасыншы ғасыр басындағы азаттыққа бар жан дүниесімен ұмтылған қазақ әдебиетінің өкілдері жаңа заманға лайықты, тың тақырыпты туындылар тудырды. Бұл да халық тарихының әдебиетпен өрнектелген ерекше тұсы болды.

Тәуелсіздік алғаннан бергі әдебиетімізді сараласақ, жаңа леппен, жаңа арна тауып, ерекше қуатпен дамып келе жатқанын байқаймыз. Қазақ әдебиетіне тәуелсіздік не берді деген сұраққа азаттық аңсаған аға буын ұрпақтың асылы болған сөз еркіндігі деуге негіз бар.

Жас дос! Байқасақ, біздің әдебиетіміз еліміздің басынан өткен тарихын көркемдеп беретін ерекше құрал екен. Егер өз халқымыздың тарихы мен болашағы туралы, өзіміз туралы терең білгіміз келсе, сөз өнерімізді қадірлеп, бағалап, жақсы оқиық.

Биылғы оқу жылы сәтті өтсін! Осы оқу жылында рухымыз биіктеп, өреміз өсіп, біліміміз кеңейсін!

Туған елімізге еңбек ететін азамат болып қалыптасайық!

Оқулық авторлары



СӨЗ БАСЫ



– Оқу жылының басталуымен құттықтаймын, Ләйлә!



– Нұрасыл, барлық достарымызға жаңа оқу жылында мол табыстар тілеймін!



– Әдебиетіміздегі рухани мұраларымызбен бірге, әдеби-теориялық ұғымдарды танып, талдау ерекшеліктерін меңгере бастадық.



– Көркем шығармаларды талдау барысында жанр ерекшеліктеріне мән беруіміз керек.



– Қымбатты достар! Бұл оқу жылы «Дананың сөзі – ақылдың көзі», «Көркем әдебиет және эпикалық сарын», «Махаббат және абырой», «Қиял мен шындық» бөлімдерінде Қорқыт бабамыздың даналыққа толы сөздерінен бастап, бүгінгі Қазақ елінің төл мұраларымен сусындаймыз.



– Рухани мұрамызды терең меңгерейік!

Бөлімі	Шығарманың атауы	Авторы	Жанры	Теория
Сөз басы				
Дананың сөзі – ақылдың көзі	«Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»	Қорқыт	жыр	жыр
	«Қорқыттың нақыл сөздері»	Қорқыт	нақыл сөз	нақыл сөз, психологиялық параллелизм
	«Даналық кітабы»	Қожа Ахмет Ясауи	өлең	хикмет
	«Күлдір-күлдір кісінетіп»	Ақтамберді Сарыұлы	толғау	толғау, ирония, сатира, гротеск
	«Балаларыма өсиет»	Ақтамберді Сарыұлы	толғау	толғау, өсиет
	«Би Темірге бірінші толғауы»	Шалкиіз жырау	толғау	перифраз
Көркем әдебиет және эпикалық сарын	«Үш қиян»	Мұрат Мөңкеұлы	өлең	өлең
	«Сарыарқа»	Мұрат Мөңкеұлы	өлең	өлең
	«Еңлік-Кебек» дастаны	Шәкәрім Құдайбердіұлы	дастан, поэма	дастан, поэма
	«Жастарға» өлеңі	Шәкәрім Құдайбердіұлы	өлең	өлең
Махабат және абырой	«Бақытсыз Жамал»	Міржақып Дулатұлы	роман	роман пафос
	«Үшқан ұя»	Бауыржан Момышұлы	өңгіме	ұлттық характер, әдебиеттің халықтығы
	«Өпке»	Дулат Исабеков	драма	драма, ескертпе (ремарка)
	«Аққулар ұйықтағанда»	Мұқағали Мақатаев	поэма	поэма
Қиял мен шындық	«Күй аңызы»	Тахауи Ахтанов	өңгіме	аңыз
	«Айдағы жасырынбақ»	Жүніс Сахиев	өңгіме	фантастика
	«Дабыл»	Жүніс Сахиев	фантастикалық өңгіме	фантастика
	«Мөңгілік бала бейне»	Роза Мұқанова	өңгіме	тура, жанама мінездеу



ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Қорқыт



Қорқыт бейнесі қазақ әдебиетінде халық аузында ертеден сақталған. Қорқыт дегенде көз алдымызға ажалдан қашқан абыз қарт бейнесі келеді. Себебі, Қорқыттың өміріне байланысты осы мазмұндағы аңыз ел арасында көп тараған. Қорқыт ата бейнесі барлық түркі халықтарының әдебиетінде бар.

Қорқыт туралы аңыздарда оның қобызшы, ойшыл, жырау екені айтылады. Сондай-ақ алғашқы қобыздың авторы әрі аспапты жасаушы шебер де өзі болғанын аңыздардан білеміз.

Аңыздарға сүйенсек, Қорқыт бейнесінің тарихи тұлға екенін дәлелдейтін көптеген дерек бар.

Қорқыт ата шамамен VIII–X ғасырларда Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде дүниеге келген. Белгілі тарихшы Рашид әд-Диннің «Жамиғ ат-Тауарих» атты тарихи шежіресінде Қорқыттың қайы тайпасынан шыққандығы туралы дерек бар. Ал тағы да бір танымал тарихшы, шежіреші Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оның шыққан тегі баят делінеді. Осы шежіреде Қорқыт оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғаны туралы нақты айтылады. Белгілі ғалым Әбубәкір Диваев Сырдария жағасында Қорқыт атаның зираты бар екенін өз еңбектерінде жазған.

Қорқыт ата туралы аңыздардан оның үш түрлі қасиетті бойына дарытқанын білеміз. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысының айтулы бақсысы, абызы болған адам. Екіншіден, күй өнерінің иесі – күйші, қобыз сарынын алғаш өмірге әкелген өнерпаз. Үшіншіден, сол кездегі көп ұлыстарға аты шыққан жырау, оның жырлары – оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра.

Кезінде бұл жырларды шетелдік ғалымдардан В.В. Бартольд, В.М. Жирмунский, Ф. Копрулузаде, О.Ш. Кокжай, Э. Росси т.б. зерттеп өз пікірлерін білдірген. Сондай-ақ қазақ ғалымдарынан Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Б. Ысқақов, М. Байділдаев, Ш. Ыбыраев және т.б. зерттеп, Қорқыт бейнесінің тарихи және көркемдік ерекшеліктерін нақтылай түсті.

«Қорқыт ата кітабының» екі нұсқасы сақталған. Оның бірі Германиядағы Дрезден кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында

сақтаулы. Дрезден нұсқасы «Қорқыт атаның оғыз тайпасы тіліндегі кітабы» деп аталады. Бұл нұсқада Қорқыттың он екі жыры толық берілген. Бұл қолжазба кітаптың мұқабасында көрсетілген аты: *«Кітаби дедем Коркут гали лисани таифаи у огузан»*, яғни «Қорқыт атаның оғыз тайпасы тіліндегі кітабы» деген атпен жарық көрді.

«Қорқыт ата кітабының» екінші қолжазба нұсқасы Ватикандағы Апостолика кітапханасында сақталған. Бұл қолжазбада алты жыр бар. Аталмыш жырды итальян тіліне тұңғыш рет аударған ғалым Этторе Росси болды.

«Қорқыт ата кітабы» – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық өрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы – ерте замандарда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық т.б. мәнін жоймаған аса құнды көркем туынды.

Қызылорда облысында бір кездері Қорқыт ата мазары орналасқан Сырдария өзенінің тағанында Б. Ибраев және С. Исатаевтардың жобасымен Қорқыт ата архитектуралық кешені тұрғызылған.



1986 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қорқыт ата» кітабының мұқабасы



Қорқыт ата кешені. Қызылорда облысы

Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мيرас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, өн-күйлер қазақ пен түрікмендерде көбірек жолығады.

Әлкей Марғұлан

Жырдың аты		Жырдың мазмұны	Жыр- дағы оқиға- лардың логика- лық жүйе- сінің реті
Бірінші жыр	«Дерсеханұлы Бұқашжан туралы жыр»	Тақырыбы: бір балаға зар болу – Төңірден бала тілеу.	VIII
Екінші жыр	«Қазан-Салордың ауылын шапқаны туралы жыр»	Қазан-Салор – «Қорқыт ата кітабының» бас қаһарманы. Алып батыр Қазан – Қорқыт атаның замандасы. Жырда көк бөріні киелі са- нау, тотем тұтыну көріністері көрінеді. Тақырыбы: оғыздардың көрші тайпалармен өзара қарым- қатынасы.	I
Үшінші жыр	«Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»	Қадым замандарда ислам діні Қыпшақ даласына келген- ге дейінгі дәуірлерде айтыла бастаған жыр. Жырдың сюжеті «Алпамыс батыр» жырына өте жақын. Бұл жырда қазақ қауымына тән салт-сана, әдет- ғұрып басым болып келеді. Мәселен, жаңа туған ұл (Бамсы- Байрақ) мен қызды (Бану-Ше- шек) бесікте жатқан кезінде атастырып қою – қазақтардың көне дәуірден келе жатқан салты. Бұл салтты оғыздар да, қыпшақтар да берік ұстанған.	III
Төртінші жыр	«Қазанбектің баласы Оразбектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр»	Көк түріктер дәуірінің өзіндік салт-санасын, наным-сенімін, моральдық-этикалық нор- маларын көреміз. Жырдың тақырыбы: оғыз бен қыпшақ бектерінің бала тәрбиесі мәселесі.	IV

Бесінші жыр	«Доқа Қожаұлы Дели Домрул туралы жыр»	Ауызша нұсқасы: Домрул жөніндегі халық аңызы – түгелдей дерлік ислам дініне қарсы айтылған жыр. «Қорқыт атадағы» жазбаша нұсқасы: ислам діні енді тарай бастағанда оны насихаттау мақсатында жазылған. Ертеректе қазақ даласында «Домбаул дастаны» деп те аталған.	XI
Алтыншы жыр	«Оғыз Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жыр»	Тақырыбы: әке-шешесінің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі.	II
Жетінші жыр	«Оғыз Қазылық баласы Игенек туралы жыр»	Игенектің басқа батырлардан ерекшелігі – сегіз қырлы, бір сырлы екені. Әрі батыр, әрі ер, әрі қобызшы, әрі ақын.	V
Сегізінші жыр	«Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр»	Өзге жырлардан ерекшелігі: оғыз-қыпшақтармен тікелей қатысы жоқ француз, итальян, неміс, грек, фин, славян халықтарында Бисат туралы жырға негіз болған 200-ден астам нұсқасы бар. Төбекөз – грек аңызындағы Полифемге ұқсас. Бисат Төбекөзді батырлығымен емес, ептілігімен, қулығымен жеңеді.	VI
Тоғызыншы жыр	«Бекілулы Әмран батыр туралы жыр»	Оғыздар өздерінің жаңа қонысы – қазіргі Әзірбайжан аумағына көшіп келгеннен кейінгі оқиғалар баяндалады. Демек, бұл тоғызыншы жыр кейінірек өмірге келген. Мұнда Әзірбайжан жеріндегі нақты жер-су аттары, оғыздардың көне тарихтан қалған белгілі жаулары, кейбір шежірелерде жазылып қалған. Оғыздар мұнда көшіп келгеннен кейін Армения мен Грузияны жаулап алады. Оғыз бектері – акриттер бұл шегараны күні-түні күзетіп тұрған.	VII

<p>Онныншы жыр</p>	<p>«Үйсін Қожаұлы Секірек туралы жыр»</p>	<p>Қазақ ауыз әдебиетінде кең тараған тақырыптың бірі – кенже баланың ерлік көрсетуі. Әдептілік, жасы үлкенді құрметтеу, қария адамдардың алдынан кесіп өтпеу сынды ежелгі түркі дәстүрлері сөз болады.</p>	<p>IX</p>
<p>Он бірінші жыр</p>	<p>«Қазан-Салордың жауға тұтқын болғаны және оны баласы Ораздың азат етуі»</p>	<p>Түрлі тайпалардың өзара қарым-қатынасы, арадағы шегараны құрметтеу, бірінің мал-мүлкіне екіншісінің қол сұқпауы, сол арқылы ру-тайпа арасындағы ынтымақ-бірлікті сақтау арқау болған. Өзге жырлардан ерекшелігі: әзіл-оспақ, кекесін-күлкі, юморға едәуір орын берілген.</p>	<p>X</p>
<p>Он екінші жыр</p>	<p>«Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі, Байрақтың қалай өлтірілгені туралы жыр»</p>	<p>Оғыздардың өзара қырғиқабақ соғыстарын баяндайтын жыр. Бамсы-Байрақтың өлімі суреттеледі. Іріткі салушы Аруз қожаның өлімі баяндалады. Артынан оғыздар екіге бөлініп кетеді.</p>	<p>XII</p>



Тотемизм – адамдардың өздерін белгілі бір хайуанаттан немесе табиғи құбылыстар нәтижесінен (Күн, Ай, от, су) таралдық деп түсініп, соларға мінажат етуі. Көне түркілердің, ежелгі қазақтардың тотемі қасқыр болған.

Акрит – қаһарман шегарашы.

Оғыз (шамамен IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың ортасы) – тайпа. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі толық анықталмаған.

Қыпшақ – қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі.

Атастыру – қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, қыз бен жігіт ата-аналарының өз балаларын бір-біріне үйлендіру жайында ақниет, жарқын үмітпен күні бұрын уәделесуі.

Бек – ежелгі түркі қауымдастығында қолбасшылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ, жоғары басымдыққа ие тұлға.

Полифем – ежелгі грек жыршысы Гомердің «Одиссея» поэмасындағы жалғыз көзді дәу.

Жырдағы басты кейіпкерлер

Қорқыт ата	Атақты жырау, ұлы күйші, оғыз-қыпшақ елінің данышпан-ақылгөйі.
Қазан-Салор (Қазанбек)	Қорқыт атаның замандасы, жойқын соғыстардың батыры, бектердің бегі.
Берте сұлу	Қазан-Салордың жауға қарсы шабатын, тайсалмайтын, ел қорғауға дайын жары.
Оразбек	Қазан-Салор (Қазанбек) мен Берте сұлудың ұлы.
Бамсы-Байрақ	Әділдік үшін басын ажалға тіккен батыр.
Ер Домрул	Жаналғыш Өзірейілге қарсы шыққан батыр.
Бисат	Жалғыз көзді дәуді айламен өлтіретін батыр.
Қан-Төрәлі	Күш-қуаты өзінен кем түспейтін қалыңдық іздеген батыр.
Дирек	Алпыс батпан салмағы бар алып шоқпарды ұстап соғысатын батыр.

Игенек	Директі жеңіп, әкесі Оғыз Қазылықты тұтқыннан босатқан ер.
Алып Бекіл	Оғыз елінің шегарасын жаудан қорғаған ер.
Әмран	Алып Бекілдің ержүрек ұлы.
Екірек пен Секірек	Ағалы-інілі батырлар.
Баяндүр	Ел басқарған хан.
Дерсе	Белгілі хан.
Бұқаш батыр	Дерсе ханның баласы.



Тотем – (Солт. Америк. аджибе тайпасының тілінен аударғанда – тек, ата) – белгілі бір тайпаның немесе этникалық топтың шыққан тегі, арғы атасы деп қарастырылатын өсімдік, жануар, зат немесе табиғат құбылысы. Терминді ғылыми айналымға ағылшын жиһанкезі Дж. Лонг енгізген.

«Тотем» сөзі белгі, ишарат деген мағынаны білдіреді. Терминдік мағынасы тұрғысынан алғанда тотем – алғашқы қауым адамдарының өздеріне туыс деп есептеген жануарларға, өсімдіктерге және жансыз заттарға берген атауы. Тотем тайпаның түп атасы ретінде саналады.

Қауымдардың ең алғашқысы болған рулық сенім мен қауымының осы тотемдік түсінігіне байланысты «тотемизм» деп атаған. Діндердің барлығы тотемизмнен бастау алған делініп жүр. Кейбіреулердің пайымдауынша, тотемнің орнына «Тәңір» сөзі қолданылғаннан кейін жаңадан пайда болған діндерді осылайша түсіндірген.



1-тапсырма. «Қорқыт ата кітабының» шығармасы қай жанрға жатады?



2-тапсырма. Қорқыт шығармаларының идеясы неде?



3-тапсырма. Қорқыт туралы зерттеулерде қандай пікірлер бар? Қорқыт жырының кейіпкерлерін ата.



4-тапсырма. «Қорқыт ата кітабы» неше жырдан тұрады? Жырларды логикалық жүйесімен дәптерлеріңе жазып, тақырыбы мен идеясына назар аударыңдар.



5-тапсырма. «Оғыз Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жыр» мен «Оғыз Қазылық баласы Игенек туралы жыр» мазмұнына қосымша деректер мен мұғалімнің кеңесіне сүйене отырып, жыр кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.



6-тапсырма. «Тотем» сөзінің мағынасын талдаңдар. Мұғалімнің кеңесін негізге ала отырып, берілген жырлардан мысал келтіріңдер.



7-тапсырма. «Қорқыт ата» шығармасының қай эпикалық жанрға жататынын мысал келтіре отырып дәлелде.



8-тапсырма. Он екінші жырдың қысқаша жоспарын құрыңдар.



9-тапсырма. «Қорқыт ата» жырлары мазмұны мен қазақ ауыз әдебиетіндегі қандай жырлардың мазмұны, оқиғалары сәйкес келетінін дәлелдеп, шағын жоба жоспарын құрыңдар.



10-тапсырма. «Қорқыт ата» шығармаларына мән бере отырып, олардың өміршеңдігін өз ойларыңмен қорытып, «Қорқыт ата мұрасы – мәңгілік» тақырыбында шығарма жазыңдар.

Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр





«Қорқыт ата кітабына» негіз болған ежелгі жырдың бірі – «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр».



Жыр (көне түркі тілінде – иыр) – поэзия жанры, түпкі, негізгі мағынасында жырлап айтатын уақиғалы, көлемді шығарма.



«Қорқыт ата кітабындағы» үшінші жыр. Ежелгі түріктердің Көк Тәңірісіне табынуы кезінде жырланған жыр.



Жырды оқи отырып, қазақ әдебиетіндегі жоқтау жырларының қайнар-бастауын Көк түріктер дәуірінен көргендей боламыз:

... Атабегім Байрақ жүк артар еді,
Атабегім кеткелі жүк артқаным жоқ,
...Байрақ атты жігітті көрмедің бе?..



Жоқтау – әдет-ғұрпымызда адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше айтылатын қайғылы сарынды жыр-өлең.



– Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Біз жоқтау ұғымымен «Алып Ер Тоңға» жырынан да таныспыз.



– Аталған жырда қазақ қауымына тән салт-сана, әдет-ғұрып басым.



– «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырын» бірге оқиық!



Қорқыт

(Аңыз)

Қорқыттың кіндік қаны тамған атамекені Қараспан тауы еді дейді. Ол дүниеге келерде анасы құлан етіне жерік болып, құрсақтағы баласын үш жыл тоғыз күн көтерген екен...

Қорқыт дүниеге келерде көк жүзін қара бұлт торлайды. Күн күркіреп, найзағай ойнап, дауыл соғып, дүниенің астан-кестені шығады. Жұртты үрей билеп, қорқа бастайды. Ел есінде сақталған аңыз бар:


Қорқыт туған кезінде
 Қараспанды су алған,
 Қара жерді құм алған.
 Ол туарда ел қорқып,
 Туғаннан соң қуанған.

Қорқыт дүниеге келген соң бұлт ыдырап, күн шығады. Мұны жұрт жақсы ырымға балап: «Бұл бізді қорқытып дүниеге келген бала болды, есімі Қорқыт болсын», – деп құлағына үш рет айкайлап, есімін «Қорқыт» қояды...

Жастайынан табиғатпен тілдес болып өседі.

* * *

Күндердің күнінде Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын, шанағы қар бақырдай болсын, көні аруананың бауыр терісінен болсын, тиегі ортекенің мүйізінен болсын, ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!» Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің барлық шарттарын орындайды. Жасап болған соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап шалып көрсе, сарнап қоя береді. Өлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел – бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.



А. Дүзелханов «Қорқыт туралы аңыз»

«Қорқыт ата», «Қазақ энциклопедиясы». Алматы, 1999 ж.



Хан ием! Қам-Ғанұлы Баяндүр бір күні төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді. «Төбесі көкке жеткен ала шатырлар тігілсін, оған мың жерден кілемдер төселсін», – деп бұйрық берді. Ішкі және тысқы оғыздардың барлық бектері Баяндүр хан тойына жиналды. Баяндүр хан тойына Байбөрі бек те келді. Баяндүр ханның қарсы алдында найзасына сүйеніп, Қара Кене баласы Қара Бодақ, оң жағында Қазанның баласы Ораз, солында Қазылық Оғыз бектің баласы Игенек тұрған еді. Мұны көргенде Байбөрі бектің көкірегі қарс айырылды. Өкіріп жылап, қолына орамалын алып, көздерін сұртті. Сонда бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеу баласы Қазан-Салор тізерлеп отырып, Байбөрі бекке үңіле қарады да: «О, Байбөрі бек, мұнша неге қайғырасың?» – деп сұрады. «Хан Қазан, қалай жылап, қайғырмасын? Басына менің төжімді киер ұл жоқ. Өкшемді басар іні жоқ. Мен құдайдың қарғысына ұшыраған жан болдым. О, бектерім, мен өзімнің төжім мен тағымның қамын жеп қайғырып отырмын. Күнім жетсе, бір күні өлемін. Өле қалсам, орныма, үйіме кім ие болмақ?» – деді Байбөрі. «Бар тілегің сол ма?» – деді Қазан. Байбөрі оған: «Иә, бар тілегім сол, менің де ұлым болып, ол Баяндүр ханның алдында қызмет істеп тұрса, соны көріп мен де қуанышты болар едім, қайғым кетіп, мақтанар едім», – деді. Бұл сөзді есіткенде барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», – депті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: «Бектер, маған да бір тілек бата беріңдер, тәңірі маған да бір қыз берсе екен», – деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. «Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың», – десті. «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – деді.

Күндерден күн өтіп, тәңірі Байбөріге ұл, Байбіжанға қыз берді. Мұны есіткенде, бүкіл оғыз елі қуанып, той жасады. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді: «О, саудагерлерім, тәңірі мені жарылқап ұл берді. Балам өскенше Рум еліне барып, оған жақсы қару-жарақ әкеліндер», – деді. Саудагерлер жол шегіп, Стамбұлға келді. Бағалы бұйымдар, оған жақсы тартулар сатып алды. Олар Байбөрі баласына бір теңіз айғырын (су жылқысын), бір емен садақ, бір күрзі (шоқпар) сатып алды, сөйтіп еліне қайта тартты. Бұл уақытта Байбөрінің баласы бес жасқа толып еді. Одан соң ол онға, он беске толды. Өзі сұлу, жақсы жігіт болып өсті. Ерлігі қарақұсқа төнген бүркіт сияқты еді. Ол кезде адам өлтіріп, қан төкпесе, балаға ат қойылмаушы еді. Байбөрінің баласы атына мініп аңға шықты, аңдарды қуа-қуа әкесінің отардағы малдары-

на келді. Жылқышылардың бастығы оның алдынан шықты да, атынан түсіріп алып, қонақасы берді. Бұлар ішіп-жеп отырған кезде баяғы саудагерлер де еліне жетіп, Қара сайға келіп түскен еді. Ниеті қара гәуірлер оларды Оник қамалында күтіп тұр еді. Саудагерлер ұйқыда жатқанда бес жүз гәуір олардың қосына тиіп, дүниелерін тонап алды. Саудагерлердің үлкендері тұтқынға түсіп, кішілері оғыз еліне қарай қашты. Келсе, оғыз жерінің шегіне ала шатырлар тігілген екен, онда хан баласындай бір сұлу жігіт отыр, оңы мен солында қырық жігіт. «Бұл оғыз елінің жақсы жігіті болар, соған барып көмек сұрайық», – десті олар. Саудагерлер оған келіп: «О, жігіт, бек жігіт. Менің сөзіме құлақ сал, арызымды тыңда. Біздің сапар шегіп, оғыз елінен кеткенімізге он алты жыл болыпты. Біздер оғыз бектеріне гәуірлер елінен сирек кездесетін қымбат заттар алып келе жатыр едік. Соңғы қонған жеріміз Қара сайдағы Пасаң даласы болған еді. Бізге Оник қамалында жатқан бес жүз гәуір шапқыншылық жасап, менің ағам солардың қолында кетті. Олар біздің алып келе жатқан барлық бұйымдарымызды тонап алды. Өзім қара басымды сақтап, осында келіп жеттім. О, жігіт, көмек көрсетіп, жаудан кегімді алып бер», – деді. Мұны естігенде, жас батырдың шарап ішіп отырған алтын кесесі қолынан



түсіп кетті. «Не айтып тұрсың?! Сол жерге мені бастап алып жүріңдер, жүйрік атымды ерттеңдер, жарақ-жабдығымды түгелдендер, мені сыйлайтын жігіттер түгел атқа мінсін!», – деді. Шешім осылай болды. Саудагерлер алға түсіп, жол бастады. Гәуірлер бір жерге барып, бас құрап, дүние бөлісіп жатыр екен. Солардың үстіне жас батыр, қанды соғыстың арыстаны, ерлердің жолбарысы келіп жетті. Екі ауыз сөзге келместен, ол гәуірлерге қылыш жұмсап, қырғидай тиді. Басын көрсеткендердің бөрінің де қыл мойнынан қылыш ұрып, қыра берді. Дін үшін үлкен ерлік көрсетіп, саудагерлердің тауарларын өздеріне алып берді. Сонда саудагерлер тұрып: «О, бек жігіт, сен бізге шын ерлерше көмек көрсеттің. Енді қосымызға барып, қалаған затыңнан сыйлық ал», – десті. Жігіттің көзі теңіз жылқысы шұбар айғырға, темірден соққан шоқпарға, еменнен істелген садаққа түсті. Оған ұнағаны осы үш нәрсе болған еді. «О, көпестер, маған сыйлық бергілерің келсе, су айғырын, анау садақ пен шоқпарды беріңдер», – деді бала. Бұған саудагерлер қиналып қалды. Сонда жігіт: «Неге ойланып қалдыңдар, көпестер? Өлде мен көбірек сұрадым ба?» – деді. Саудагерлердің бірі: «Әңгіме оның көп-аздығында емес. Бұл үш бұйым біздің еліміздің бегінің баласына әкеле жатқан тартулар еді», – деді. Сонда жігіт: «Ол қандай бектің баласы, білесіңдер ме?» – деп



сұрады. Көпестер оған: «Ол – Байбөрінің баласы, аты Бамсы болса керек», – деді. Олар өздерінің алдында тұрған жігіттің Байбөрі баласы екенін білмеуші еді. Жігіт үндемей ішінен «Бұл заттарды қарыздар болып көпестер қолынан алғанша, қарызсыз өз әкемнің қолынан алғаным дұрыс болар» деген ойға келді. Сөйтті де атына қамшы ұрып, жолға түсті. Көпестер оның артынан қарап тұрып: «Бұл тегін адам болмады, қайырымды батыр жігіт екен», – десті.

Жас жігіт үйіне келіп, әкесіне көпестердің келіп жеткенін айтты. Әкесі бұған қуанып, ақ шатырын орнатып, ақ отаулар тіккізді, оған жібек кілемдер төсетті. Өзі төрге шықты да, баласын оң жағына отырғызды. Бала өзінің көпестерге қалай болысқанын, гәуірлердің қалайша қырғын тапқанын әкесіне айтпады. Сол кезде көпестер келіп, бастарын иіп, Байбөріге сәлем берді. Қараса, баяғы жауды жеңіп, қан төккен жігіт Байбөрінің оң жағында отыр екен. Көпестер балаға жақындап келіп, оның қолынан сүйді. Бұған Байбөрі бек шамданып: «Иттен туған құрбандыққа жарамас» деген. Әкесінің қасында отырған баланың қолынан сүю көргенсіздік болады», – деді. Сонда көпестер: «Хан ием, бұл жігіт сіздің ұлыңыз ба еді?» – деп сұрады. «Иә, ол менің ұлым», – деді Байбөрі. Көпестер бұған таң болып: «Хан ием, мұны біз білгеніміз жоқ еді. Жақсы болыпты. Егер біз оның қолынан сізден бұрын сүйіп алған болсақ, оны кешіріңіз, ашу қылмаңыз. Сіздің ұлыңыз бізге болысып, ерлік көрсетпесе, әкеле жатқан тауарларыңыз Грузия жерінде қалған болар еді, біздің бәріміз тұтқында кеткен болар едік», – десті. Байбөрі оларға: «Айтыңдар, менің балам жаулардың басын кесіп, қан төкті ме?» – деді. «Иә, ол көп адамның басын кесіп, жерді қанға бояды», – десті көпестер. «Ендеше, оған ат қоятын мезгіл өтіп те кеткен екен», – деп, Байбөрі барлық оғыз елінің бектерін шақырып, той қылды. Сол тойға менің атам Қорқыт келіп, балаға ат қойды. Тойда отырып ол: «Сөз тыңда, Байбөрі бек! Тәңірі саған ұл берді, өмірі ұзақ болсын. Ол оғыздардың тірегі, ту ұстайтын батыры болсын. Басынан қар кетпейтін биік тауларға шығамын десе, ұлың соның ең биік құзына шығатын болсын. Ағысы қатты қан сасыған өзендерден өтемін десе, Тәңірі оның жүзіп өтуіне жар болсын. Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, Тәңірі оның ісіне сөт берсін. Ұлыңды «Бамсы» деп атап жүр едің, ендігі аты Бамсы-Байрақ болсын, мінген аты Байшұбар деп аталсын. Менің қойған атым – сол, Тәңірі оның жұрымын берсін», – деді. Оғыз елінің бектері бұл билікке қол көтеріп, жақсы тілек білдірді. «Ұлыңның аты өзіне сай болды, бақытты болсын!» – деп бата берді.



1-тапсырма. Жырда қандай оқиға суреттеледі? Түсінгендеріңді баяндап беріңдер.



2-тапсырма. Жырдың идеясы неде? Жырда қандай ұлттық дәстүр туралы айтылады?



3-тапсырма. Жырдағы кейіпкерлердің есімдерін дәптерлеріңе теріп жазып, әрқайсысына мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Үзіндіні оқи отырып, жалғасын өз ойларыңмен қорытындылаңдар.

«Күндерден күн өтіп, төңірі Байбөріге ұл, Байбіжанға қыз берді. Мұны есіткенде бүкіл оғыз елі қуанып, той жасады. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді: «О, саудагерлерім, төңірі мені жарылқап ұл берді. Балам өскенше Рум еліне барып, соған жақсы қару-жарақ әкеліңдер», – деді. Саудагерлер жол шегіп, Стамбұлға келді. Бағалы бұйымдар, оған жақсы тартулар сатып алды. Олар Байбөрі баласына бір теңіз айғырын (су жылқысын), бір емен садақ, бір күрзі (шоқпар) сатып алды. Сөйтп, еліне қайта тартты. Бұл уақытта Байбөрінің баласы бес жасқа толып еді. Одан соң ол онға, он беске толды. Өзі сұлу, жақсы жігіт болып өсті».



5-тапсырма. Жыр мазмұнымен танысыңдар. Хрестоматияны негізге ала отырып, композициялық құрылымына талдау жасаңдар.



6-тапсырма. Жырдағы кейіпкерлердің сөздеріне диалог құрап, айтып беріңдер.



7-тапсырма. Хрестоматияны пайдалана отырып, жырдағы көріктеу (көркемдегіш) құралдарына мысал келтіріп, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

9–10 мысал – 5 ұпай;

7–8 мысал – 4 ұпай;

5–6 мысал – 3 ұпай;

3–4 мысал – 2 ұпай;

1–2 мысал – 1 ұпай.



8-тапсырма. Берілген үзіндіден түсінгендеріңді үшінші жақтан баяндап, «Бұлақ басындағы кездесу», «Ағасын сағынған ару», «Байрақтың қарындасымен кездесуі», «Байрақтың сағынышы» тақырыптарының біріне эссе жазыңдар.



9-тапсырма. «Қорқыт ата» жырының мазмұны мен қазақ ауыз әдебиетіндегі қандай жырлардың мазмұны, оқиғалары сәйкес келетінін дәлелдендер. Шағын жоба жұмысының жоспарына сәйкес негізгі бөлімін жазыңдар.



10-тапсырма. Шығармадағы салт-дәстүрге байланысты рухани құндылықтарға мән бере отырып, олардың өміршеңдігіне баға беріңдер. Өз ойларыңды қорытып, ортаға салыңдар.



1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Жарташық суайттың іс-әрекетінен түсінгендеріңді қысқаша дәптерлеріңе жазыңдар.

2. Бану-Шешектің жоқтауындағы іс-әрекеттерінен көріктеу құралдарын теріп жазыңдар.

3. Жырдағы үзіндіде қай дәстүр баяндалады? Қысқаша сипаттама жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 15 минут.



2. «О, көпестер, ... далаларды басып, ... таулардан асып келіпсіңдер. Менің бек әкеме, ханым шешеме сыйлық алып баруға келіпсіңдер, көпестер! Мінгендерің ... жылқылар екен... Менің сөзіме құлақ салыңдар, көпестер! Сендерден сұрайтыным ..., ... Қазан-Салор аман ба, көпестер? Одан соңғы сұраарым: «Қиян Селжүк баласы ер Дондаз аман ба, көпестер? ... Байбіжан қызы Бану-Шешек отбасында бар ма, көпестер? Өлген жоқ па ол, көпестер? Білгендеріңді айтыңдар, менің қара басым жолдарыңа құрбан болсын, көпестер», – деді оларға Байрақ.

1. Байрақтың монологіне мән бере отырып, есте сақтағандарыңды қорытындылап, дәптерлеріңе жазыңдар.

2. Берілген үзіндіні тыңдап, монологті еске түсіре отырып, мәтін мазмұнына сай сөздерді дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

2-мәтін. Уақыты – 15 минут.

Қорқыттың нақыл сөздері



Нақыл сөздер (афоризмдер) – күрделі мәселелерді тереңдете дәл жеткізетін мағынасы терең, қысқа қайырымды, өнегелі сөз.



Нақыл сөздер қазақ әдебиетінде ертеден қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар пайда болған. Олар кейде қанатты сөздер, кейде афоризмдер деп те аталады. Нақыл сөздердің мақал-мәтелдерден ерекшелігі – ел ауызында белгілі кісілердің атымен айтылады.



Нақыл сөздің үздік үлгілері қазақ әдебиетінде ертеден қалыптасқан.



Психологиялық параллелизм (егіздеу) – өлең сөйлемдерінің ұқсастыққа, шамаластыққа негізделуі. Параллелизмнің екі түрі болады: біріншісінде сөйлем құрылысы жағынан біркелкі келеді, екіншісінде психологиялық тұтастық көрініс табады.



Нақыл сөз – өмір тәжірибесіне, даналық тұжырымға, логикалық қисын мен ғибратты өнегеге негізделген терең ойлы, түйінді сөз.

«... Нақыл сөз – болмыстағы белгісіз бір жұмбақ нәрсенің сыры ашылып, сөз қауашағына тұрақтауы».

Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби



Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби – Әбу Насыр әл-Фарабидің замандасы. Қазақ даласындағы ежелгі ғұламалардың бірі, әдебиетші, тіл маманы. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының жеріндегі көне Фараби (Отырар) қаласында туған. Араб елдерінде білімін толықтырған. Қолжазбалары Веймар, Париж, Лондон, Фес, Каир т.б. ірі қалалардағы кітапханаларда сақтаулы. Танымал еңбегі – «Диуан әл-адаб» («Әдеби жинақ»).



Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде нақыл сөзді «ділмар сөз» деп берген. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы «мәнді сөздер» деп атады. Мұхтар Әуезов «афоризмдер» деп атап, түйіндеп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар деп баға берген.



Қорқыт атаның нақыл сөздерін бірге оқиық!



* * *

Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас.

* * *

Ат қиналмай, жау шалмас.

* * *

Қайыспас қара балтасыз жау алынбас.

* * *

Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас.

* * *

Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды.

* * *

Ананың көңілі балада.

* * *

Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары.

* * *

Ұлың өсіп жетілсе, ол – отбасының мерейі, бас-көзі.

* * *

Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ.

* * *

Уа, хан ием, сізді Тәңірім сондай ісінің сөті түспегендерден сақтасын.

* * *

Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе,
Ұл жарылқап ас бермес – әке үлгісін көрмесе.

* * *

Адам өмірі – қамшының сабындай ғана қысқа екен, досы көп, ұрпақ тәрбиелеген ұтады екен.

* * *

Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.

* * *

Өлгендер қайтып келмейді,
Шыққан жан қайтып енбейді.

* * *

Құстың қонар жерін су білер,
Малдың барар жерін ну білер.

* * *

Топырақ тау болмайды.

* * *

Көк шүйгінін киік білер.

* * *

Бас аман болса, бөрік табылады.

* * *

Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.

* * *

Өтірік сөз өрге баспайды.

* * *

Дәулетті ұл – ошақтың қоры,
Дәулетсіз ұл – атаның соры.

* * *

Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса.

* * *

Қанша байлық жисаң да, бұйырғаннан артық жей алмайсың.

* * *

Сауыттың қасиеті – қылышпен ұрғанда,
Аттың қасиеті – жаудан алып шыққанда көрінер.

* * *

Көп қорқытады, терең батырады.

* * *

Төкаппарлықты Тәңірі де сүймес.

* * *

Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас.
Күнге сары пәй шапан жапқанмен – бөйбіше болмас.

* * *

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман.
Атадан өнеге алмаған ұл жаман.



1-тапсырма.

- а) Берілген нақыл сөздердің мәнін ашатын мақал-мәтел табыңдар.
Төмендегі үлгі бойынша дәптерлеріңе жазыңдар.

Қорқыт атаның нақыл сөздері	Мақал-мәтелдер

- ә) Берілген нақыл сөздердің мәнін түсіндіріп, баяндап беріңдер.
б) Нақыл сөздердегі психологиялық параллелизмдерді тауып, талдаңдар.



2-тапсырма. Қорқыттың нақыл сөздерінің идеясы неде?



3-тапсырма. Қорқыттың нақыл сөздерінің идеясын аша отырып, Қорқытқа мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. «Төкаппарлықты Тәңірі де сүймес» деген нақылдың мағынасын талдай отырып, «төкаппарлық, менменшіл» қасиеттері туралы өз ойларыңды баяндап беріңдер.



5-тапсырма. «Қанша байлық жисаң да, бұйырғаннан артық жей алмайсың» нақыл сөзін талдай отырып, композициялық құрылымның барлық кезеңдері сақталған шағын әңгіме жазыңдар.



6-тапсырма. Қорқыт нақыл сөздерін негізге ала отырып, диалогтік сауал-жауап құраңдар.

Нақыл сөз	Сұрақ	Жауап



7-тапсырма. Берілген нақыл сөздерден психологиялық параллелизмді тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. «Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса» нақыл сөзі идеясының негізін өмірмен, ата-ана еңбегімен, біліммен байланыстыра отырып, ойға түйгендеріңді жазып, айтып беріңдер.



9-тапсырма. Берілген нақыл сөздердің мағынасына мән бере отырып, тарихи және көркемдік ерекшелігіне баға беріңдер.



10-тапсырма. «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, Атадан өнеге алмаған ұл жаман» нақылы негізінде:

а) Бүгінгі күнгі қыз бала мен ұл баланың мінез-құлқы қандай болуы керек?
 ө) «Ата-ана тәрбиесінің қадірі неде?» деген сұрақтарға өз ойларыңды эссе түрінде жазыңдар.

б) «Қорқыт ата» жырларына жазған шағын жоба жұмысын аяқтап, қорытынды бөлімін жазып, жоба жұмыстарыңды қорғап, айтып беріңдер.



1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

Естіген нақыл сөз идеясын түсініп, өз ойларыңды дәптерлеріңе мақал түрінде жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 10 минут.

2. Нақыл сөзді тыңдай отырып, негіз болған тірек сөздерді теріп жазыңдар.

2-мәтін. Уақыты – 4 минут.

3. Берілген нақыл сөздің идеясына мән бере отырып, болашақтағы өз арман-мақсаттарыңа өз ойларыңнан үш нақыл сөз жазыңдар.

3-мәтін. Уақыты – 10 минут.



Қожа Ахмет Ясауи (1093–1166)



Хикмет – даналық сөзі, ақыл сөзі. Бұл сөздерді қалдырған Қожа Ахмет Ясауи.



Қожа Ахмет Ясауи – түркі тілдес халықтар арасында сопылық әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі, аса көрнекті ақын, есімі ислам әлеміне мәшһүр ойшыл, қайраткер.



Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Кесене XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, сопылықты уағыздаушы Қожа Ахмет Ясауи (Йасыдан шыққан деген мағынада) бейітінің басына орнатылған. Орта Азиядағы сәулет өнерінің тамаша үлгісі ретінде дүниежүзіне танылған бұл ғимарат бүкіл Шығысты тітіренткен әйгілі қолбасшы Өмір Темірдің бұйрығы бойынша XIV ғасырдың соңында салынған.

Қожа Ахмет Ясауи ортағасырлық Испиджаб (Сайрам) қаласында дүниеге келген. Ақынның толық аты-жөні: хазіреті Сұлтан Шейх-ул-Ислам Қожа Ахмет Ясауи деп жазылған. Ержете келе Түркістан (ол кезде Йасы деп атаған) қаласына келіп тұрады. Йасыға қоныс аударғаннан кейін ол осындағы атақты Арыстан Бабтан тәлім-тәрбие, діни дәріс алады.



Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



«Диуани Хикмет».
Қазан, 1887 ж.

Біраз жыл бұрын Бұхара шаһарында оқыған. Сөйтіп, Йасы қаласына атақты ғұлама болып оралған.

Ахмет Ясауидің есімін мұсылман әлеміне мәшһүр еткен шығармасы «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»). Оны «Ақыл кітабы» деп те атайды. Ақын өз кітабын Орта Азия мен Қыпшақ даласының түркілеріне кезінде түсінікті болған шағатай тілінде жазған. Мұның өзі араб тілінде жазылған Құран мен түрлі хадистерді жергілікті түркі халықтарының түсініп оқуына мүмкіндік берді. «Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделіп, түркі халықтары фольклорының тілдік-стильдік, модельдік тәсілдерін зор шеберлікпен пайдалана жазылған дидактикалық-этикалық туынды.

«Диуани хикмет» – түркі тілдес халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби жәдігерлерінің бірі. Бұл өлеңдер жинағы қазақ әдебиетінің де ортағасырлық нұсқасы болып табылады.

Ясауи хикметтерінің тілін ұзақ жылдар бойы зерттеген көрнекті ғалым А.К. Боровковтың пікірі бойынша, «Даналық кітабы» – оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды. Кезінде ол өлеңдер өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған.

Ақын Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының бөріне де түсінікті болатындай ауызекі сөйлеу тілінде жырлағаны дау тудырмайды. Бірақ бертін келе жинақты көшірушілер өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген.



Бұл өлеңдер жинағының алғашқы түп-нұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғасырдың орта кезінде араб емлесімен көшірілген. «Даналық кітабы» Қазан (1887 және 1901 ж.), Стамбұл (1901 ж.), Ташкент (1902 және 1911 ж.) баспаларынан бірнеше рет жеке-жеке кітап болып басылып шығады. Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы Қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмет берілген. Соның 109 хикметі Ясауидің өзінікі екені даусыз.

Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары болуы мүмкін.

Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа келгенде, қылуатке (қылуат – арабша «оңашалану» деген сөз) түсіп, өмірінің соңына дейін сонда болады. Ол – жарық дүниеден қол үзіп, жер астында жеке-дара өмір сүру арқылы бұл дүниенің күнеларынан бойын аулақ ұстау, тазалану, сөйтіп Хаққа жақын болудың бір түрі ретінде Ясауидің өзі енгізген амал болып табылады. Жарық дүниемен тек шәкірттері арқылы байланысып, сол жер астында осы кітабын жазған. Ясауи бұл қолжазбаны 63–73 жас аралығында жазған. Сөйтіп, ойларын өлең түрінде бір жүйеге түсірген. Барлығы – 149 хикмет-жыр.

Түркия ғалымы Ф. Көпрулзаде Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жазылу тарихын, поэтикасын, әлеуметтік бағдарын тұңғыш рет әдебиеттану ғылымы тұрғысынан жан-жақты зерттеп, ол туралы келелі ғылыми еңбек жазғаны мәлім. Ғалым 1928 жылы Ахмет Ясауи поэзиясын ғылыми негізде жүйелеп, Стамбұл баспаларының бірінен жеке кітап етіп шығарды. Қазіргі зерттеушілердің барлығы дерлік Ахмет Ясауи жырларының осы басылымын негізге алып жүр.

«Диуани хикмет» көбінесе 11 буынды не 12 буынды болып келеді. Төрт тармақтан бір шумақ құрайды. Ұйқасы бізге тым жақын. Сырттай алып қарағанда а-а-а-ә, б-б-б-ө ұйқасымен келіп отырады.

Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық кітабы» ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ әдебиеті арасындағы дәстүрлі байланысты айқындайды.

Ахмет Ясауи кітабында «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады.

Біріншісі, «шариғат» – ислам дінінің қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі Құдайға құлшылық жасауды талап етеді.

Екіншісі, «тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту. Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Бұл суфизмнің негізгі идеясын, мұрат-мақсатын аңғартады.

Үшіншісі, «мағрифат» – негізінен дін жолын танып білу сатысы. Негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып білу, түсіну.

Төртіншісі, «хақиқат» («фано») – Аллаға жақындап, оны танып білудің ең жоғарғысы.

Ясауи сопылық әдебиетті тудыра отырып, қазақ әдебиетінде адам бейнесін, оның қоғамдағы қызметін, өмір мұратын суреттеуге жол салды. Ясауи хикметтері қоғамға, адам тіршілігіне жоғары талап қоятын сыншылдық дәстүр әкелді. Бұл сыншылдық дәстүрі кешегі Дулат, Сүйінбай, Шортанбай, Мұрат т.б. жырларында, тіпті бүгінгі күні де өз жалғасын тауып келеді.



1-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи туралы айтып бер. Қай ғасырда өмір сүрген?



2-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихы туралы не білесің? Қожа Ахмет Ясауи кесенесін кім салдырған? Мұғалімнің кеңесімен өз білгендеріңді толықтырып, баяндап беріңдер.



3-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи туралы зерттеулерде қандай пікірлер бар? Қожа Ахмет Ясауи еңбегінің идеясы нені қамтиды?



Суфизм (сопылық) – ислам дініндегі ағым.



4-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жазылу тарихын, поэтикасын кімдер зерттеді? Зерттеушілер пікірлерін дәптерлеріңе жазып, ойшыл еңбегінің жазылу тарихына назар аударыңдар.



5-тапсырма. «Диуани хикмет» еңбегінің құрылысы қандай? Қазан қаласында сақталған басылымында қанша хикмет бар? Білгендеріңді бір-біріңе түсіндіріп беріңдер.



6-тапсырма. «Хикмет» сөзінің мағынасын талдап, мұғалімнің кеңесін негізге ала отырып дәлелдеп беріңдер.



7-тапсырма. «Диуани хикмет» еңбегі қай тілде жазылған? «Диуани хикмет» еңбегін кімдер зерттеді?



8-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауидің осы туындысы туралы айтылған пікірлерді теріп, берілген кестеге толтырыңдар.

Ғалымның аты-жөні, еңбегінің аты	Ғалымның пікірінен үзінді



9-тапсырма. «Диуани хикмет» құрылысы жағынан неше буынды? Бір шумақты қанша тармақ құрайды?



10-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи мен Әмір Темірдің тарихтағы рөлін бағалай отырып, ақын еңбегінің өміршеңдігі туралы әдеби эссе жазыңдар.



Диуани хикмет («Даналық кітабы») – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық идеясын жыр еткен, дидактикалық-этикалық мазмұндағы әдеби шығармасы.

Даналық кітабы («Диуани хикмет» еңбегінен)

Хикмет

Даналардың айтқаны келер болды,
Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті,
Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлықты бұзатын өлек жетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Мұсылманды мұсылман түтіп жейді,
Бірін-бірі ұқпайды, түсінбейді.
Мұриттер пірге көз қырын түсірмейді,
Бұл не деген замана болды, достар?

Жамағаттың жақсыға құрметі жоқ,
Кішілердің үлкенге ізеті жоқ,
Патшаларға әділдік міндеті жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар?

Дәруіштер дұғасының шипасы жоқ,
Тым болмаса үстінде лыпасы жоқ,
Құнарсыз қу тақырдай бұтасы жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар?

Азған заман ғалымы залым болар,
Қошеметшіл қулықпен мәлім болар,
Анығын айтқан адалдар жазым болар,
Бұл не деген замана болды, достар?

Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,
Жалғандыққа шындықтың қайраны жоқ,
Шындықты айтып осылай шырқыраған,
Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ.



1-тапсырма. Ақын өз шығармасында нені басты мақсат етіп көрсетеді? Шығарманың жанрлық ерекшелігі неде?



2-тапсырма. Ясауи хикметтерінің идеясын анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар.



3-тапсырма. Ясауи хикметтерінде қоғамға қандай баға беріледі? Ақын сомдаған әрекеттерге қандай баға бересіңдер? Ясауи жырлаған қоғамға мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. а) Берілген өлеңді негізге ала отырып, қоғамдағы жастар тәрбиесіне байланысты келеңсіздіктерді шығарма түрінде жазыңдар:

«...Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды, достар?..»

ә) Жазғандарыңның шешімін қалай табуға болады? Өз ойларыңды қорытып, баяндап беріңдер.



5-тапсырма. а) Дәптерлеріңе көшіріп жазып, өлең құрылысына қарай талдаңдар:

Даналардың айтқаны келер болды,
Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті,

Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

ә) Өлеңдегі баяндалатын оқиғалар туралы ойға түйгендеріңді айтып беріңдер.



6-тапсырма. Тарихтағы Қожа Ахмет Ясауи бейнесіне өз зерттеуіңді жүргізіп, бір-біріңмен ой бөлісіңдер.



7-тапсырма. Берілген өлең жолдарынан көріктеу құралдарын теріп, дәптерлеріңе жазыңдар.

Өлеңнен мысал	Көріктеу құралы



8-тапсырма. а) Берілген өлең шумағының идеясын негізге ала отырып, өз ойларыңды келер ұрпаққа ой салатын, ақыл-өнеге беретін қарасөз түрінде жазыңдар.

Дәруіштер дұғасының шипасы жоқ,
Тым болмаса үстінде лыпасы жоқ,
Құнарсыз қу тақырдай бұтасы жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар?

ә) Өздерің жазған қарасөздің идеясы мен тақырыбы неде екенін топта талқылап, түсіндіріп беріңдер.



9-тапсырма. Ясауи хикметтерінің идеясын анықтай отырып, тарихи құндылығына баға беріңдер.



10-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен *қиямет, мұсылман, мұрит, пір, жамағат, дәруіш, дұға* сөздерінің мағынасын анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар. Аталған сөздердің бүгінгі күні қолданысына зер салыңдар.



1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Өлеңді тыңдай отырып, өз түсінгендеріңді өмір құбылыстарымен байланыстыра түйіндеп жазыңдар.

2. Тыңдаған өлең жолдарынан тұрақты сөз тіркесін және антоним болатын тұрақты сөз тіркесін табыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 15 минут.



2. Берілген мәтінді тыңдай отырып, «уәде» сөзіне Ясауидің өмір жолы мен шығармасы негізінде сөзжұмбақ құрастырыңдар.

2-мәтін. Уақыты – 25 минут.



Әдебиетімізде толғау жанры жыраулар поэзиясында кездеседі. Толғау жанры қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған. Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы аталған халықтар әлі бөлініп үлгермеген XIII–XIV ғасырларға сәйкес. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше өркендеп, өзінің жоғары даму сатысына жетті. Көрнекті өкілдері – Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Дулат, Махамбет т.б.

Толғауда қоғамдағы жағдайлар, өмір, жақсылық, жамандық, адам тіршілігі т.б. ақыл-өсиет, насихат түрінде жырланады. Толғау ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті. Толғауда терең азаматтық әуен, ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси-философиялық тақырып ерекше орын алады. Негізгі бейнелеу тәсілі – дидактика. Толғауларға ұқсас шығармаларды башқұрттар «қобайыр», қырғыздар «санатна-сыятырлар», құмықтар «ойлу йырлар» деп атайды.

Ақтамберді Сарыұлы

(1675–1768)



Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында, ауқатты отбасында дүниеге келеді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық талантын тым ерте, 10–11 жасында танытқан Ақтамберді 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім ауызынан қалады.

Бірде, тіпті, жортуылда қолға түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңында ғана қашып құтылады.

1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл оңтүстік және шығыс аймақтан айырылған шақта Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде Ақтамберді қазақ руларын атамекенге орнықтыру ісінде зор қызмет атқарады. Батыр жырау тоқсан үш жасында, 1768

жылы қайтыс болады. Жыраудың жартылай құлаған күмбезі қазір Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Жүрекжота деген төбенің басында тұр.



1-тапсырма. Ақтамберді Сарыұлы туралы айтып бер. Қай ғасырда өмір сүрген? Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, жырау туралы материалдар жинаңдар. Материалдарды ретімен кестеге түсіріңдер.

Дереккөз	Авторы	Баспасы, шыққан жылы



2-тапсырма. Ақтамберді Сарыұлын неге жырау деп атаған? Мұғалімнің кеңесімен өз білгендеріңді толықтырып, баяндап беріңдер.



3-тапсырма. Толғау дегеніміз қандай жанр? Толғауда не туралы айтылады?



4-тапсырма. Толғаудың бейнелеу тәсілі неге құрылады? Толғау туралы ізденіп, зерттеушілер пікірлерін дәптерлеріңе жазып, жанр тарихына назар аударыңдар.



5-тапсырма. Толғауда қандай әлеуметтік мәселелер көтеріледі? Толғаудың негізгі идеясы нені қамтиды? Білгендеріңді бір-біріңе түсіндіріп беріңдер.



6-тапсырма. Мұғалімнің кеңесін негізге ала отырып, Ақтамберді жыраудың шығармаларының сөз тізбегін құрастырыңдар.



7-тапсырма. Тарихтағы ерлігі туралы іздене отырып, білгендеріңді баяндап беріңдер.



8-тапсырма. Ақтамберді жырау қай жылы қайтыс болды? Қай жерге қойылған? Ақтамберді батыр өмір сүрген тарихи кезеңге сипаттама жазыңдар.



9-тапсырма. Ақтамберді жыраудың толғауларындағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалап, талдау жасаңдар.



10-тапсырма. Ақтамберді жыраудың тарихтағы орнын бағалап, жырларының тақырыбы мен идеясына мән бере отырып, эссе жазыңдар.

Күлдір-күлдір кісінетіп

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екеміз,
Күдеріден* бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!

Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін
Біз де бір құрар ма екеміз?!
Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың он бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екеміз?!

Майданды дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Өлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!
Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдыма ел қылсам!

Асқар бір тауды жайласам,
Желілеп бие байласам,
Күнде жиын, күнде той,
Қыз-бозбала ойнатсам,
Тентегін түзеп байқа деп,
Ішінен биді сайлатсам,
Құлым бір ұлдай киінсе,
Көркемін көрген сүйінсе,

Атымтай жомарт секілді
Атағым жұртқа білінсе!

Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!

Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе.
Май жемесе қонағым,
Қан жемесе барағым,
Он кісіге жараса
Бір кісіге арнап тартқан табағым!
Халыққа атым білініп,
Шүленгір* мырза атанар ма екеміз?!

Төскейде кеңес топтанып,
Жақсылар үйде баптанып,
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,
Қос-қосымен шаттанып.
Қиуадан ақыл алатын,
Қияннан айла табатын
Ерлерден салсам нөкерді
Дұшпаннан кекті алатын!

Жоны бір жалпақ жотадай,
Мойны бір жалпақ бұқадай,
Балуаннан нөкер барлатып,
Күреске салар ма екеміз?!

Артықша көзге көрініп,
Балуаным жықса таңлатып.
Алмасын арнап суарып,
Ақ сауыт соқса зергерім,
Таудағы сала бұғыны
Аңдып бір атса мергенім!

Көгорай көктем болғанда
 Дауысы бар азандай,
 Желіні бар қазандай,
 Жаралы қудай ыңырантып,
 Жарылған мұздай күңіrentіп,
 Қайрауықтың ащы күйіндей
 Қайырып боздап күйлентіп,
 Боталаған боз іңген
 Азан-қазан, уда-шу
 О да бір алса мазамды-ай!

Алғайдың құба жонына
 Жайылған қойым сыймаса,
 Жүз бүркеншек, жүз қоспен
 Қатар жүріп жинаса!
 Көк алалы көп жылқы
 Көлге бір түссе көз жетпей,
 Санап санын алуға
 Есебіне жан жетпей...

Беглерім мінсе шұбарын
 Жұлындай қылып жаратып.
 Елден елді аралап,
 Текіден текті саралап,
 Беглердің қызын айттырсам,
 Нұсқасын байқап шамалап.
 Сынға толса сияғы,
 Әлбеті шамның шырағы,
 Мұхиттан сүзіп шығарған
 Қымбатты гауһар бағасы.
 Жүз нарға кілем жаптырып,
 Қазақтан сөнін арттырып,
 Ұзатып алсам сөнменен
 Көңілімді хош таптырып.
 Бала берсе тезінен,
 Пірлердің* бітсе демінен,
 Шілтеннің* тиіп шылауы
 Артылып туса өзімнен!
 Осындай берген дәулетті
 Көтеріп тұра алар ма екеміз!



1-тапсырма. Берілген толғауда не туралы баяндалған? Толғаудағы оқиғалар тізбегін тауып, түсінгендеріңді айтып беріңдер.



2-тапсырма. Толғаудың идеясы неде? Өздеріңе ұнаған үзіндіні жатқа мәнерлеп оқып, толғаудағы оқиғаның ұлттық ерекшелігін баяндап беріңдер.



3-тапсырма. Толғауда айтылған ойды негізге ала отырып, қазақ халқына мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Берілген үзінді негізінде бұрынғы қазақ халқының тұрмыстық өмірін сипаттап беріңдер:

Алғайдың құба жонына
 Жайылған қойым сыймаса,
 Жүз бүркеншек, жүз қоспен
 Қатар жүріп жинаса!



5-тапсырма. Берілген толғауды құрылысына қарай талдаңдар.



6-тапсырма. Толғаудағы бейнелеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Көркем бейнелеу құралы	Мысал	Талдау
Теңеу		
Психологиялық егіздеу		
Метафора		
Эпитет		



7-тапсырма. Толғаудағы көріктеу құралдарын тауып, қолданылу тәсіліне назар аударыңдар.



8-тапсырма. Берілген үзіндіде баяндалған ойды өздерің қалаған өзге жанр түрінде жазып, сол жазылған жанр түріне жататынын теориялық тұрғыдан дәлелдеп беріңдер:

...Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!..



9-тапсырма. Берілген толғаудың тақырыбы мен идеясын хрестоматияда берілген толғаумен салыстырып, өз ойларыңды дәлелдеп, айтып беріңдер.



10-тапсырма. Берілген толғаудан мысал келтіре отырып, шығармада айтылған болашақ заман туралы өз ойларыңды тұжырымдап, дәптерлеріңе жазыңдар.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Берілген үзіндіден теңеулерді тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – **10 минут.**



2. Берілген үзіндідегі жырау ойын негізге ала отырып, бұрынғы билер кеңесі туралы білетіндеріңді әссе түрінде жазыңдар.

2-мәтін. Уақыты – **20 минут.**



3. Берілген үзіндіден риторикалық сұрауларды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

3-мәтін. Уақыты – **12 минут.**





Өсиет – жазбаша түрде немесе ауызша айтылып қалдырылған ақыл-кеңес, талап-тілек.

Балаларыма өсиет

Балаларыма өсиет:
 Қылмаңыздар кепиет*,
 Бірлігіңнен айырылма,
 Бірлікте бар қасиет.
 Татулық болар береке,
 Қылмасын жұрт келеке,
 Араз болсаң алты ауыз,
 Еліңе кірген әреке.
 Талпынып салдым егінді,
 Ішсін деп әркім тегінді,
 Ақылы барың ұғарсың,
 Ойың болса сөзімді.
 Тоқсанға жас келген соң,
 Өлім жақын көрінді.



Бар арманым, айтайын,
 Батырларша жорықта
 Өлмедім оқтан, қайтейн!..
 Ел аман болсын лайым,
 Тілегім берді бәрін де,
 Разымын, Құдайым!



1-тапсырма.

- а) Берілген өлең жолдарында не баяндалады?
- ә) Шығарма қай жанрға жатады?
- б) Ақтамберді жырау өсиет сөздерінде ұрпағына нені аманат етеді?
- в) *Аманат* деген сөздің мағынасын қалай түсіндіресіңдер?



2-тапсырма. Берілген толғаудың идеясы мен тақырыбы неде?



3-тапсырма. «Араз болсаң алты ауыз, Еліңе кірген өреке» деген жолдарды негізге ала отырып, сөйкес мақалды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. *Өреке* деген не?



4-тапсырма. Жыраудың арманы не? Өз ойларыңды толғаудан үзіндіні мысал ретінде келтіре отырып, дәлелдеп беріңдер.



5-тапсырма.

«Бірлігіңнен айырылма,
 Бірлікте бар қасиет»

деген жолдарға негіз бола алатын бірлік туралы бес мақал-мәтел жазып, жатқа айтып беріңдер.



6-тапсырма. Толғауларды оқи отырып, Ақтамберді жырауға портреттік мінездеме жазыңдар.



7-тапсырма. Берілген шығармадан аллитерацияны тауып, айтып беріңдер.



8-тапсырма. Келер ұрпаққа қандай өсиет қалдырар едіңдер? Шығармадан өздеріңе ұнаған үзіндіні ала отырып, ойларыңды қорытындылап жазып, айтып беріңдер.



9-тапсырма. Мұғалімнің кеңесімен толғаудың тақырыбы мен идеясына сөйкес келетін өзге жыраулар толғауларымен салыстырып, тарихи және көркемдік ерекшелігіне баға беріңдер.



10-тапсырма. Толғауда айтылған ойлардың өміршеңдігіне баға беріп, өз ойларыңды талдап айтыңдар.



11-тапсырма. Мәтінді тыңдап, берілген үзіндідегі жырау ойының ізімен «Еңбек түбі – береке» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 20 минут.



Шалкиіз жырау

(1465–1560)

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлы 1465 жыл шамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келеді. Жыраудың әкесі сахара байларының бірі болса, шешесі кейін Кіші жүздің ұйытқысы болған, Сыртқы Орда аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен.

Болашақ жырау үш айлығында анасынан айырылады да, нағашы әжесінің қолына беріледі. Сөйтіп, Шалкиіздің Дешті-Қыпшақ жерін жайлаған түркі руларының бірінен екіншісіне көшкен бір ғасырға жуық сапары жөргектен басталады. Мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тамаша тәрбие алған Шалкиіз қай атырапта өсіп, ержетті – бұл жағы белгісіз. Тек айдынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де даңқы шыққан.



Шалкиізді 1490 жылдарда Ноғайлы әміршісі Темір бидің төңірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда, осы кезде жырау бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің нөкері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады.

Өз заманындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған Шалкиіз Ноғайлыда XVI ғасырдың 40-жылдары басталған Жүсіп пен Исмайылдың әйгілі тартысы кезінде Жүсіпті жақтайды. Алайда дұшпандары тарапынан қуғынға, достары тарапынан күндеуге ұшыраған жырау көп ұзамай нағашыларымен біржола араздасып, Қазақ Ордасына қайта өтеді. Шалкиіз бір ғасырға жуық жасап, 1560 жылдарда қайтыс болды деп шамаланады.

Шалкиіз Тіленшіұлының нақыл сөздері

Асқардан биік тау болмас –
 Басына балапан ұшып қона алмас.
 Бүркіттен қыран құс болмас –
 Бауыры жайылмай бөрі алмас.

* * *

Күле кіріп, күңіреніп шыққан достан сақтасын.

* * *

Ақылсыз достан
 Ақылды дұшпан артық-ты.

* * *

Жаманның жалаңдаған тілі жау.



1-тапсырма. Шалкиіз жырау туралы айтып бер. Қай ғасырда өмір сүрген?



2-тапсырма. Шалкиіз толғауларының тақырыбы мен идеясы неде?



3-тапсырма. Тарихи деректерді қарастыра отырып, Шалкиіз Тіленшіұлына мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Мұғалімнің кеңесімен зерттеу мәліметтерін жинақтап, шағын жоба жұмысын жазыңдар. Жазған жоба жұмысы негізінде Шалкиіз жырау туралы өз түйгендеріңді айтып беріңдер.



Перифраз – құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыра суреттеу тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық, көркемдік ерекшелігін ашады.

Би Темірге бірінші толғау

Аспанды бұлт құрсайды –
 Күн жауарға ұқсайды.
 Көлдерде қулар шулайды –
 Көкшіліден ол айуан
 Соққы жегенге ұқсайды.



Көп ішінде бір жалғыз
 Көп мұнайып жылайды –
 Күйбеңдескен көп жаман
 Сөзі тигенге ұқсайды!
 Алп, алп басқан, алп басқан
 Арабы торым өзіңсің!
 Жазылы, алтын, қол кескен
 Алдаспаным өзіңсің!
 Білерді білмес не демес,
 Сұлтан ием, сен менің
 Бармай тапқан Қағбамсың!
 Алтынды кесе сары бал
 Алсам, мен саған ұсынармын,
 Тал мойныма қол артсаң,
 Күліктен бек ұнармын.
 Көбең семіз торыңмын,
 Көп құлыңның бірімін.
 Жақсыңнан мені кем көрдің,
 Жаманыңмен тең көрдің.

Жақсыңнан мені кем көрсең,
 Жаманыңмен тең көрсең,
 Ұялы берікке қос артып,
 Сен есенде, мен сауда
 Ырысымды сен дейін,
 Сегіз қиыр шартараптан іздермін!
 Еділден аққан сызашық
 Біз көргенде тебінгіге
 Жетер-жетпес су еді –
 Телегейдей сайқалтып,
 Жарқыраған беренді
 Теңіз етсе, Тәңірі етті!
 Жағасына қыршын біткен тал еді –
 Жапырағын жайқалтып,
 Терек етсе, Тәңірі етті!
 Тебінгінің астынан
 Ала балта суырысып,
 Тепсінісіп келгенде
 Тең атаның ұлы едің,

Дәрежеңді артық етсе, Тәңірі етті!!
 Тобылғының берегі
 Иіл болып беріш бітсе,
 Айбар болар терегі.
 Атаның ұлы жақсыға
 Малыңды бер де, басың қос,
 Бір күні болар керегі.
 Бостаны* бар-ды теректің,
 Болаты бар-ды беректің,
 Тұсындағы болған нартың* қорлама,
 Тұсындағы болған нартың қорласаң,
 Табылмас-ты керекте.
 Айдын шүйсең, тарлан шүй,
 Көтерілген сона құтылмас.
 Жауға кисең, берен ки,
 Егеулеген болат өте алмас.
 Есендікте малыңды бер де, батыр жи,
 Басыңа қыстау іс түссе,
 Дұспанның қолы жете алмас!
 Бар күшіңді сынамай,
 Балуандармен күреспе –
 Таң боларсың әлемге,
 Сөз боларсың күлемге.
 Ақылсыз достыдан
 Ақылды дұспан артық-ты,
 Дұспаныңнан бір сақын.
 Елі ішінде айқасып,
 Ойнап жүрген достарыңнан мың сақын.
 Жоғары қарап оқ атпа,
 Жуық түсер қасыңа.
 Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
 Күндердің күні болғанда,
 Сол жаман айғақ болар басыңа.
 Жақсы да келер бұ көпке,
 Жаман да келер бұ көпке,
 Түгел іс қойып болмас бір кепке.
 Сен алтынсың – мен пұлмын,
 Сен жібексің – мен жүнмін,
 Сен сұлтансың – мен құлмын,

Сен сұңқарсың – мен қумын,
 Жемсауыңа келгенде,
 Сұлтан ием, сом жүрегім аяман!
 Саған дұспан – маған жау,
 Керекті күні алдыңда,
 Ғазизленген сұлтан, жаным аяман!



1-тапсырма. Толғауды оқи отырып, тақырыбын анықтаңдар.



2-тапсырма. Толғаудың идеясы мен ой түйінін дәптерлеріңе қорытып жазыңдар.



3-тапсырма. Толғаудағы теңеулерді негізге ала отырып, сұлтанға мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. «Ақылсыз дос – адамға сын» тақырыбыңда өз ойларыңды баяндаңдар. Толғаудан дәлел тауып, мағынасын түсіндіріп беріңдер.



5-тапсырма. Берілген үзіндіден метафораны табыңдар. Үзіндіні өлең құрылысына қарай талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.

Сен алтынсың – мен пұлмын,
 Сен жібексің – мен жүнмін,
 Сен сұлтансың – мен құлмын,
 Сен сұңқарсың – мен қумын.



6-тапсырма. Берілген үзіндіні пайдалана отырып, көріктеу-айшықтау құралдарын теріп жазыңдар:

...Жоғары қарап оқ атпа,
 Жуық түсер қасыңа.
 Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
 Күндердің күні болғанда
 Сол жаман айғақ болар басыңа.
 Жақсы да келер бұ көпке,
 Жаман да келер бұ көпке,
 Түгел іс қойып болмас бір кепке.
 Сен алтынсың – мен пұлмын,
 Сен жібексің – мен жүнмін,
 Сен сұлтансың – мен құлмын,
 Сен сұңқарсың – мен қумын,
 Жемсауыңа келгенде,

Сұлтан ием, сом жүрегім аяман,
Саған дұспан – маған жау,
Керекті күні алдыңда,
Ғазизленген сұлтан, жаным аяман!



7-тапсырма. Берілген толғау мәтінін негізге ала отырып, шығармадағы параллелизм, метафора, перифразға назар аударып, мысал келтіріңдер.



8-тапсырма. Толғаудағы теңеулерді негізге ала отырып, би мен жырау бейнесін салыстырыңдар.



9-тапсырма. Толғауды оқып, тақырыбы мен идеясын айтып беріңдер.



10-тапсырма. Толғауда айтылған көріктеу құралдарының қолданылу ерекшелігіне мән бере отырып, толғаудағы материалдық және рухани құндылықтарға назар аударыңдар. Түсінгендеріңді қорытып айтып беріңдер.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Үзіндіден теңеу, метафораларды теріп, дәптерлеріңе жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 10 минут.

2. Үзіндіні тыңдай отырып, анафораларды есте сақтаңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.

2-мәтін. Уақыты – 10 минут.





КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН



Біздің бүгін бастағалы отырған бөліміміз «Көркем әдебиет және эпикалық сарын» деп аталады.



Көркем әдебиет – сөздің асылы. Өнердің ең қадірлісі. Әдебиеттің көркемдік мәні – сөз өнерінің бейнелілік, суреттілік қасиетінен туындайтын, адамның эстетикалық ой-сезімін қалыптастыруға үлкен әсер ететін ең басты сипатының бірі.



Бұл бөлімде Мұрат Мөңкеұлының эпикалық сарындағы толғауларымен, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» шығармасымен және «Жастарға» атты өлеңімен танысамыз.

Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906)

Мұрат Мөңкеұлы – ақын, жырау. Қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиеленген. Ауыл молдасынан білім алған. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сеңгірбайұлына ұстаздық еткен. Мұрат Мөңкеұлы 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25-інде Жаскелең, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, жеңіп шыққан. Ол өзінің өжет мінезі, қағытпаға жүйріктігі, тапқырлығымен әрдайым жеңіске жеткен.



Мұрат Мөңкеұлы елінің тәуелсіздігін аңсап, бодандыққа қарсы жыр толғады. Ресей отарлаушыларына қарсы жыр толғаған қазақ ақындарының «Зар заман» деп аталатын әдебиеттегі тарихи кезең өкілі.

Атақонысы отарлаушының талауына түскеніне налыған ақын өзі туып-өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алған. Оның:

Өуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін алды...
Тамамы су мен нуды орыс ұстап,
Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны,

* * *

Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы...
Кең қоныс қайдан іздеп таптырады? –

деген жыр жолдары ақынның отаншылдық рухына дәлел болады. Ақынның басты шығармасы – «Үш қиян». Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылуын сөз етеді. Құнарлы қоныстарды тартып алған отарлаудың нәтижесінде тұрмысы нашарлап, тығырыққа тірелген ел тағдыры ақынды тебіrentпей қоймайды. «Үш қиян» толғауы мен «Сарыарқа», «Өттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе – жер, құтты қоныс жайы. Ол «Қарасай-Қази», «Шөлгез», «Ғұмар Қазиұлына айтқаны» атты жырларына діни аңыздарды негіз еткен. Білімді игермейінше елінің өркендемейтінін «Оқудан қайтқан азаматқа» өлеңінде аңғартады. Ақын мұрасының бір шоғыры – би болыстарға айтқан арнау өлеңдері. Мұрат Мөңкеұлы майталман жыршы, термеші ретінде де танылған. «Өлім», «Қыз», «Арғымақ сыйлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғаншы фөни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үңіліп, өмір мен өлім, жастық пен көрілік, сұлулық хақында толғанады. «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған. Ақын «Қырымның қырық батыры» жырын, Шалкиіз, Қазтуған шығармаларын жеткізушілердің бірі болған.

Әсіресе Махамбет өлеңдерін жеткізудегі еңбегі ерекше. Махамбет жырлары Қуан жырау, Мұрат, Ығылман ақындар арқылы біздің заманымызға жеткен. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары «Мұрат ақынның Ғұмар Қазиұлына айтқаны», «Ақын», «Мұрат ақынның сөздері», «Бес ғасыр жырлайды», «Алқаласа әлеумет» тағы басқа жинақтарда жарияланған. Б. Қорқытовтың құрастыруымен ақынның жеке жинағы шыққан. Шығармаларын Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, А. Тоқмағанбетов, Қ. Жұмалиев, Б. Омаров, Қ. Мәдібай тағы басқа ғалымдар зерттеген. Кейбір шығармалары орыс тіліне аударылған.



1-тапсырма. Мұрат Мөңкеұлы қай жерде дүниеге келген? Кімнің ұстазы?



2-тапсырма. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының тақырыбы мен идеясы неде?



3-тапсырма. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларында не туралы айтылады? Қай заманның ерекшелігі суреттеледі?



4-тапсырма. Шалкиіз, Қазтуған толғауларын жеткізуде Мұрат Мөңкеұлының еңбегі туралы не білесіңдер? Қосымша деректерден іздене отырып, ойларыңды қорытып, дәптерлеріңе жазыңдар.



5-тапсырма. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларын кімдер зерттеді? Білгендеріңді төмендегі кесте бойынша дәптерлеріңе толтырыңдар.

Зерттеушілер	Мұрат Мөңкеұлы туралы еңбектері мен пікірлері

Үш қиян

Бұл толғау жаңа низам жүріп, ел «штатқа» көніп, елді оязнай, болыс, ауылнайлар билей бастаған заманда, шамамен 1873 жылы айтылған.

2

Қайырсыз неге десеңіз,
 Асанқайғы, Қазтуған,
 Орақ, Мамай, Телағыс –
 Қалған екен солардан.
 Біз де бір сондай болармыз,
 Артық па едік олардан?!

9

Қойды мыңнан өсірген,
 Жылқыны санға жеткізген,
 Арпа, қауын төктірген,
 Жеріне жеміс ектірген,
 ...Қабыршақты, Қарасу,
 Қанатымды залым қияр деп,
 Қарға бойлы Қазтуған
 Қайғыланып көшкен жер.

15

Балығы тайдай тулаған,
 Бақасы қойдай шулаған,

Жайық пенен Еділден,
Сағыз бенен Жеміңнен
Тастан көпір салдырып,
Тайсойған мен Қарабау
Мекен еткен жерлерің,
Шалқып жатқан көлдерің –
Дендерден бергі баурайдан
Қазтуған шұбап өткен жер!

16

Ақтөбе менен Қорғанша –
Асанқайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Өңгіме құрып кеткен жер!

19

Өлеңтінің аяғы,
Шідертінің қоспасы,
Аңқатының басы – Тасоба,
Он сегіз жыл атысып,
Орманбет бидің өлген жер,
Он сан ноғай бүлген жер,
Орта бойын сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған жер,
Мұсылманның басынан
Дәреже тайып, ауған жер!

25

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны-дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны,

Қоныстың бар ма қалғаны?!
 Мал менен басты есептеп,
 Баланың санын алғаны –
 Аңғарсаңыз, жігіттер,
 Замананы тағы да
 Бір қырсықтың шалғаны!

26

Бөйіт еттім бұл сөзді,
 Қайғы шегіп заманнан.
 Заман азып не қылсын,
 Ай орнынан туады,
 Күн орнынан шығады,
 Бұның бәрі адамнан.
 Адамның азған белгісі –
 Екі кісі дауласса,
 Тату бол деп айтпайды.
 Екі айырып арасын,
 Арасынан пара алған!
 Мұсылманның баласы
 Қашуды қойды арамнан.
 Шапағат, қайыр қалмады
 Жақын-жуық жараннан.
 Атқа мінген жігітте
 Қалмады нәрсе қарардан –
 Қайыр кетіп қазаннан,
 Қуат кетіп азаннан.

27

Киім кесе, жеңі жоқ,
 Етегі бар да, белі жоқ,
 Бармақ сияр жері жоқ –
 Қатпа* болған түйедей,
 Киенкі болған биедей
 Ел биледі бір сымпыс
 Екі бұты таралған.

28

Дұшпан – тазы, біз – түлкі,
 Қашсақ, ерікке қоймайды,

Інге кірсек, суырып,
Бір пәлеге жолықтық.
...Қазынасы кең Құдайым,
Сақтағайсың саламат!

29

Саламат қайтіп сақтасын:
Берсең, түгел келмейді
Базарға қосқан аманат.
Болмаса едік масқара,
Байдан кетіп сақауат,
Пақырдан кетіп қанағат.
Діні басқа біреулер
Ел биледі аралап.
Бір пәледен мың пәле
Өсіп кетті балалап.

31

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін!



1-тапсырма. Берілген өлеңде қазақ халқы өміріндегі қай тарихи кезең сипатталады?



2-тапсырма.

Қойды мыңнан өсірген,
Жылқыны санға жеткізген,
Арпа, қауын төктірген,
Жеріне жеміс ектірген,
...Қабыршақты, Қарасу,

Қанатымды залым қияр деп,
Қарға бойлы Қазтуған
Қайғыланып көшкен жер, –

деген жолдардан тарихтағы сол кезеңдегі оқиғалар хронологиясын құрастырыңдар. Бұл қазақ елінің дамуына қандай әсерін тигізді деп ойлайсыңдар?



3-тапсырма. Шығармада аталған Асанқайғы, Қазтуған жырауларға мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Берілген үзіндіні пайдалана отырып, аталған жер атауларын картадан көрсетіп беріңдер.

Ақтөбе менен Қорғанша –
Асанқайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгіме құрып кеткен жер!

Осы жерлердің тарихы туралы мұғалім кеңесін пайдалана отырып, білгендеріңді айтып беріңдер.



5-тапсырма. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне байланысты жыр түйдектеріне жазбаша талдау жасаңдар.



6-тапсырма. Өлең авторы мен есімдері аталған тарихи тұлғаларды атап, олардың елге қосқан үлесін салыстырыңдар. Білгендеріңді бір-біріңе түсіндіріп, айтып беріңдер.



7-тапсырма. Өлеңдегі көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



8-тапсырма. Берілген үзіндіден түсінген тарихи оқиғаны қорытып, эссе түрінде жазыңдар.

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны-дағы алғаны.



9-тапсырма. Берілген өлең идеясын Қазтуған жырларымен салыстырып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Қазтуған жырларының тақырыбы, идеясы	Мұрат шығармаларының тақырыбы, идеясы



10-тапсырма. Шығармадағы ойлардың бүгінгі құндылығына зер салыңдар. Өз ойларыңды баяндап беріңдер.



1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

Естіген үзінді желісімен өз ойларыңды шығарма түрінде жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 20 минут.



1. Теңеулерді дәптерлеріңе теріп жазыңдар.
2. Жер-су атауларын есте сақтай отырып жазып, картадан көрсетіп беріңдер.

2-мәтін. Уақыты – 10 минут.



Сарыарқа

1

Біз көштік Сарыарқадан бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып,
Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық,
Сүйектес жақын жұртқа араласып.
Сыртымнан бір қыстамай сын тағыпсыз,
Қонаққа сүйте ме екен келген сасып.
Қонаққа сүйте ме сасып келген,
Алыстан жақын жұрт деп асып келген.

Тәңір айдап, Маңғыстауға еріксіз құды,
 Ісім жоқ кісі өлтіріп, қашып келген.
 Сөз айтқан өздеріңе сын емес пе,
 Ел едік – беріш, адай бірге жүрген.

2

Бұ қоныс – жеті жұрттан қалған қоныс,
 Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
 Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай,
 Біз түгілі осыларды да алған қоныс.
 Бұ қоныс – жеті жұрттың кеткен қоныс,
 Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
 Кемелсіз қонған елін көп тоздырған,
 Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?
 Өуелде құтты болса неге кетті,
 Еңіреп Қазтуғанның көшкен қоныс.

3

Өуелі жеңіп орыс Еділді алды,
 Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
 Артынан Еділден соң Нарынды алды,
 Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды.
 Ар жақтан Қайыпалды, Науша қашып,
 Тарлықтың содан бері қаптағаны.
 Тамамы, су мен нуды орыс ұстап,
 Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны.
 Қуанып Исатайды өлтірген соң,
 Заманның содан бері тарылғаны.

4

Ойды алған үш Оймауыт, тоғыз Тортай,
 Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
 Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер,
 Жер үшін қайыры жоқ тарылмалы.
 Шекшекей, Құтым қашып, Өбенді ұстап,
 Ерлерге ерегіскен не қылмады?!
 Бір қазақ еркек болса Махамбеттей,
 Мұны да аңсыз күні жазымдады.

Замана, қауіп етем, қырланғаннан,
 Қазақты айналдырды Сырды алғаннан.
 Ақыртып асау таудай Орал суы,
 Кешегі Бекқожа мен Тұрланды алған.
 Ерлігі ер жігіттің Өтеңдей-ақ,
 Мұны да қате қылды бұлғаңдаған.
 Бұрынғы кеткен жұрттың әдетінше
 Адыра, құтсыз қоныс кімді алмаған?!



1-тапсырма. Өлеңде айтылған ойға сипаттама беріңдер.



2-тапсырма. Берілген өлең жолдарын пайдалана отырып, шығарманың идеясын дәптерлеріңе қорытып жазыңдар.



3-тапсырма. Шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегіне назар аудара отырып, авторға мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. «Жерсіз – ел жетім...» тақырыбында өз ойларыңды баяндаңдар. Өлеңнен дәлел тауып, мағынасын түсіндіріп беріңдер.



5-тапсырма. Өлең құрылысына қарай талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.



6-тапсырма. Төмендегі үзіндіні пайдалана отырып, ел болашағын қорғаудағы Махамбет Өтемісұлының еңбегі туралы білгендеріңді айтып беріңдер. Мұғалімнің кеңесін басшылыққа алыңдар.

Ойды алған үш Оймауыт, тоғыз Тортай,
 Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
 Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер,
 Жер үшін қайыры жоқ тарылмалы.
 Шекшекей, Құтым қашып, Әбенді ұстап,
 Ерлерге ерегіскен не қылмады?!
 Бір қазақ еркек болса Махамбеттей,
 Мұны да аңсыз күні жазымдады.



7-тапсырма. Өлеңдегі көріктеу құралдарын таба отырып, олардың қолданылу ерекшелігіне мән беріңдер:

Бұ қоныс – жеті жұрттан қалған қоныс,
 Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.

Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай,
 Біз түгілі осыларды да алған қоныс.
 Бұ қоныс – жеті жұрттың кеткен қоныс,
 Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
 Кемелсіз қонған елін көп тоздырған,
 Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?
 Әуелде құтты болса неге кетті,
 Еңіреп Қазтуғанның көшкен қоныс.



8-тапсырма. Берілген шығарманы оқи отырып, түсінгендеріңді эссе түрінде жазыңдар.



9-тапсырма. Ақтамберді және Мұрат жырларының тақырыбына мән бере отырып, салыстыра талдаңдар.

Ақтамберді жырларының тақырыбы, идеясы	Мұрат шығармаларының тақырыбы, идеясы



10-тапсырма. Өлеңде айтылған ойлардың өміршеңдігіне баға беріп, өз ойларыңды толғау түрінде айтып беруге тырысыңдар.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар. Үзіндіде баяндалған оқиғаны негізге ала отырып, есімі аталған жырау туралы өз білгендеріңді эссе түрінде жазыңдар.


Уақыты – 15 минут.



Шөкәрім Құдайбердіұлы қалдырған мұра идеялық-көркемдік мазмұнының байлығымен ерекшеленеді, ол ХІХ–ХХ ғасыр басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихынан үлкен орын алады. Бүгінде халық қазынасына айналып отырған бұл мұра қоғамымызды рухани байытуға, оның гуманистік және адамгершілік идеяларын, мақсат-мұраттарын іске асыруға қызмет ететіні хақ.

Ш. Сәтбаева

Шөкәрім (Шаһкәрім) Құдайбердіұлы (1858–1931)



Шөкәрім (Шаһкәрім) Құдайбердіұлы (1858–1931) – ақын, аудармашы, тарихшы, сазгер, философ, өз заманының озық ойлы ғұламасы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген. Абай негізін салған жаңа сипаттағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі.

Әкесі Құдайберді – Абайдың ағасы. Шөкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі. Онда екі жылдай оқыған. 1866 жылы әкесі Құдайберді 37 жасында дүние салады. Ендігі жерде Шөкәрім Құнанбайдың тәрбиесінде, тікелей Абайдың қамқорлығында болады. Шөкәрім –

жарты ғасырдан астам шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрында жемісті еңбек еткен.

1905 жылы Шөкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапар шегеді. Меккеге барған сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптармен танысады.

Араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгереді. Өз бетінше ізденуі нәтижесінде заманындағы ең білімдар адамдар санатына қосылады. Бірнеше тіл білуі оның тамаша аудармалар жасауына алғышарт еді. Хафиздің лирикалық шығармаларын, Физулидің «Ләйлі–Мәжнүн» дастанын аударды. Орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеп оқыды. А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Боранын» өлеңмен аударды.

Л.Н. Толстойдың бір топ әңгімелерімен қазақ оқырманын таныстырды. Л.Н. Толстойға арнайы хат та жазған. Хаттардың түпнұсқасының жоғалып кетуі – орны толмас өкініш.

Шөкәрімнің көзі тірісінде 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық кітабы» еңбектері жарық көрді. Семей



қаласындағы «Жәрдем» баспаханасында 1912 жылы «Қазақ айнасы», «Қалқаман–Мамыр», «Еңлік–Кебек» поэмалары жеке-жеке жинақ ретінде басылды. 1924 жылы Семейде «Дубровский әңгімесі» баспа бетін көрді.

Оның көптеген өлеңдері, мақалалары, очерктері «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Таң» журналдарында, «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде басылды. Шәкәрімнің «Нартайлақ–Айсұлу» поэмасы, «Әділ–Мария» романы, «Үш анық» философиялық туындысы өзі дүниеден өткеннен кейін оқырман игілігіне айналды. Ш. Құдайбердіұлы қоршаған ортадағы өзгерістерге үнемі қызу араласқан.

1878–1880, 1887–1888, 1902–1905 жылдары Шыңғыс елінде үш рет болыстыққа сайланған.

1902–1913 жылдары Ресей географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесіне мүше болып, өз үлесін қосқан. 1917–1918 жылдары Алаш қозғалысына қатынасып, уездік земство жұмысына, Алаш соғының қызметіне араласады.

Көп ұзамай қоғамдық-саяси қызметтен алшақтап, дау-дамай мен айт-тартыстан іргесін аулақ салады. 1925 жылы Шыңғыстың Шақпақ аталатын өз қыстауынан он бес шақырымдай жерде қора-жай салып алып, таза шығармашылық жұмыспен шұғылданады.

Өмірінің соңына дейін елден оқшауланып, жазу-сызумен айналысады. Алайда кеңестік саясат тыныштық бермей, Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырды деген айып тағылады. 1931 жылдың 2 қазаны күні НКВД-

ның жендеттері ұлы ақынды атып өлтіреді. Ақынның мүрдесі ұзақ жылдар бойы құдықта жатты.

Шәкәрімнің есімі екі рет ақталған. Біріншісі – 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде бір бет өлеңі суретімен жарияланған болатын. Алайда оны баспаға ұсынғандар мен жариялаған адамдар жазаға тартылған. Солай дегенмен, бұл оқиға ақынның алғаш рет азаматтық ақталуы саналып, тарихта қалды. Екінші ақталуы – 1988 жылы Шәкәрім шығармалары кейбір түзетулер енгізіле отырып, кітап болып жарық көрді. Сол жылдан бастап Шәкәрім аты елге танылып, оның шығармалары көпшіліктің қолына тиді.

Бүгінгі күні Шәкәрім мұрасын зерттеу ісі жүйелі жүргізілуде. Ұлы ақын атындағы Шәкәрім университеті (Семей қаласы) оның тамаша ескерткішін тұрғызды, онда «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы қызмет жасайды. «Шәкәрім» энциклопедиясы, «Шәкәрім» журналы, «Шәкәрімтану мәселелері» сериялық жинақтары жарыққа шықты. Қазір жер-жерде «Шәкәрім оқулары», «Шәкәрім апталығы» сынды түрлі байқаулар ұйымдастырылып тұрады.

Шәкәрім шығармашылығына байланысты көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалған. Ақын өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу объектісіне айналдырған «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу ұғымының негізі қаланды.



1-тапсырма:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы айтып бер.
2. Ол қай кезеңде өмір сүрген?
3. Шәкәрімнің әкесі туралы не білесіңдер?
4. Абай Шәкәрімге ақындық жолында, адамдық жолында қандай жөн сілтеді? Шәкәрім өмір сүрген кезең қандай саяси жағдайларға сәйкес келді?



2-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірбаянын негізге ала отырып, оқиғалар хронологиясын құрастырыңдар. Бұл оқиғалар қазақ елінің дамуына қандай әсерін тигізді деп ойлайсыңдар?



3-тапсырма. Тарихтағы Құнанбай, Абай, Құдайберді, Шәкәрім бейнелеріне мінездеме беріңдер. Олар елдің дамуына, қазақ елінің өркендеуіне қандай үлес қосты?



4-тапсырма. Берілген үзіндіні пайдалана отырып, Шәкәрім аудармаларымен танысыңдар. Мұғалімнің кеңесімен талдап, айтып беріңдер.

«Араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгереді. Өз бетінше ізденуі нәтижесінде заманындағы ең білімдар адамдар санатына қосылады. Бірнеше

тіл білуі оның тамаша аудармалар жасауына алғышарт еді. Хафиздің лирикалық шығармаларын, Физулидің «Ләйлі–Мәжнүн» дастанын аударды. Орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеп оқыды. А.С. Пушкиннің «Дубровский» романы мен «Боранын» өлеңмен аударды».



5-тапсырма. «Шәкәрім және әдебиет», «Шәкәрім және Алаш» тақырыптары бойынша өздерің ізденіп, ғылыми талдау жасап, шағын баяндама әзірлеңдер.



6-тапсырма. Шәкәрімнің болыстыққа сайлануы туралы деректер іздеп, білгендеріңді айтып беріңдер.



7-тапсырма. «Шәкәрім және ХХ ғасыр басындағы қазақ басылымдары» тақырыбында әңгіме өрбітіңдер. Білгендерің туралы бір-біріңе айтып беріңдер.



8-тапсырма. Шәкәрімнің «Бостандық таңы атты» өлеңінен берілген үзіндіден түсінген тарихи оқиғаны қорытып, эссе түрінде жазыңдар.

Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер,
Арға ие басшының соңынан еріңдер.
Таң артынан хақиқат күн шығады,
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіңдер.

Арамдық, аразды түбімен жойыңдар,
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,
Қажымай адалдық жағында болыңдар.

Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып,
Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар.

Ар түзер адамның адамдық санасын,
Ақ жеңіп шығады арамның қарасын.
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.

... Мен өлсем, ұрпағым, артымда қаларсың,
Тілеген мақсұтты өмірден аларсың.
Есіңе алып келгенде қабіріме,
Шаттықпен шалқытып әніме саларсың!



9-тапсырма. Абай мен Шәкәрім шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Абай	Шәкәрім



10-тапсырма.

1. Шәкәрім еңбегінің бүгінгі құндылығына зер салыңдар.
2. Алаш еліне сіңірген еңбегі туралы ой қорытыңдар.
3. Не себепті Шәкәрім есімін атауға тыйым салынды деп ойлайсыңдар?
4. Шәкәрім қалай, қашан ақталды? Өз ойларыңды ғылыми деректермен дәлелдеп, баяндап беріңдер.



Дастан (парс. сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) – халық ауыз әдебиетіндегі эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастанда кейде өлең мен қарасөз араласып келе береді. Түркі тіліндегі классикалық поэзияда кездесетін романтикалық поэмалар «Ләйлі–Мәжнүн», «Хұсырау–Шырын», «Ескендірнама» немесе Фирдауси «Шахнамасының» өлеңмен айтылатын жеке поэмаға айналған кесек тараулары дастанға жатады. Кейінгі жылдары түркі тілдес халықтардың көптеген дастандары жазып алынды. Қазақ ақындарының Шығыс сюжетінің негізінде жазған «Рүстем–Дастан», «Ләйлі–Мәжнүн», «Сейфілмәлік–Бөдіғұлжамал», «Жүсіп–Зылиха», «Бозжігіт», «Атымтай Жомарт» және т.б. махаббат, батырлық, қиял-ғажайып тақырыптарды қозғайтын дастандары кейінгі қазақ поэмаларының туып, қалыптасуына көп септігін тигізді. Өлең өрнегі жағынан алғанда, қазақ дастандары бірыңғай он бір буынды болады, кейде жеті-сегіз буынды өлең түрі де кездеседі. Дастандарды жыршы, қиссашылар жеңіл, қысқа қайырылатын термелі әуенмен (көбінесе домбыраның сүйемелдеуімен) айтады.

Ө. Күмісбаев



Поэма (грек. poіema – туынды, шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді. Ал сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді. Поэманың алғашқы нұсқалары деп ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырларды айтуға болады. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де ауыз әдебиеті дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Сондай-ақ қазақтың халықтық эпосының үлгілері – батырлық жырлары, ғашықтық жырлар («Қобыланды», «Ер Сайын», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу») өзіндік ерекшелігі бар әдеби құбылыс екені айқын. Лиро-эпикалық жанрдың бұл түрі әдебиеттің даму процесінде талай сатыдан өтіп, өзгеріп, өрістеп келе жатыр.

Қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап кең тараған, көбінесе шығыс әдебиетінің сюжеттеріне негізделген дастандар да поэма жанрының бір түріне жатады. Қазақ әдебиетінде поэма әбден қалыптасып, жан-жақты дамыған жанр.

Абайдың Шығыс тақырыбынан алып жырлаған белгілі поэмалары, Шәкәрімнің «Ләйлі–Мәжнүн», «Қалқаман–Мамыр», Сәкеннің «Көкшетау», Ілиястың «Күйші», Мағжанның «Батыр Баян» атты поэмалары – қазақ поэзиясының көшбасында тұрған сүбелі туындылар.

Ө. Күмісбаев



Еңлік–Кебек

Бұл әңгіме – 1780 жылы шамасында осы Шыңғыстауда Матай мен Тобықты арасында болған іс. Шарифатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе «жас баланы сатып, пайдаланып, кем-кетікке беріп обалына қал» демейді. Мен соны ойлап, Еңлік–Кебекті соншалық жазалы демеймін.

* * *

Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да, жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты-жаяу бөріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға жөне әдепті,
Кішіні – іні, үлкенді ағатайлап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бақытын сынамаққа,
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
Оңашада жалынды абызға кеп,
«Бал ашып бер, – деді де, – біздің баққа:

«Ей, абыз! Аш балыңды, қобызыңды тарт,
Алар ақың бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».

«Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,
Ол үшін саған ақыл сала алмаймын.
Жаман айтсам жабығып қала көрме,
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын».

Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,
Шақырды жындарының атын зарлап.
Қара қалмақ Қорқыттың күйін тартып,
Қобызына өн қосып кетті сарнап.

Темір масақ жыбырлап түр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.
Ындын қойып тыңдасаң сарнағанын,
Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап.

Нысан абыз қысылып батқан терге,
Қарады да сөйледі Кебек ерге:
«Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым, ондай жанға көңіл берме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,
Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.
Қара жартас түбінде кез келеді,
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.

Әдейі іздеп бармассың, кез боларсың,
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың.
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,
Сақтанбасаң, артқыға сөз боларсың».

Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де: «Жынның сөзін тыңдаймын ба?»

Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті,
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті.

Қойтастан бір түлкі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір түлкі және қашты жатқан бұғып.

Қамшылап күрең атты жамбасына,
Түлкіден бұрын шықты Хан басына.
Жел шығып, боран болып кеткен екен,
Аң қуған аңғал батыр аңдасын ба.

Құс түлкіні көрген соң кетіпті ұшып,
 Бір жерге жарқ-жүрқ етіп қалды түсіп.
 Бораннан байқай алмай өтіп кетті,
 Түлкіні жатса-дағы бүркіт қысып.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,
 Құсымнан айырылдым деп қылды қауып.
 Құс әбден түлкіні жеп тойған кезде,
 Алыпты күн батқан соң өзер тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,
 Аяң-бұяң еткенше түн боп қалды.
 Ел жатпай бір ауылға қонайын деп,
 Шыңғыстың бөктерімен қайта салды.

Бораннан байқай алмай барар бетті,
 Түн ішінде адасып Кебек кетті.
 Осы Хақан өзеннің аяғында
 Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,
 Боз қырау бүрқыраған аттың тері.
 Осы күнгі Боқтыбай қыстап жүрген
 Қара жартас – Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,
 Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
 Ол кезде шай болмайды, сусыны – құрт,
 Ұсынды қарсақ жон қып езіп әкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала,
 Бар екен бір бойжеткен қызы және.
 Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,
 Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп, әбден көңілі жайланған соң,
 Бекітіп шарбаққа аты сайланған соң,
 Үй иесі қонақтан жөн сұрады,
 Асын жеп әңгімеге айланған соң.

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз?»
«Атым – Кебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,
Өлгі қыз Кебектен көз айырмады.
«Қарағым, қонағыңа төсек сал», – деп,
Үй иесі жатуға дайындалды.

Түн ортасы ауғанда шал да жатты,
Қорылдап қатты ұйқыға әбден батты.
Үйдегілер теп-тегіс ұйықтаған соң,
Кебекті келді-дағы қыз оятты:

– Ей, батыр, сен жатырсың ұйқың қанбай,
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.
Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Өдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.

Өз өлімше сынадым мен де сені,
Сен қалай деп ойладың, айтшы, мені?
Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,
Кез болмаса өзінің сүйер теңі?

Атым – Еңлік, мына шал – менің әкем,
Малы көп, бірақ еркек баладан кем.
Жасында бұл да өзіңдей батыр еді,
Қор болып, осы күнде әркімге жем.

Нағашым – байжігітте ер Қабанбай,
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай.
Ес білмейтін ескіге кез болыпшын,
Жайды білер жақсыға қосақталмай.

Мені де кедей емес, байға берген,
Күйеуім өткен жазда ұрын келген.
Қасына жатпақ түгіл жуымадым,
Білген соң шіріктігін келген жерден.

Көп жігіт жүр сыртымнан қылып кеңес,
 Мен ұнасам, алмаймын сені демес.
 Солардың біреуімен кетер едім,
 Байқаймын, бәрі менің теңім емес.

Керсеқызар, лап бергіш әр елде көп,
 Атын атап не керек пәленше деп.
 Аз күндік өзіл іздеп жүргенім жоқ,
 Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.

Бүгін мұнда кез болдың Құдай айдап,
 Атыңды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
 Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
 Түні бойы сынадым сізді абайлап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,
 Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
 Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
 Беремісің уәде, Кебек батыр?

Кебек мұны есітіп көп ойлады,
 Асықпай біраз ғана еп ойлады.
 «Түні бойы қыз мені сынапты ғой,
 Мен де мұны сынайын» деп ойлады:

– Ай, Еңлік! Сөзің рас, нандым саған,
 Бәрін ұқтым, жерім жоқ байқамаған.
 Артқы өмірді әзір біз қоя тұрып,
 Ойнап-күлсек қайтеді біраз заман?

Қаза келсе малдыдан мал таймай ма,
 Ажал жетсе батырдан жан таймай ма.
 Азар болса, күйеуің жастау шығар,
 Жаарлы байып, жас өсіп қартаймай ма?

Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме,
 Бойындағы балалық бір кетпей ме,
 Асыққандық емес пе мына сөзің,
 Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме?

Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,
Құдай қоспай, басымыз құрала ма.
Аз күн қызық көрелік онан-дағы,
Бұл дәурен бірқалыпты тұра ала ма?

Еңлік айтты: – Таңғалдым бұл сөзіңе,
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,
Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса, бітпес жұмыс,
Сөйтсе де бізге міндет – талап пен іс.
Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,
Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс?

Бір Құдай жер жүзіне шашқан несіп,
Барша жан жүрген жоқ па теріп жесіп.
Аз күндік арам жүріс аужал емес,
Бермесең уағданды мүлде кесіп.

Өйтіп уағда бермесең, өуре етпе,
Тең көрмесең, телміртіп, тентіретпе!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!

Қалай айла қылса да бір қоймады,
Жал айтқан жауабына қыз тоймады.
Еңліктің бұл жауабын есіткен соң,
Кебек батыр тағы бір ой ойлады:

– Ей, Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,
Ала ғой деп береді кім жесірін?
Адам түгіл мал үшін ел шабады,
Қыз болсаң да білесің елдің түрін.

Мен сені алып жөнелсем осы түнде,
 Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде?
 Тобықтыдан жылқыны тиіп алып,
 Басталмай ма бітпестей бүлік мүлде?

Барымта алмай бітімге көнсе елің,
 Қанша мал алса аярым жоқ қой менің.
 Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз деп
 Жатып алса, табамыз қайтіп жөнін?

Матай алса, Тобықты тек жата ма,
 Азбын деп жанын аяп ар сата ма?
 Ауыл шауып, мал алып, қан төгілер,
 Ойла! Қалып жүрмелік теріс батаға!

– Ей, батыр, бұл сен айтар сөзің емес,
 Уайым қып сескенер кезің емес.
 Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
 Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.

Сен мені бүгін алып кет демеймін,
 Осы екі елдің түбіне жет демеймін.
 Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,
 Өуре боп саған уағда ет демеймін.

Шын сүймесең сүйдім деп айтпа маған,
 Шала сүйген болады құр алдаған.
 Ындыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды,
 Саған сөзім қалмады енді айтпаған.

Кебек те отыр еді азар шыдап,
 Сөзін айтып болғанша қызды сынап.
 «Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,
 Қол алысып біржола кетті құлап.

* * *

Таң жарығы түскен соң шаңыраққа,
 Кебек тұрды арқандап ат қоймаққа.
 Еңлік үйден арқанды ала шығып,
 Құшақтасып жөнелді жартас жаққа.

Келе жатып қыз айтты: – Батыр, саған,
 Бір сөзім қалған екен айтылмаған.
 Тобықты мен біздің ел бітім қылса,
 Сонда алып қаш, кезінде жауықпаған.

Мына жартас табыспақ болсын бізге,
 Мені ұмытып, жатып ап күдер үзбе.
 Осы араға үш күнде бір келіп жүр,
 Ең болмаса жұманы құр өткізбе!

Соны айтты да, от жақты үйге барып,
 Су жылытты қазанға қарды салып.
 Оятып ап қойшыға құрт езгізіп,
 Сарымай салып қойды аяқ алып.

Ат арқандап болды да Кебек өзі,
 Қыз артынан қадалып екі көзі,
 Еңлікке бір, тасқа бір қарады да,
 Сонда түсті ойына балгер сөзі.

Қойшыға да ұстатты сүйек-саяқ,
 Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ.
 Бата қылып, қол жуып болысымен
 Еңлік атты ерттеді айтқызбай-ақ.

Кебек сонда шалға айтты: – Ей, ақсақал,
 Өзің таңдап тұлкінің біреуін ал.
 Бағыңызға кез келген бір олжа ғой,
 Жығыт тымақ істетіп сандыққа сал!

Еңлік шығып қонағын аттандырды,
 Қоштасып Кебек батыр елге жүрді.
 «Қайда жүрсең аман жүр, батырым», – деп,
 Бел асқанша артынан қарап тұрды.

* * *

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,
 Еңлікке келіп жүрді дамыл таппай.
 Кейде түзден жолығып, кейде қонып,
 Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай.

Екі ел бітті, сөйлесіп жазға салым,
 Қайтарысып барымта, алған малын.
 Тамақ үшін қыдырған Матай айтып,
 Бұл бітім Еңлікке де болды мәлім.

Кебек келді бір күні қызға тағы,
 Ойында бар, ел бітсе, іс қылмағы.
 Еңлік те дайын болды сол арада,
 Қара жартас – белгілі табыспағы.

Қыз айтты: – Түнеугі айтқан уағда қайда?
 Кел, кетелік, кідірмей осындайда.
 Азық-түлік, киерлік киімдерім
 Дайындап әкеп қойдым – мына сайда.

* * *

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,
 Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
 Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
 «Қызың қашып кетті», – деп шалды оятты.

Шал жылап, әлі келді екі көзге,
 Қолынан не келеді онан өзге.
 Қойшы барып еліне хабар айтып,
 Матай келді жиылып осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,
 Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын.
 Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,
 Қайдан білсін күдікті кім қонғанын?

Түлкіні бір Матайдың көзі шалды,
 «Мынаны кім берген?» деп қолына алды.
 Шал айтты: – Мұны берген бір Тобықты,
 Атын ұмыттым, бір қонып кетіп қалды.

Қойшы айтты: – Оның аты Кебек еді,
 Сонан соң да осында келмеп пе еді?
 Ұмытпасам, соны Еңлік аттандырып,
 «Қош, аман бол, келіп жүр, Кебек», – деді.

Қуа-қуа осы сөз анықталды,
 Матайлар Тобықтыға кісі салды.
 «Қыз дегенің немене, білмейміз», – деп,
 Тобықты оны елемей жатып алды.

Кебектің қайда екенін ел білмейді,
 Не жылқыда, не аңда жүр ғой дейді.
 Жалғыз-жарым сыр ашпас құрбы арқылы
 Елден Кебек азықты алып жейді.

Сөйтіп жүріп бірталай заман өтті,
 Еңлік қашып кеткенге айға жетті.
 «Қыз алды да, жөн жауап бермеді» деп,
 Матайлар бір қос жылқы алып кетті.

Тек жатсын ба бұл елдің көп саңлағы,
 Жуантаяқ бір ауыл шапты тағы.
 Матай қызды, Тобықты Кебекті іздеп,
 Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы.

* * *

Бір күні Қабекеңе Көбей келді,
 Үйге кіріп келді де сәлем берді.
 «Қыз да жоқ, Кебек те жоқ, ел шабысты,
 Мен сізден ақыл сұрай келдім», – дейді.

Қабекең сөз айтпайды жұмбақтамай:
 – Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай?
 Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,
 Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?

Көбей мұны ұқты да қайтып кетті,
 Тобықты кеңес қылған топқа жетті:
 «Қабекең екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,
 Ол сөзінің мағынасы мынау депті:

Еңлікті алып қашқан Кебек батыр,
 Оны айтпай-ақ біздің би біліп жатыр.
 «Тауық» деп қызды айтады, «Сұңқар» – Кебек,
 «Тоқтамысқа қаратып қой дейді ақыр».

Осылай деп жұмбағын Көбей шешті,
 Матаймен байлау қылып, сөз сөйлесті.
 «Кешіктірмей табалық Кебек алса,
 Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін» десті.

Сонымен тағы да өтті бір жарым ай,
 Тоқтамыс Арғын жақтан жүр келе алмай.
 Намыс қылып жиылды тамам Найман,
 «Көнбейміз, – деп, – мазаққа мұнан былай».

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неген,
 Мақал бар «ел құлағы – елу» деген.
 Қыздың қайны – Сыбандар және білді,
 Екі елде де адам жоқ есітпеген.

Найманның тым көп болды жиылысы,
 Жиылған соң белгілі қылар ісі.
 «Алдынан бір арылып алайық» деп,
 Тобықтыға жіберді елші кісі:

«Тентегінің жазасын мойынға алсын,
 Егер оған көнбесе, дайындалсын.
 Қырылыспай бітпейміз таусылғанша,
 Не Найман, не Тобықты бірі қалсын.

Жауапты да тез берсін кешіктірмей,
 Ертең бесін намаздың уақыты кірмей.
 Өзге бітім болар деп ойламасын,
 Бітімім жоқ не өліп, не өлтірмей».

Ұйлықты Тобықтылар осы сөзге,
 Бітімі жоқ болған соң мұнан өзге.
 Найман тым көп, Тобықты аз, Арғын алыс,
 Қорықпауға да болмайды көрер көзге.

Бірі ол деп, бірі бұл деп көп кеңесті,
 Біле алмай не берерін, не берместі.
 Қысылғанда баратын Қабекеңе,
 Ақыл сұрай бір-екеу барсын десті.

Кенбай мен Көбей барды биге тағы,
Сөзін айтып, сөлемін берді-дағы.
Қабекеңнің қабағы қарыс түсіп,
Мінеки сондағы айтқан бір жұмбағы:

«Әнет бабаң емес пе менің атам,
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?
Көшсем қоныс, отырсам көмегім жоқ,
Көрсетемін, қайтейін тыныш жатам».

Бұл сөзі – бабаң айтқан сөздің көзі,
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызды өзі.
Жеңілсең, енді барар орының жоқ,
Көрсетпеуге шама жоқ деген сөзі.

Соны естіп Көбей топқа қайтып келді,
Жұмбағының шешуін айтып келді.
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,
Кебектің жатқан жерін айтып берді.

* * *

Ұйықтамайды сақтанып Кебек түнде,
Үш айдай бір дарада жатқан мүлде.
Толғатып Еңлік сұлу бір ұл тапқан,
Айы толып, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,
Кезек ұйықтап, сақтанып жүрді сергек.
Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатыр еді,
Қозыкүрең кісінеп қағады елек.

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.
Күрең атқа мінгесіп жөнелгенде,
Баласы бесігімен қала берді.

Баланы бір Матай кеп қолына алды,
Кебек қашты, жабылып жау да салды.
Қозыкүрең жартастан қарғығанда,
Ауып кетіп Еңлік қыз түсіп қалды.

Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті,
 Кім тоқтатар өзелде болмақ істі.
 «Өлсем бірге өлмекші сертім бар», – деп,
 Мінгестіріп алуға аттан түсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,
 Өрі-бері қанжарлап соғыс салды.
 Бірталайын жаралы қылса-дағы,
 Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.

Байлап алып әкелді Ащысуға,
 Тамам Найман жиылған қалың дуға.
 Қайран жастар қапыда қолға түсті,
 Елтіген бөрідей боп жеген уға.

Шеткі Ақшоқы басына алып шықты,
 Қалайша өлтіруге кеңес қыпты?!
 Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,
 Қолға түскен кісіге қатын мықты.

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,
 Кейбіреуі дарға да аспақ болды.
 Аяғында мойнына арқан тағып,
 Атқа байлап сүйретіп шаппақ болды.

Көп Найман екеуіне тұр анталап,
 Бейне бір соятұғын малға балап.
 Еңлік сонда еліне сөз сөйлейді,
 Қасындағы жиылған көпке қарап:

– Ей, жұртым! Бір-екі ауыз сөз айтайын,
 Өйтеуір өлтіруің тұр ғой дайын.
 «Өлерде үш тілек бар» деуші еді ғой,
 Құдай үшін берсеңдер, мен сұрайын.

Кебекпен мені азғана араздастыр,
 Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
 Мына бала – Тобықты баласы ғой,
 Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.



Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,
Бердік деп екеуінің қолын шешті.
Құшақтасып сүйісіп, қош айтысып,
«Ал, енді өлтіре бер, мейлің» десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,
Екі аттың құйрығына байлап алып,
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,
Өлтіріп бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесігімен баласын да,
Обалға өшіккен ел қарасын ба?
Еңлік–Кебек моласы бүгін де бар
Таймақ пен Ералының арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты,
Қабекеңе тапсырмай аманатты,
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала
Шырқырап күн батқанша жылап жатты.

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып атқа мінді.
Таң ата келіп іздеп таба алмады,
Қисыны – біреу ұрлап кеткен сынды.



1-тапсырма.

а) Поэма деген не? Поэманың қандай ерекшелігі бар? Дастан деген не? Мұғалімнің кеңесіне сүйене отырып, поэма мен дастан ұғымдарына талдау жасаңдар.

Поэма	Дастан

ә) *Атастыру* деген не? *Бата бұзу* деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Ақын поэмада нені айтқысы келеді? Екі елдің арасына іріткі салып, халықтың тыныштығын кетіру дұрыс па?



2-тапсырма. Шығармада аталатын тарихи тұлғалардың (хандар, билер, ел басшылары) өмір сүрген кезеңдеріне байланысты деректер іздестіріп, олардың тарихта қалдырған іздеріне шолу жасаңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.



3-тапсырма. Поэмада қандай рулар және олардан шыққан қандай тарихи тұлғалар аталады? Руға, жікке бөліну қандай зиянды зардапқа әкелді?



4-тапсырма. Поэмадағы оқиға қай өңірде өтеді? Онда қандай жер-су атаулары аталады? Ақынның баяндауын негізге ала отырып, аталған ру қоныстарының тұрған жерін картадан көрсетіңдер. Осы жерлердің тарихы туралы мұғалім кеңесін пайдалана отырып, білгендеріңді айтып беріңдер.



5-тапсырма. Шығармаға әдеби тұрғыдан кешенді талдау жасаңдар.



6-тапсырма. Поэмада есімдері аталған тарихи тұлғалар мен олардың елге қосқан үлестері туралы айтыңдар. Білгендерің туралы бір-біріңе айтып беріңдер.



7-тапсырма. Поэмадағы көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар. Поэмадан эллипсистік көркемдеу тәсілін тауып, мағынасын түсіндіріңдер.



Эллипсис – грек тіліндегі *elleipsis* – сөз тастау, қысқарту, кеміту деген сөзден шыққан термин. Яғни жазушы, немесе ақын белгілі бір ойды ерекше етіп көрсеткісі келсе, сөйлемнен сөздерді алып тастап, көп нүкте арқылы білдіреді. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттырады. Эллипсисті сөйлемдердегі түсіп қалған сөздердің мәні белгілі болады. Мысалы, **Жау келіп қалды...** – келіп қалды. Эллипсис адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады.



8-тапсырма. Поэмада баяндалған тарихи оқиғадағы бата бұзу ұғымына мән бере отырып, оқиғаны қорытып, эссе түрінде жазыңдар.



9-тапсырма. Берілген шығарма идеясын «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырымен салыстыра отырып, дәптерлеріңе жазыңдар.

«Еңлік–Кебек»	«Қыз Жібек»
Еңлік кім?	Жібек кім?
Кебек кім?	Төлеген кім?
Қалай табысты? (атастыру, қыз айттыру т.б.)	
Ата-анасының батасын алды ма?	
Оқиға соңы немен аяқталды?	



10-тапсырма. Поэмадағы ойлардың бүгінгі құндылығына зер салыңдар. Ата-ана разылығы, ел тыныштығы дегенді қалай түсінесіңдер? Өз ойларыңды баяндап беріңдер.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Естіген үзіндіні тыңдай отырып, дәптерлеріңе адам есімдері мен ру аттарын теріп жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 10 минут.



2. Үзіндіні тыңдай отырып, ақынның оқырманға айтқан ойын қарасөз түрінде жазып беріңдер.

2-мәтін. Уақыты – 20 минут.

Шөкәрім айналасында болып жатқан өмір құбылыстарын, заман өзгерістерін көңіл сүзгісінен өткізіп, өз түйгендерін қашан да көркем өлең жолдарымен кестелеп отырды. Ақынның лирикалық туындыларында өз заманының сыр-сипаты, қоғамның өткені мен бүгіні, туған халқының арман-мұраты, ішкі жан дүниесі, ойы мен мұңы зерделенген.

Балтабай Әбдіғазизұлы



1-тапсырма. Өлеңнің толық мәтінін хрестоматиядан оқыңдар.

Жастарға

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бөрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.

«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!
Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік!

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Құрбыласы қулық пен айла баққан,
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те, ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.
Абай кетсе, осы елде кім қалады,
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.

Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,
Олардың қылған ісі – ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық.

Пұл асылы табылса, қолға алалық,
Кісі емес ескерусіз бос қаларлық.
Күнде осындай табылмас бізге басшы,
Күн болса кейінгіде қозғаларлық.

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық?
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,
Өзгедей надан емес адасарлық.

Жалған айтып, біреуге жалынбалық!
Біз, сірә, үлкендердей қағынбалық!
Наданға өлсек-тағы бағынбалық!
Өтірік, өсекке еріп сабылмалық!

Рақым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,
Жас бойға жаман атақ тағынбалық!
Таза ойлап, татулық іс табалық!
Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық!

Адалға өлімізше аяңдалық!
Арамға аяқ баспай шабандалық!
Елемесең, есіңе енбейді ақыл,
Ескерсең, осы сөзім сендерге анық.

Болмас іске бұртаңдап тырыспалық!
Бетке айтқанның зәрі жоқ, ұрыспалық!

Көзге жылпың көрініп, сыртқа қылпың,
Артымыздан құр өсек қылыспалық!

Сөз байласақ, уағдада тұрысалық,
Сыртымыздан жақсылық қылысалық!
«Қашқан – жаудан құтылар» деген қане,
Надандықтан жиреніп, жылысалық.

Жақсы білім іздеуге жалықпалық!
Табылмаса, тарығып, талықпалық!
Салақтықты қоялық, сақ болалық!
Білгенді, білмегенді анықталық!

Ғалым көрсек – әр істі сұрасалық!
Ондайға басымызды құрасалық!
Өстіп істеп өзіміз қамданбасақ,
Бізге ақыл үйрете алмас мына халық.

Кейде бірге жүрелік, кейде ойналық!
Ойнап-күліп, кешікпей ой ойлалық!
Ойынымыз аз болсын, ойымыз көп,
Оймен талап етпеген іс қоймалық!

Күнде көздеп, мінезді тексерелік!
Айланы ақыл демей, сескенелік!
Адалдың жолында өлсек, арман бар ма?
Ақты аныққа шығарам деп көрелік!
Кісіге оны бұрған өкпелелік!
Тіл алса, «мұны қой» деп ақыл айтып,
Тыңдамаса, жау көріп кектенелік!

Білімді неге бойға көп көрелік?!
Ақтан тауып несіпті жеп көрелік!
Артық ақыл ойланып таба қалсақ,
Біз-дағы алушыға тек берелік!

Надандықпен қарнымыз тоқ демелік!
Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік!
«Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп,
Арамды халал, асылды боқ демелік!

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,
 Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
 Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
 Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Жалғаншылар сөз айтса, «сырым» дейді,
 Біліп қойсаң, «бұ да бір қырым» дейді.
 «Өншейін байқайын деп айтып едім,
 Өтірігімді ұстап па ең бұрын?» дейді.

Ар қайда? Рақым қайда? Өдеп қайда?
 Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
 Көз жұмып, «Көппен көрген ұлы той» деп, –
 Береді бұл надандық кімге пайда?

Білімдіге білімсіз бағынбай ма?
 Іздесе, пендеге жол табылмай ма?
 Ақты қойып, арамды әдет етсек,
 Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма?

Жатпалық жалқауланып тіпті жайға,
 Жайлы ақыл ойланалық жанға пайда.
 Кейінгінің қалмалық обалына,
 Сонда мақұл боламыз бір Құдайға.

Осы ел жүр өтірікті үнем қылып,
 Ақты қойып, арамға көңіл бұрып.
 Қудыраңдап, қу, білгіш атанам деп,
 Шығарады бір пөле қарап тұрып.

Біреуіне біреуі қақпан құрып,
 Аңдаусызда кетем дер бір түсіріп.
 Біле сала қылады о да қулық,
 Аяғы сау жан қалмас сөйтіп жүріп.

Арамдыққа осы жұрт жүр ұмсынып,
 Аздан бері тым кетті Құдай ұрып.
 Білмегені білгеннің тілін алмай,
 Бәрі бірдей шулайды иттей үріп.

Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,
 Біреу жүр айламенен үзіп-жұлып,
 Ертең көрсең, екеуі қолға түсіп,
 Кескектеген тұлкідей тұр тұтылып.

Арамдықтан шығады кім сытылып?
 Бір желіксе, кетеді тым құтырып,
 «Жығылған жан күреске тоймас» деген,
 Карта ойнаған кісідей күнде ұтылып.

Абай жүр соны мазақ өлең қылып,
 Біреуі ұғар ма деп көзі ашылып,
 Бізге де біразырақ айтқаны бар,
 «Құр қылжақтай берме, – деп, – босқа күліп».

Ұқсатып, ұнасымды сыйыстырып,
 Жасты да жамандапты қиыстырып.
 Ойын-күлкі – бар қылған мінезіміз,
 Біреуін де қалдырмай жиыстырып.

Тым туралап айтыпты сұғындырып,
 Білгенге үйретіпті ұғындырып.
 Көріп тұрған мінезді жасырсын ба?
 Әркімге-ақ кеткен екен жұғындырып.

Шүу дегенде бұл сөзі жанға батты,
 Бұрын ондай көргем жоқ жаманатты.
 Қайырусыз, қағусыз өскен басым,
 Бұлқындым шу асаудай мойны қатты.

Естіген соң, жүректе түйін жатты,
 Сол түйін тыныштатпай көп ойлатты.
 «Неге мұндай қатты айтты?» – деп ойласам,
 Өлеңінің сырты ащы, іші тәтті!

Жаны ашып, жақсы соқпақ тазалапты,
 «Жігерленсін, білсін» деп табалапты.
 «Жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін» деп, –
 Қатты сөзбен қайырып қамалапты.

Енді ойладым «қайратқа мінейін» деп,
 «Білімдінің қадірін білейін» деп.
 «Ақыл сөзбен арқама күнде ұрғызып,
 Талаппен түзу жолға кірейін» деп.

«Мен неге күлкі болып жүрейін» деп,
 «Өзім біліп, біреуге күлейін» деп.
 «Шын наданға атар таң болмайды екен,
 Білім іздеп, Құдайдан тілейін» деп.

«Білмекке талап етіп көрейін» деп,
 «Шын сөзге көңілімді бөлейін» деп,
 «Надан болып қорлықты көргенімше,
 Естінің айтқанымен өлейін» деп.

Үлкендер ұмтылмайды «ұғайын» деп,
 «Мен-дағы бұл қылықтан шығайын» деп.
 Айтқан сайын аяғын кер басады,
 Құлағына мақтаны тығайын деп.

Құмары – қулықпенен жығайын деп,
 Айламен аяғыма бұғайын деп,
 Бәрі ішінен қанжарын байланып жүр,
 Көрінгеннің көзіне сұғайын деп.

Халалға ойламайды шыдайын деп,
 Арамның түбі болар уайым деп.
 Күнде жау боп, күрілдеп, жұлысады,
 Тек отырған бір жан жоқ «Құдайым» деп.

Байладым белді бекем буайын деп,
 Жүректі адалдықпен жуайын деп.
 Талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас,
 Адамдық ғылым жолын қуайын деп.



2-тапсырма. Өлеңнің тақырыбы мен идеясы неде?



3-тапсырма.

1. Берілген өлең жолдарынан не түсіндіңдер? Абай жастарға қандай ақыл берді?

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Құрбыласы қулық пен айла баққан,
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те, ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.
Абай кетсе, осы елде кім қалады,
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

2. «Абай және оның ақындық ортасы» тақырыбында деректер жинастырындар.

3. Абай мектебінің өкілдері туралы ақпарат-хабарлама жасаңдар.

4. Абай мектебі қазақ әдебиетінің дамуына қандай әсерін тигізді деп ойлайсыңдар?



4-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық шеберлігіне сипаттама беріңдер.



5-тапсырма. Берілген үзіндіні пайдалана отырып, «Бата алу» ұғымына түсінік беріңдер. Мұғалімнің кеңесі негізінде өз білгендеріңді айтып беріңдер.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те, ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан.



6-тапсырма. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне, құрылысына әдеби талдау жасаңдар.



7-тапсырма. Олең авторы мен есімдері аталған тарихи тұлғалар туралы айтып, олардың елге қосқан үлестерін салыстырыңдар. Білгендеріңді бір-біріңе айтып беріңдер.



8-тапсырма. Олеңдегі көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. Олеңнен сатиралық, ирониялық көркемдеу тәсілдерін тауып, қандай мағынада айтылғанына назар аударыңдар.



9-тапсырма. «Жастарға» өлеңінен өз түсінгендеріңді қорытып, эссе түрінде жазыңдар.



10-тапсырма. Берілген өлең идеясын негізге ала отырып, жастар құндылықтары туралы кестені толтырыңдар.

Игі құндылықтар	Теріс құндылықтар	Шешімді жолдары



11-тапсырма.

а) Шәкәрім өлеңінің өміршеңдігіне зер салыңдар. Өз ойларыңды баяндап беріңдер.

ә) «Менің жастық шағым қалай өтуі керек?» тақырыбында өздеріңнің алдағы өмірлеріңді елестете отырып, жоспар құрыңдар.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1. Естіген үзіндіні тыңдай отырып, Абайдың әдебиетке қосқан зор үлесі туралы әссе жазыңдар.

1-мәтін. Уақыты – 20 минут.



2. Үзіндіде берілген жағымсыз қасиеттерді теріп жазып, антонимдік, синонимдік қатар құраңдар.

2-мәтін. Уақыты – 10 минут.



3. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

«Жақсы білім не үшін керек?» тақырыбында сыни әссе жазыңдар.

3-мәтін. Уақыты – 20 минут.





МАХАББАТ ЖӘНЕ АБЫРОЙ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

(1885–1935)



Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлы бұрынғы Торғай облысының Жангелдин ауданындағы Қызбел деген жерде 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген.

Бала кезінде Міржақып Дулатұлы ауыл молдасынан оқып хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін 1897–1902 жылдары ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан деген мұғалімнен дәріс алады.

Міржақып Дулатұлы – әдебиеттің өртүрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы – «Оян, қазақ!» деген атпен Петербург қаласында жарық көрген өлеңдер жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы «Оян, қазақ!» жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұнын халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітапты оқуға тыйым салып, авторы қуғынға ұшырайды.

Өзінің шығармашылық жолын өлеңнен бастаған Міржақып Дулатұлы проза жанрына да қалам тартып, қазақ әдебиетіндегі алғашқы романның авторы ретінде танылды. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы «Бақытсыз Жамал» романы Қазан қаласында жарық көрді. Кітап 1914 жылы екінші рет басылды.

Бұл жылдары Міржақып бірқатар мақалалар мен фельетондар жазды. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын «Есеп құралы» оқулығын бастырады. «Балқия» деген пьесасын жазады. Халық жауы ретінде тұтқындалған Міржақып Дулатұлы 1935 жылы Сосновск стансысындағы жазалау лагерінде ауыр науқастан көз жұмады.

М. Дулатұлының шығармалары қазақ елінің тәуелсіздік алған кезінен бастап кеңінен жариялана бастады. 1991 жылы шығармаларының

бір томдық, ал 1996–1997 жылдары екі томдық жинақтары жарық көрді. М. Дулатұлы шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, бірқатар кітаптар мен мақалалар жарияланды.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қандай зерттеу еңбектерін білесіңдер?
2. Роман жанрының ерекшелігі неде? Өзің оқыған романдарың туралы айтып беріңдер.



Роман (франц. – roman, нем. – roman, ағылш. – novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілінде жазылған шығарма осылай аталған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кеңтынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

Роман жанрының бірнеше түрі бар. Мәселен, тарихи роман, деректі роман, мемуарлық роман, публицистикалық роман, детективті роман т.б.

А. Исмақова



2-тапсырма. Хрестоматиядан романның толық нұсқасын оқып шық.

Бақытсыз Жамал

1

Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті.

...Манағы молданың насихаты есінде жүріп, бір күні Сәрсенбай қатындарымен ақылдасты:

– Ахметжанның молдасынан оқытуға екі шақырым жерге Жамал барып-келіп жүре алмайды. Онан да бір жастау молда жалдап алсақ қайтеді? Жамалдың себебімен ауылдың балалары да оқыр, өзіміз малдың зекетін берерміз, ақысын ауылмен бірдей көрерміз, – деді. Бұған қатындары һәм солай деп айтқан соң, ауылы да разы болды. Бір-екі айдан соң жазғытұрым уақыт еді, бір күні ауылға бір шәкірт келіпті, молдалыққа тұрады екен дегенді естіп, Сәрсенбай соған сөйлесуге келді.

Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен. Қазақ ішінде қымыз ішіп, күзгі төхсилгә* қаражат жинап алу үшін мұғалімділікке шыққан Ғазиз есімді ноғай жігіт, жасы жиырма екілерде – ашық пікірлі, үсұл тағылымнан жақсы ғана хабары бар еді. Екі жылдай қазақ ішіне шығып, қазақтың сырын білгендіктен және де Сәрсенбайдың пікірін аңғарып сөйлескен уақытында өзін шіп-шикі ескі жолмен оқыған хадимі* етіп көрсетті. Себебі ол: «Аз уақытта мен бұларды түзей алмаспын, онан да бұларға хилаф* келмей, өйтіп-бүйтіп қаражат жинап алайын», – деп ойлады. Сәрсенбай шәкіртке айтты.

– Өзіміз бір ауылда жеті-сегіз үйміз, бес айға жиырма бес сом ақша береміз. Сөзді ашып айтқан жақсы, мен өз басым малымның кірін беремін, басқалар өзі біледі, ал кемпір-мемпір құлап қалса, өз талайыңнан, – деп күлді.

2

Уәделері бойынша мұғалімі һәмән Сәрсенбайдың үйінде тұратын болып, Сәрсенбаймен бірге еріп келіп, бір үлкен боз үйге кірді.

Сол минутта-ақ ауылдың адамдары жиналып, Қалампыр бәйбіше сабадан қымыз құя бастап, Сәрсенбай да Жамалға:

– Тұр, қарағым, молдекеңе мал әкел! – деп әмір етті. Жамал атасына бір қарап тысқа шығып еді соңынан кешікпей Сәрсенбай да шығып, Жамалға ақырын сыбырлап айтты. «Анау күнгі жамбасы құрттап жүрген көк қозыны әкел, үйге кіргізерде кескегін алып таста! Ұқтың ба?» – деді. Жамал да: «Ұқтым, ұқтым», – деп жүгіріп кетіп, жарты сағат болмай айтылмыш қозы бата қылынып сойылды.

– Молда, қайда оқыдың, дәрісің не, қай қаланыкісің, затыңыз ноғай ма, башқұрт па, неше жасқа келдің, атаң бар ма? Бұрын қазақ ішіне шығып па едіңіз, жамағат бар ма? – деп, үсті-үстіне керекті-керексіз сөздерді сұрап, мұғалімнің басын қатыра бастады. Өл-хасыл осы секілді мәжіліспен отырып, сойылған малдың етін жеп халық тарады. Екінші күні мұғалімге бір қос тігіп беріп, он шақты шәкірт жиналып оқу басталды. Бұл шәкірттердің бір-екеуі болмаса, басқалары бұрын ешбір қаріп оқымаған еді.

Бір ай өткеннен кейін мұғалім Жамалдың зейініне қызығып, Шолпанға алғыс айтты:

– Жамалды үсұлжадидке оқыта бастасам, аз уақытта хат жазып кетер еді, бірақ оны бай ұнатпайды ғой, – деп. Шолпан тұрып:

– Молдеке, біздің отағасының сөзін не қыласыз, ақырын оңашада жасырып хат жаздырып үйрете беріңіз, – деді. Мұғалім бұл жауапқа бек қуанып, сол күннен былай шәкірттер тарап кеткен соң Жамалға



күнде бір-екі сағат хат жаздырып үйрететін болды. Үш жарым айда Жамал мұғалімнің ыждағаты, өзінің өткір зейіні саясында хат танып, жазарлықтай болды. Мұғалім әпенді сол жолмен бес ай оқытқанда Жамал бек ғайбат болып, түрлі кітаптарды оқытұғын болып қалған еді. Сентябрьдің ақырында мұғалім Уфаға қайтып, Жамал да оқуын тоқтатты. Мұғалім Сәрсенбайдың үйінде тұрған уақытта Шолпан бір ұл перзент тауып, сол себепті «аяғы құтты» болды деп, мұғалімді Сәрсенбай жақсы қаражатпен қайтарды. Сәрсенбай жаңа туған баласының есімін осы молдадай жігіт болып, өзі де молда болсын деп Ғазиз қойды.

Мұғалім қайтып кеткен соң Сәрсенбай енді бір молда ұстаймын деп ертең-бүгінмен жүргенде қыс та болып қалып және де әркімнің:

– Енді жарар. Жамалды оқытпай-ақ қой, он екі пәнді түгел білсе де, әйел бала дәріс айтып елге бас болмас, – деген сөзіне Сәрсенбай айналып, тіпті молда ұстамай қойды. Ауылдағы басқалары, һәр қайсысының дәулеті шағын болғандықтан, шамасы келмейтін болды.

Жамалдың ғұмырындағы оқуы осы бес айлық қана болып, хат жазарлықтан әрі аспай тоқтады. Мұғалім кеткеннен кейін Жамал һәмән қисса оқитын болып, атасы да тыңдаудан жалықпаушы еді. Үйге бір қонақ келіп қонса да:

– Жамалжан, қонағыңа қызмет ет, қисса оқы, «Сал-салың» қайда, «Қыз Жібегің» қайда? – деп, куә болып отырушы еді. Жамал да ерінбей, қиссаларды басынан аяғына шейін оқып тастаушы еді. Жамалдың оқымаған қазақ қиссасы бек аз еді. Ел аралаған мелішші саудагерде нендей жаңа қисса болса, атасы оған шығынсынбай алып беруші еді. Жамалдың бір кішкене сандығын ашып қараған кісі: «Сал-сал», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Қисса уақиға Көр бала», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны», «Ноғай мен қазақтың айтысқаны», «Ақсұлу», «Айман–Шолпан», «Бозжігіт», «Шәкір–Шәкірат», Ақмолда, Нұржан, Әубәкір молданың өлеңдері һәм басқа сол секілді кітаптарды көрер еді. Хәттә* Жамал сол қиссалардың бағзы бір өлеңдерін жатқа да біліп, бір ойынға бара қалса: «Жамал, өлең айт» дегенде тартынбай айтып салушы еді. Осындай қиссаларды оқумен һәм ел ішіндегі айтып жүрген қыз-бозбаланың өлеңдерін жазып алумен, молдадан оқып жүрмесе де, жазуын күннен-күнге дұрыстап бара жатты. Жамалдың осындай зеректігі ауызға да ілініп, он жасына жеткен уақытында әркімдер: «Сәрсенбай үйінде бір жақсы бала бар», – деп, айттыруға қызыға бастап және де Жамалдың анасы ақылды, көркем қатын болғанға «анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш» деген мақалды да еске тұтып сөйлеуші еді.

3

Жоғарыда айтып өткен Байжанның он жеті жастарға келген Жұман дейтін бір таз һәм ақылсыз баласы бар еді. Сол елде екі-үш Жұман есімді жігіттер болғанға, бірін – «сары Жұман», бірін – «тапал Жұман», Байжанның баласын – «таз Жұман» деуші еді. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді» деп, Байжанның өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді. Бір күндерде Байжан мәжіліс арасында: «Жұманға құда болатын лайықты жер білгендерің бар ма?» деп сұрап отырғанда, біреу тұрып:

– Биылғы Нұрпейіспен билікке таласатын Сәрсенбайдың бір жақсы баласы бар, шешесі тәуір кісі – Жарас молданың қызы, өзі оқыған бала, қазірде он-он бірге келсе керек, – деді. «Олай болса, бұл ескеретін жер екен» деп Байжан ішінен ойлап қойды. Көп ұзамай Байжан Сәрсенбайға «құдай қосса, құда болайық» деп бір кісі жіберді. Бұл хабарды есіткеннен соң Сәрсенбай үй ішіне ақылдасып көріп еді, үлкен қатыны ұнатып, Жамалдың анасы Шолпан ұнатпады. Сөйтсе де өткен сайлаудағы Байжанның Нұрпейіске болысып, өзін құр тастағанын ойлап, Сәрсенбай құдалық себебімен келесі сайлауда би болмасын ба екен деген ойға кіріп, өзін билікке таластырған достарына ақылдасты. Бұлар естіген жерден:

– Құдай берді, әйде, қайырлы болсын, құда болыңыз, қызды қырғызға да береді. Байжанның баласын жұрт пәлен-түген десе де, асылдың тұқымы ғой, әлі-ақ өскен соң түзеліп кетеді, – деп өзі босап тұрған Сәрсенбайды құда қылуға айналдырды. Жалғыз-ақ Шолпан неше күндей көнбей:

– Жамалды өзінің теңіне береміз. Байжанның баласы жаман дейді, атасының байлығы не керек, – десе де, Сәрсенбайдың құлағына кірмеген соң:

– Екі дүниеде Жамалдың обалы саған болсын, би болмақ тұрсын, патша болатын болсаң да Жамалды неғып сондай жаманға қиып бермекші боласың? – деп көзінен жас төгіп, үйден шығып кетті. «Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа» деген осы деп, Сәрсенбай басқа сөз айтпай, ішінен мыңқылдап отырып қалды.

Сәрсенбай бұрын Жамалды жақсы көріп, өзінің теңіне беремін деп жүруіне неш шүбә жоқ еді. Бұл сапарда сайлаудағы шыққан шығын, кеткен намыс һәм ілгерідегі үміт һәммасы қосылып, оның үстіне көлденең кісілердің сөзі де қамшы болып, «не қылса да Байжанмен құда боламын» деп жауап қайтарды.

4

Жамал көмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп (қатта бір тойда көрсе керек), көңіліне күннен-күнге уайым, қайғы түсе бастады. Жамалдың бұл қасіреттерін көбейтуге себеп болған Жұманның жамандығынан құрбы арасында күлкі болған істері еді. Мысалы: Жұманды үйі қант-шай, ғайыры нәрселер әкелуге қалаға жібергенде, жолда терілерін алыпсатарға сатып, он теңге алтын орнына алданып, бір тиын жаңа бақыр алып келуі еді. Нәм елде бозбалалық қылмақшы болып бір қызы бар үйдің босағасында ұйықтап қалғандықтан, қыздың әкесі таңертең: «Тұр, балам, ұйқың қанған шығар», – деп үйіне жіберуі еді. Мұның һөммәсін* Жамал естіген еді.

Ата-анасы зарыққанда көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. Өзі теңдес қыздардың күйеулерін салыстырып қарағанда, Жұманнан нашары жоқ еді. Басқа шет елдерден күйеуіне разы болмай, екінші жігітпен қашып кетіпті дегенді естігенде, ішінен ойлап: «Олар да мен секілді бейшаралар ғой», – деп аяушы еді. «Олар секілді бір жігітпен көңіл қосып қашсам, пәленшенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын. Разы болып Жұманға барсам, ғұмырымша қор боламын ғой» деп, қайсысын істеуге ақылы жетпей, бағзы уақыттарда түн бойы ойлаумен ұйықтамай

шығушы еді. Нәр уақыт осындай уайымда болған соң, Жамал жүдеп те кетті. Ата-анасы:

– Қарағым, сен неге жүдеусің? – дегенде:

– Жай, басым ауырады, – деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдары болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: «Биыл баламды ұрын жіберемін» деп сәлем келді.

Бұл хабарды естігеннен кейін Жамалдың қайғысы бұрынғыдан үш есе артты деуге лайық болды. Жамал қанша ішінен қапаланса да, басқа бір кісіге айтуының ебін таба алмай, бір күні қолына қағаз бен қарындаш алып, «тым болмаса көңілімдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен» деп, өз басындағы халіне біразырақ өлең жазып еді.

...Бұл сөзді оқып көрген соң, анасының көзінен азырақ жас кетіп, қызының мұндай қайғыда жүргенін біліп, әлгі қағазды да орнына салып қойды. Енді Шолпан Жамал қанша уайымда болса, сонша қайғыра бастап, бір күні түнде төсекке жатқан соң Сәрсенбайға сөйледі:

– Құданың құдіреті, әуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың, міне, көрмеймісің, Жамалжан өзді-өзінен азып, жүдеп кетті. Осы қалпымен қор болып кетсе, екі дүниеде бізге разы болар ма, біздің ата-аналық хақымыз мойнымызда емес пе? – деді. Сәрсенбай не айтарын білмей:

– Сөйтіп жүр ме, сөйтіп жүр ме? – дей берді. Шолпан ашуланып:

– Сөйтіп жүр мең құрысын, өз басында ерік жоқ, әркімнің қыздырған тіліне еріп, ақырында Жамалдың көз жасына қалып отырмыз. Ата-бабаң істемеген істі қыламын деп би болғансып, бір жылдың ішінде, қане, шыққан мүйізің? – деді. (Сәрсенбай әуелі таласып болмай қалғаннан кейін, келер сайлауда құдасының себебімен би болса да, бір жылға жетпей съезд уақытында бір кісіні боқтап, қамшымен салып қаламын деп, билігінен түсіп қалған еді).

Сәрсенбайдан берекелі жауап шықпаған соң, Шолпан тағы да сұрады:

– Енді өстіп Жамалды сүймеген кісісіне береміз бе? – деп. Сонда Сәрсенбай қайраттанып:

– Құдайдың жазғанынан артық не қыламыз, екінші кісіге береміз десең, Байжан болыстармен қосылып, біздің жанымызды қоя ма? Малымыздан құрық, басымыздан сырық түсіре ме? – деді. Сәрсенбайдың жуас, қорқақтығы Шолпанға бұрыннан мәлім һәм бұл сапарда да пікірі тамам көрініп қалған себепті, енді бұл тұста Сәрсенбаймен ақылдасып, бастарына түскен уайымды бөлісуден үміт үзіп, сол түннен бастап былай Жамал хақында Шолпан Сәрсенбаймен һеш нәрсе сөйлеспейтін болды.

Бас аман, малы түгелдердің көңілі шаттықта, Жамалдың көңілі һәмөн қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді. Жамал қанша қайғылы болса да, сырын халыққа білгізбес үшін һәм жабыққан көңілін көтеру үшін қыз-бозбала жиналған ойын-тойдан қалмаушы еді. Және де Жамал болмаған ойынның қызығы аз секілді көрінуші еді.

Қыс ортасы болған еді. Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін үлкен мәжіліс-шілдехана болды. Атырабындағы ауылдың қыздары тамам келіп, Жамал да әзір болды. Ағаш үйдің кең бір бөлмесіне төрінен есігіне шейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық әлі қалмаған, болғанға бір қыз, бір жігіттің қатар отырғызатын әдет бар еді. Жиылғандар бірі өлең айтып, екіншілері қалжыңдасып, ойын әлі қызып бастала қоймаған уақытта есіктен: «Кеш жарық!» деп, бір-екі жігіт кіріп келді. Бағзы бозбалалар:

– Міне, бір сыпайы жігіттер келді. Қай жерге отырғызамыз? – деп ақылдаса бастап, көп кешікпей біреуін Жамалдың қасына әкеліп отырғызды. Бұл жігітті Жамал танымайтын еді. Ләкін Жамалдың қасына отырғызудан бір төуір жігіт екендігі аңланды. Бұл жігіт отырып болған соң, үйдегілерге қысқа-қысқа сөзбен амандасып, соңынан Жамалға қарап:



– Сіз де сәлеметсіз бе? – деп қойды. Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мүрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір зат еді. Көлденеңнен қарап салыстырғанда бұл үйдегі жігіттердің абзалы Ғали, қыздардың абзалы Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары да бек жарасып кетті.

Ғали бір болыста басқа ауылнайға қараған Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Жасынан талапты болып Қызылжар, Троицкідегі медреселерде оқып жүріп және частный учительден оқып та орысша азырақ сөйлеп, жазарлықтай шамасы бар еді. Мұсылманша жақсы оқыған болса да, елге шығып молда болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ саудаға айналысып еді. Атасы бай адам болмаса да, Ғали инабатты жігіт болып, һәрдайым алыс-беріс істерінде уағдасында опашыл болғандығы көрінгенге, байлар шамалап несие беруден тартынбаушы еді. Әуелгі уақыттарда оқуда болып, бұл уақыттан саудамен жүрген себепті елде тұруынан тұрмауы көбірек болып, өзін халық, халықты өзі анық танымайтын еді. Тек сыртынан Дүйсебектің баласы талапты, еті тірі жігіт, қысы-жазы үйде отырмай оқу оқып, кәсіп қылады деуші еді.

Жаңада өткен бір жәрмеңкеде алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жүз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайынды аралап, амандықта жүргенде осы ойынға кез келген еді. Ғали Жамалмен қатар отырған соң, бір-бірінің халін һәм кім екендіктерін сұрап-білісті. Ғали Жамалдың бұрынғы көріп жүрген жігіттерінен сөзге ұстарақ, сұраған сөзіне толық жауап қайтарып һәм өзі де ләззатты сөздер сөйлей бастағанға маңайдағылардың не істеп, не сөйлеп, не ойнап жатқанын естімеген секілді ұмытып, шын ықыласпен кеңеспек те еді.

Өртүрлі ойын болып, ақырында «Бұғыбай», «Мыршалай – мырыш» деген ойындар тамам болған соң, бір жігіт бір белбеуді есіп алып:

– Енді, әлеумет, өлең айтасыңдар, айтпасаңдар, айтпағандарыңа мінекей, – деп, қолындағы есілген тоқпақтай белбеуін көрсетіп қорқытып, аралап жүре бастады. Білген қалдарынша Ғали мен Жамалдан басқа бозбалалар өлең айтып жатса да, өлеңдері қашаннан бері айтып келе жатқан ескі өлеңдер еді ... Енді өлең айтуға рет әуелі Ғалиға, сонан соң Жамалға келіп еді. Ғали домбыраны әкеліп ұстатқанның соңында: «Менің өлең айту әдетімде жоқ еді, білмеуші едім», – деп күлімсіреп отырып: – Қайыр, енді көңілдеріңіз қалмасын, – деп көркем өнмен домбыраға дауыс қосып сөйледі:

Ал сөйле, келді кезек енді, Ғали,
Керілмей ұста қолға домбыраны!

Рух бер мәжіліске, қызмет көрсет,
 Сайратып тіл мен жақты болса халі.
 Өнерің болса ішінде шығар сыртқа,
 Бұл жерде жасырудың болмас мәні.
 ...Түлкіні тазы алады табындағы.
 Болады не нәрседен және де ескер
 Жігітке абыройдың табылмағы.
 Емес пе екі жүрек бірдей келсе,
 Арада махаббат оты жағылмағы
 Мінеки, домбыраңыз, тоқтадым мен.
 Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы!

...Ғали бұл өлеңді айтып болған соң, отырған ретінше Жамал айтты:

Сөйле, тілім, шешіліп осындайда,
 Құрбылармен бір жерге қосылғанда.
 Отырмассың үнемі төрде бүйтіп,
 Еріксіз-ақ қоярсың тосылғанда.

Қыз байғұс та жұртына келген қонақ,
 Мысалы, қызғалдақтай ғұмыры шолақ.
 Күн келер өз басынан ерік кетер,
 Қалалық осындайда күліп-ойнап.

Жігіттің еркі өзінде – жылдың құсы.
 Ұшса да, я келсе де отырғысы.
 Мысалы, жазы болған жаққа кетер
 Бір жердің қары жауып, туса қысы.

Қыз байғұс қолға түскен сандуғаштай,
 Торында ғұмыры өтер кілтін ашпай.
 Сатады мал көп берген кісі болса,
 Кетеді жылап сорлы қарсыласпай.

Рақым етпес және ата-анасы,
 Болса да жақсы көрген өз баласы.
 Теңіне қыздың көбі бара алмайды.
 Көнбеуге және дағы жоқ шамасы.

Кісінің туып-өскен жері қымбат,
 Үйренген бала жастан елі қымбат.
 Ата-анаң, аға-жеңгең қадірлеген
 Тебіскен құлын-тайдай теңі қымбат.

Сөзімде қата болса сөкпе, халқым,
 Әншейін айтып өттім сөздің салтын.
 Тұрған соң көзің көріп қиянатты,
 Тартады уайымдап көңіл салқын.

6

Байжан әуелгі қыз қашып, халық жиналған күннен бері құпия һәр жерге қыз бен жігітті іздеуге кісі жіберген екен; һәр бір барар деген шүбәлі орындардың һаммасында жоқтығын сезіп, ақырында қалада Фатихолла байда екендігіне көзі жетіп, шаһар ішінен қол іс қылып ала алмаспыз, Фатихолла байдың бұл елде алатын екі мың теңгедей несиесі бар ғой, енді бұл қашқындарымызды сақтап, халқымыздың жақсыларының тентек деген кісісін шығарып бермесең, несиенді бергізбейміз десек, қорқар деп мәслихат етті. Осы сөзді айтуға келген кісіге Фатихолла бай ішінен қауіптеніп, былай болуы да бек ықтимал деп ойлап жауап берді:

– Дұрыс, әуелгі уақытта ұлыққа арыз беру үшін ғана бізге үш-төрт күн болып қонған еді. Қазірде бізден кетті, қайда екенін білмеймін. Егерде мұнан былай бізде екендігі білінсе, халқыңыздың не қылғанына ризамын, – деді. Бұл кісі Фатихолла байдың әлгі сөзіне нанып, елге қайтты. Фатихолла бай Ғалиға сөйледі:

– Мына көпірлердің сырлары өзіңе мәлім ғой, енді басқа бірнеше жерге барып паналағаның өзіңе де, бізге де пайдалы болар еді.

Ғали бұл сөзге түсініп:

– Қайыр, Фатихолла абзи! Мен сізге ризамын, залымдар не қылады деуге болмайды. Олай болса, мұнан үш шақырым¹ жерде атамның нағашысы бар, сонда барайын, – деп, ертеңіне жүруге даярланды. Ғалидың өзінде жегуге екі ат бар еді.

Фатихолла бай арба-сайман һәм елу теңге ақша беріп, қаладан шығарып салып, «қайырлы сапар» деп, дұғада болып қалды. Ғали, Жамал да өздерінің ата-анасынан айырылғандай болып қимай, жылап айырылысты.

Ғали әуелден ноғайша киініп жүретін һәм Жамалды да ноғайша киіндіріп, шәлі бүркендірген соң жолда көрген кісілер шүбәсіз ноғай деп біліп, бұлардан қауіптенбей, көңілдері шаттанып, оңашада ойындағы сөздерін сөйлесті. Ғали сұрады:

– Егер жаман айтпай жақсы жоқ, өстіп жүргенде қолға түсіп, сені менен айырып әкетсе, қайтер едің, көніп кетер ме едің? – деді. Жамал:

¹Алғашқы басылымдардағы «үш шақырым» деген сөз оқиға желісіне қарағанда «үш жүз шақырым» болуы мүмкін. (Автор)

– Құдай сақтасын, не айтасың, жаным сенің жолыңда құрбан, сенен тірі айырылғаннан өлім маған көп артық, – деді.

...Ғали, Жамал жолда төрт қонып, Қырыққұдықтағы нағашысы Бабас деген кісінің үйіне келіп жатты. Көңілдері орнығып, қорқынышсыз күннің өткенін де білмей жатқанда, елдегілер бұрынғы қалпынша дауласып қағаз үстінен қағаз айдап, бір берекесіз, аяғы үзілмейтін дауға кіріскен еді. Ғалидың нағашысы да һәм сол елдің жақсы кісілері де: «Енді бұлар бізді пана тұтып келді ғой, біз де елдігімізді көрсетіп қорғалық, көп болса екі жыл дауласар, оның ар жағына өздері де шаршар», – деп жастардың көңілін бұрынғыдан қуантқан еді.

Бұл мүсәпірлердің бақытсыздығына қарсы бір күні Ғали төсектен ауырып тұрды. Нағашылары да үрпиісіп қалып, Жамалдың түсі қорыққаннан өзгеріп кетті.

Ғали: «Тұла бойым қызып, сүйектерім сырқыраған секілді болып тұр», – деп тынши алмай, науқасының күштілігі көрініп, төсектен тұрмай жатты. Науқасы күннен-күнге ауыр тартып, төрт-бес күннің ішінде бек қауіпті секілді көрінді. Һәрбір тамыршы дәрігерлерді әкеліп тамыр ұстатып, ұшықтатып-қақтырып көрсе де тәуір болмады. Жамалдың көзінен қанды жастар төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке кірісті. Бір минут Ғалидың қасынан кетпей, һаман ауырды деген жерлерін сипап, мөлдіреген көздерін Ғалидан ала алмай қарап отыратын болды.

Екеуінің қасында кісі жоқ уақытта:

– Менің бақытсыздығым өз басымнан асып, кесапаты саған да тие бастады, ақыры қайырлы болсын, – деп Жамал Ғалиды құшақтап жылап та алушы еді. Ғали:

– Жылама, Алла сақтар, жазылармын, қазынасы кең бір сағатын жіберер, – деп өзін, өзінен де Жамалдың көңілін жұбатушы еді. Сөйтсе де дерт күшейіп, Ғалидың халі нашарға айналды. Нағашылары: «еліне хабар жіберелік», – деп еді, Ғали рұқсат етпеді.

– Алланың жазғанынан қашып құтылмаспын, Құдай сақтар, жібермеңіздер, – деп тоқтатты.

Он күнде науқасы сонша ауырлап, хәттө арыздаса бастады. Жамал бейшара қияли болған кісідей бағзы уақытта басы айналып, талып та қалып, Ғалидан:

– Мен енді қайтемін, сенен қайтіп тірі қаламын, сенсіз дүниеде мен не боламын? – деп неше мәрте сұраса да, Ғали:

– Құдайға тапсырдым, – дегеннен басқа һеш жауап айта алмады.

Барлығы он үш күн ауырып, бейсенбі күні түс кезінде жаңа гүл шашып келе жатқан бақшадай жанып тұрған жас ғұмыр сөнді. Алла рақмат

тілесін... Жұма күні халық көп жиналып, жаназа оқып, Көкен моласы деген зиратқа апарып қойды.

Ғали жантөсілім қылғаннан бері Жамал ессіз болып жатқан еді. Нағашылары да үлкен уайым қылып, «Бір сапар бізге мұндай жұмысты болып келгенде бейшаралар бүйтіп қалды, қолымыздан өлтірген секілді болдық-ау», – деп, өздері ақылдасып, естіртіп һәм хабар айтуға кісі жіберді.

Хабаршылар Ғалидың үйіне, Жамалдың үйіне кісі салып естіртті. Екеуінің де ата-аналары қағазға жазып келтіре алмастай жылап, зарлап, қайғыланып, дүшпандары һәм сол дәрежеде табалап шатланған еді. Көп тоқтамай Ғалидың ата-анасы һәм Жамалдың шешесі қасына жолдас-тар алып, аянышты өлім болған жерге жетті. Келісімен жылап-сықтап, зиратқа барып мауқын басып, ауылға келді. Жамал бейшара аз күннің ішінде сүзектен тұрған кісідей болып, келген ата-аналарымен жылап көрісуге де халі келмеді. Жамалдың шешесі:

– Жылама, балам, бақытсыздығыңнан көр, Құдай жазбаған, обалың бізде секілді. Әуелде қазақшылық қылмасақ, мұндай іске себеп болар ма едік? Тентектік қылсаң да, теңді тауып едің, Алла лайық көрмеген соң, жылағаныңмен не өнеді, – деп бірсыпыра насихат айтты. Ғалидың шешесі де жылап:

– Қарағым, Ғалижан мен Жамалжан қашан елдің сөзінен құтылып, оң жағымды қарайтып отырар деуші едім, ол тілегіме Құдай жеткізбеді, – деп сөздің аяғын бітіре алмай, еңкілдеп жылап жіберді.

Бұлар үш күн қонып, қайтатын күні Ғалидың зиратына дұға қылмақшы болып келген еді. Молда құран оқып болған соң, Жамал Ғалидың қабірінің басын құшақтап отырып, көзінен жас ағызып сөйледі:

– Ғали, Ғали! Бақытсыз болған Жамалдың қасыңа келіп тұр, Алла тағала маған сенің қабіріңді көрсеткенше, мені алғаны жақсы болатын еді, бірақ бұйрықсыз жан шықпайды екен. Дүниеде бірге рақат ғұмыр өткеремін, Ғали тұрғанда һеш жаманға қор болмаймын дегенім төкашпарлық екен. Алла қабыл етпеді, үмітім кесілді, Ғали. Қып-қызыл шоқтың ішіне тастап, алыс сапарға жөнелдің, өзің үшін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жаным барда сені ұмытпаспын. Дүниеде патшаның баласы болса да саған теңгермеспін. Қош, жаным! Ғали! Бір мен үшін мейірбан ата-анаңды да көре алмай, қолдарынан топырақ салғыза алмай кеттің, кеш, жаным! Алла тағала ақыретте қосылуға несіп тілесін, сол уақытта ғана көрген қасіретім бір сағаттай болмай ұмытылар. Мен сорлың опасыз дүниеде қонақтай алмай адасып қалдым, қош, жаным. М... м... қош...о...ш, – деп Жамал талып кетті. Зират басындағы халық Жамалға су бүркіп, кішкене тәуір болған соң алып қайтты. Сонда да

Жамалдың есі бүтін кірмей, әлденендей мағынасыз сөздер сөйлеп келе жатты. Зираттан қайтқан соң Бабастың үйіне келіп, енді жолаушылар қайтпақшы болды. Ғалидың ата-анасы үйіне кетіп, Жамалдың шешесі Жамалды өз үйіне алып қайтты.

7

Жамал үйіне келіп тұрған соң күннен-күнге уайым-қайғысы артып, жаман болып, адам баласы аярлықтай жүдеді. Байжандар істің ақыры мұндайға айналған соң «енді қайда барар дейсің» деп, дауды да көп қозғамай тыныш жата берді. Жамал өз үйінде бір ай тұрғаннан кейін Байжанға да, Сәрсенбайға да бірдей көлденең ағайындар дәлеләт қылып, Байжанға:

– Енді сіз келініңізді алдырыңыз, пәлен-түген деген кек қылмаңыз. Әуелден неш кінәңіз болмаған соң Алла тағала жақ болып ақыры мұндай болды ғой, – деп һәм Сәрсенбайға да:

– Енді сіз де балаңызды әуелгі разы болған жеріңізге беріңіз, – деп насихат айтты. Бұл сөзге екі жағы да разы болды.

Шолпан қызынан сұрады:

– Қарағым, Жамал, жұрт мынадай деп жатыр, енді қайтеміз? – деп, Жамал:

– Апа, енді мен үшін жаманатты болмаңыз, маған енді Ғали болмаған соң бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да ықтияр бере беріңдер, Алла тағала менің маңдайымды ашайын десе, Ғалиды мұндай қылмас еді, – деп қасіреттеніп, мұңлы дауыспен жауап берді.

Жұман мырза Жамалды өзі келіп алуды намыс көрген соң, Байжанның қатыны келіп алып кетті. Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып жұрттың ауызына ілігіп, құрбысының алды болып жарқылдап жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады. Жиын-той болғанда көлге қонған аққудай көрінетін Жамалды енді көрген кісі танымай қалатын болды.

Жамалды Байжан үйіне келтіргеннен кейін болыс арқылы қағаз жазып, ұлыққа білдірді. Құдай қазасы болып Ғали Дүйсебек баласы опат болғаннан кейін билердің үкімі бойынша ата-анасы Жамалды алып келді. Жамал да енді бұрынғы күйеуіне разымын деп қол қойып, подписке берді. Жамал болып: «енді екі тарапымыздың да бір-бірімізден сұрайтын хақымыз, дауымыз жоқ», – деген соң, күллі бұл іс хақындағы ғарыздар отказ деп, начальниктен хабар келді. Бұл оқиғалар тамам болғанда октябрь жұлдызы жетіп, жұрт қыстауларына кіре бастаған еді.

Жамалдың неш уақыт ойынан Ғали кетпей, бір минут көңіл ашып, езу тартып күлмеуші еді, нешкіммен сөйлеспей, сөйлеген кісінің сөзін ұқпай я естімей бір түрлі диуана кісідей болып жүрді. Жұман ерегесіп бұрынғыларын алдына келтіремін дегенсіп, не сөйлесе ұрсып, боқтап сөйлеп, бағзы уақытта түртіп, түйіп қалып, қорлап жүрді. Байжан мен қатыны Жамалды шын ықыласымен жақсы көрмей, баласына ақыл айтып, көп тоқтатпаушы еді. Жамалдың үстіндегі киімі бек нашар болып, бағзы уақытта көздерінің алды көгеріп те қалып жүргенде, Жамал бейшара кісі көзіне көрінгенде жерге кіріп кете жаздаушы еді. Соңғы күндерде Жұманға ақыл айтушылар да болып, һәм Байжанның өзі де:

– Енді балам, жетер, «қашқан жауға қатын ер» деп көп қоқақтай берме, – десе де құлағына кірмеді. Жамалға жаны ашып көріне болысатын кісі болмай, жалғыз қолынан келгені оңашада зарланып жылау ғана еді.

Осылай қыстың бір-екі айы өтті. «Жамалдардың көрген қорлық, кемшілігін мұсылман баласына бермесін», – деп айтарлыққа лайық болып, тұрса аяққа, отырса басқа ұратын болды. Нендей ұрып-соғып қинаса да, Жамал бір сөз қарсы айтып көрген жоқ еді.

Бір күні Жұман тағы да бір себепсіз боқтаған соң, Жамал шыдай алмай:

– Мені өлтіретін болсаң біржола өлтір, әйтпесе өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме! – деді. Жұман мына сөзді ести салып:

– Я, сенің сүйіп болған байыңның күйігі басылмай жүр екен ғой, мен сенің күйігіңді басаың, – деп, сол жерде тұра салып кеудеге тепкілеп, Жамалды талдырып тастады. Бұлардың үстіне Жұманның шешесі келіп айырып алып, Жұманды ұрысып:

– Енді сен кісі өлтіремісің, – деп үйден шығарып жіберді. Жамал бір сағаттан кейін есін жиған соң ақырғы ақылын жиып, «мен бүйтіп жүріп тіршілік қыла алмайды екенмін, мұнан да бұл иттің қолынан өлгенше басқа жаққа кетіп өлейін» деп ойлады. Жамалдың бармақшы болып ойлағаны – қаладағы Фатихолла бай еді. Әйтеуір онда жетсем, біреудің самаурынын қайнатып қызметін қылсам да қор болып, халық көзіне көрінбес едім деп, осылай ойлап жүргенде күн де батып, түн болып, ел де жатты. Жамалдың бұл ойлағанына қарай осы түні Байжанның ерттеулі аты таң асып тұрған еді.

Жылырақ киім киініп, ептеп шығып Жамал әлгі атқа мініп, үлкен жолмен: «Құтқардың ба, Құдай?» деп жөнелді. Жамалдың ісі әуелде теріске басып келе жатқанмен, бұл сапарда істің сәті болмайтұғын белгісі көріне бастады. Жамал шыққан уақытта азырақ жаяу борасын

бар еді. Жамал жиырма шақырым шыққан уақытта боран көтеріліп, жол көрінбей бастады. Бара-бара боран әбден күшейіп, алды-артын орап алды. Қорқыныштың не екенін һәм жан-тән рақатын ұмытқан Жамалдың ойында Ғали ғана болып келе жатқан уақытта аты бір жерге келіп тұрып қалды. Сол уақытта байқаса, ат әлдеқашан жолдан шығып кетіп, бір қалың омбы қарға тоқтаған екен. Атты кейін бұрайын десе, екі қолы қатып қалып, тізгінді ұстауға келмей тоңып һәм күллі денесінің қалтырағанын сезді. Жамал бар күшін жинап алып, атын бұрып жүрген болып еді, һеш нәрсе көрінбей, жол табылмайтын болды. Осылай ада-сып түн ортасына шейін жүріп, өзі әбден жаурап, не болғанын білмеске айналды. Тым болмаса аттан түсіп, жаяу жүрсем жылынар ма екенмін деп, түсіп жүріп көріп еді, қалың қарға жығылып-тұрып жүре алмай, бір жерге келіп біржола құлады. Күндізінде мініліп жүріп, түнде һәм болдырған ат Жамалдың қасынан ұзай алмай тұрып қалды. Жамал да жан ұшырып, тұла бойы қызып бара жатқан секілді болып, үстіндегі киімдерін һәр жерге шешім лақтырып, бар дауысымен:

– Ғали, Ғали, қиналды жаным, қайдасың? – деп, ақырғы тіршілігінің минуты осы болып, бір ояздай елге әңгіме болған сұлу Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, декабрьдің рақымсыз боранды түнінде жан-тәсілім қылды...



3-тапсырма. Романның жанрлық ерекшелігіне байланысты сюжетін қысқаша баянда. Хрестоматияны пайдалана отырып, романның эпилогы мен прологын анықта.



Пафос (грекшеден: *pathos* – сезім, құмарлық) – құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Ежелгі грек әдебиетінде пафосты жазушының шығармашылық идеясын айқындауда, туындыларында заман бейнесінің бейнеленуі дәрежесін бағалауда негізгі көрсеткіш ретінде таныды. Пафос арқылы ақын-жазушының қоғамдық-әлеуметтік идеалын анықтау да қалыптасты. Аристотель пафосты объективтік жайлар арқылы экспрессивтік бейнелер жасау деп есептеген. Пафостың түрлерін негізінен трагедия, қаһармандық, комедия, романтика, сатиралық, драмалық т.б. деп жіктеу қалыптасқан. Көркем шығармадағы «негізгі ой», «өзекті идея», «авторлық бояу», «ұлттық реңк», «басты желі» деген ұғымдарды пафоспен тығыз байланыста қарастырған дұрыс.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Романның идеясы мен пафостық ерекшелігі неде?
2. Автор шығарманың идеясы арқылы қандай ой айтқысы келді?
3. Романда қай тарихи кезең суреттелген?
4. Не себепті автор романды «Бақытсыз Жамал» деп атаған? Романға ат қойсаң, қалай атар едің?
5. Романда ұлттық пафос қалай көрінген?



5-тапсырма. Шығармадан тура және жанама мінездеуді тауып, берілген кестені толтырыңдар.

Кейіпкер	Мінездеу түрі	Шығармадан дәлел келтіру
Сәрсенбай		
Шолпан		
Жамал		
Ғали		



6-тапсырма. Жамалдың мінезіне байланысты берілген анықтамаларды дәлелдеу үшін шығармадан үзінділерді тауып, талдаңдар. Хрестоматиядағы толық нұсқаны пайдалануға болады.

Мінез ерекшелігі	Шығармадан үзінді	Менің ойымша...	Мақсаты бар
Зерек, оқуға бейім	Үш жарым айда Жамал мұғалімнің ыждағаты, өзінің өткір зейіні саясында хат танып, жазарлықтай болды.	Жамал аз уақытта хат танып, жазу жазуды үйреніп алды.	Көптеген қисса, дастандарды оқыған.
Ақылды			
Ақын			



7-тапсырма. Шығармаға композициялық талдау жасаңдар.



8-тапсырма. Хрестоматиядағы нұсқаны пайдалана отырып, сұрақтарға жауап бер.

1. Сәрсенбай не себепті Жамалды Жұманға тұрмысқа берді?
2. Жамал Жұманды неліктен ұнатпады?
3. Жамал мен Ғали қайда кездесті? Жамал мен Ғали арасындағы сезім қандай сөздермен берілген?
4. Шолпан не себепті Сәрсенбайға ренжіді?
5. Ғали мен Жамал кімнен көмек сұрады? Неліктен?
6. Жамал Жұманның үйінен неге қашып кетті?
7. Жамалдың ажалы неден болды?



1. Мәтінді тыңдап, теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздерді тауып, талдаңдар.

1-мәтін. Уақыты – 10 минут.

2. Мәтінді тыңдап, Жамалға деген автордың көзқарасын анықта. Автор Жамалдың бейнесін ашуда қандай сөздерді қолданған?

2-мәтін. Уақыты – 10 минут.



9-тапсырма. Романнан алған әсерлеріңді баяндап, авторға хат жазыңдар.



10-тапсырма. Романдағы негізгі оқиғалар мен тартысты Шәкәрімнің «Еңлік–Кебек» дастанымен салыстыр. Екі шығармадағы жастардың да бақытты бола алмауына не себеп болғанын айтып бер. Романдағы тарихи уақыт пен көркемдік ерекшелікті сарала.



11-тапсырма. Романның оқиғасына байланысты өз ойыңды шағын эссе түрінде жаз. Эсседе шығарманың көркемдік-идеялық құндылығына баға бер. Жамалдың тағдырының не себепті қайғылы аяқталғанына назар аудар.



12-тапсырма. Роман бойынша жазылған ғылыми талдауларға сүйене отырып, романның сюжеті, автордың тіл шеберлігі, кейіпкерлерінің ерекшеліктері туралы сыни пікір жаз. (Р. Нұрғали құрастырған «Қазақтың 100 романы» анықтамалығын пайдалануға болады).



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

(1910–1982)



Бауыржан Момышұлы – халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Ол 1910 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау деген жерде туған. Бауыржан Момышұлы жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, командир атағын алады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан Момышұлы генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Ол батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Момышұлының қаһармандық ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А. Бек «Волоколамск тасжолы» повесінде жан-жақты жазды. Б. Момышұлының өміріне арналған Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» (1976) романы жарық көрді, «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967) көркемфильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тасжолы» спектаклін қойды. «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954, орыс тілінде), «Біздің семья» (1956, орыс тілінде) атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрді. Момышұлы еңбектерін

орыс-қазақ тілдерінде бірдей жазды. Мұнымен қатар «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962, орыс тілінде), «Генерал Панфилов» (1963, қазақ тілінде – 1966), «Төлеген Тоқтаров» (1965), «Куба әсерлері» (1965), «Ел басына күн туса» (1970), «Ұшқан ұя» (1975), «Адам қайраты» (1981) т.б. кітаптары жарық көрді. Шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды. Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағы басылған.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығы туралы басқа қандай шығармаларды білесің?
2. Не себепті Бауыржан Момышұлы өз шығармасын «Ұшқан ұя» деп атаған? Егер өз отбасыңның тарихын жазсаң, ол шығармаға қандай ат қояр едің?



2-тапсырма. Повестің толық нұсқасын хрестоматиядан оқып шық. Повесть бөлімдеріне ат қойып, композициялық жүйесін талда.

Ұшқан ұя

(Повестен үзінді)

1

Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.

Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келіннің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келіннің аруағына бағыштап құран оқытар еді.

– Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия, – деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын. Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, маңдайымыздан сүйетін.

Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болады.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп, қорқып қалады. Ақыры бөрі Байтоқты жұлмалай, «не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана Байтоқ:

– Жеңешем ұл тапты, – депті.

Үрейден үрпиіскен жұрт енді мез-мейрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп атандырыпты.

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жегжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

– О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

– Ақментей бабасындай батыр болсын!

– Ақмоладағы Батырбасыдай мәрт болсын!

– Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!

– Домалақ анамыз жар болсын! – десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

– Төл немерең – бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, – десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді –

Сыңары болсын, құлыным.

2

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

– Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, – депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем, құл болма,
Шыбық деп берсем, шіл болма.
Бәрінен де шырағым,
Баяны жоқ ұл болма, –

деп келініне мені қайтарып берген екен.

Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты.

3

Мен туғанда әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты.

Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күйінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де:

– Момыштан сұрандар, Момыш біледі, – деп отырады екен.

Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай – бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Өлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жо-

лын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзі тірісінің өзінде біздің шағын ауылды «Момыш ауылы» дейді екен.

Шаруамыз шап-шағын еді. Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табанақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған.

Жас кезінде өкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты. Ал әжем оны «Қара қатпа» деуші еді. Өкем орта бойлы, арық, қара кісі еді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шүңгіл еді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын. Әжем оны «Тарамыс» деп те атайтын. Сол күштілігіне бола атаса керек. Мен бірде әжеме:

– Неге «Тарамыс» дейсіз? – деппін өкемді кемсіткен екен деп.

– Не десе де шешемнің еркі, – деп күлді өкем.

– Қарай гөр, мына жаманды, әкесіне болысып жатыр-ей, – деп әжем өтірік ашуланған болды.

Өлі есімде, бір рет өкемнің Момынкүл дейтін інісі әжеме:

– Қойшы, апа! – деп дауыс көтеріп қалып еді, әжем тарс кете жаздап:

– Сен тұрмақ, Момыш маған осы күнге дейін бетіме тік қарап сөйлеген емес. Сен қайдан шықтың, иттің күшігі! Жоғал, көзіме көрінбе! – деп үйден қуып шықты.

– Не болып қалды? – деп өкем кіріп келді. Әжем оны аймалап, арқасынан қағып:

– Анау інің көргенсіздеу болып бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды, – деді.

– Мақұл, апа, сазайын тарттырайын. Бірақ ұрмай-ақ қояйын, мақұл ма, апа? – деді.

– Мейлің, – деп күрсінді әжем.

Момынкүл көкем сол түні қой қорада түнеп шықты. Таңертең өкем оны жақсылап сөгіп салып, басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жіберді. Сол екі ортада әжем енді Момынкүлді сағынып:

– Әй, әлгі тентек неме қашан келеді? – деп қайта-қайта сұрай бергені ғой, жарықтық.

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып, баппен қымыз ішіп отыр екен... Өкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да, құлағым: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда», – деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассалаумағалейкүм, аталар», – деп әр сөзді қадап-қадап айттым.



Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін, бәрі де бір ауыздан: «Әлейкүмассалам!» – десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сөйтеді», – дейтін.

4

Әкем маған атаатегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын.

– Мен Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.

5

Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді.

– Қозы маңырайды, бұзау мәңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, қодық ақырады...

Әжем бұған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын.

6

Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...

Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанымен, солардың бірде-бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем, ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сезім өзіме қанымның тартқанынан немесе жақыныма сезімімнің бөлектігінен, әлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз. Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын... Иә, әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы, шынайы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан; ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді. Өрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін, әке әңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін орындай бермейтінмін... Ол кезде мені қызықтыратыны ертегі-аңыздардың ғажайып оқиғалары еді... Енді міне есейіп, ер ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой...

Менің ұстаздарым әріптен бастап буынға дейін, сонан соң ақ қағазға қаламмен өрнек жазуға дейін үйретті. Келе-келе жүйелі оқып, есепті жүйрік шығаруға қол жетті. Ал өмірдің өзі ше? Осынша ғұмырымның ішінде түрлі-түрлі күрделі жағдайда; толқымалы тоқсан сырлы кезеңде кездесіп дидарласқан, тағдырлас болған, табақтас болған адамдар ше? Мамыражай сәттерден мазасыз майданға көшіріп, көбік шашқан өмір

дариясының бір толқынынан екінші толқынына аямай лақтырған уақыт ше? Осының бәрі де менің тірлігімдегі тірек болған, жүрек болған, қол ұшын берген, қорған көрсеткен ұстаздарым деп білем. Осындай уақыт талқысы ғана, өмір өткелдері ғана, тірлік тізбегі ғана менің әжемнен үйренген «жақсы», «жаман», «мақұл», «немақұл» деген сөздердің байыбына терең бойлата алды.

Әжемнің «осылай болған екен» деген сөздері мені бірде ғасырлардың шыңырауына сапар шектірсе, бірде құс қанатындай демеп, ілгері ұмтылдырды, биікке самғатты...

Міне, енді өзім де әке болып ұл өсіріп, қыз өсіріп отырғанда, немере сүйіп мейірленген сәттерде олар да маған аңғал да адал, бірақ құштарлыққа толы шынайы сұрақтар береді. Тағы сол сәтте осы балаларымның дәл мен сияқты ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қайта өкінем, қабырғам қайысады.

«Қаншаға келдің, қарағым?»... деп қай баладан сұрасаң да, өз жасын мақтанышпен айтатыны мәлім. Қазір жыл сайын баланың туған күнін тойлау дәстүрге сіңіп болған әдет. Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес, мүшелді кезеңдерді тойлаушы еді. Алғашқы мүшел – нәрестенің қырқынан шығатын күн. Бұл күні үй ішінде емес, ауыл-аймақта да көтеріңкі көңіл, көп шаттық үстем болатын. Екінші мүшел – баланың жеті жасқа толған күні. «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» деп тегін айтылмаған ғой. Сол жетіге толған күні өрен аяғын жерде нық басты деп санайды. Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек. Ата-ана мен төңірекке бұл үлкен қуаныш. Ендігі мүшел – 13 жас. «Он үште отау иесі» деген мақал бар. Бұл енді оңды-солыңды тани бастадың, ер санатына іліктің, сенімен есептесер, ақыл бөлісер кезең келді деген сөз. Енді сен өзгенің жетегінен гөрі өзің тізгін ұстағанды, өзің ат жалын тартып мінгенді қалайсың. Азамат мүшелінің алды осы. Ең ақыры толықсыған жігіт шақтың мүшелі – жиыр-ма бес жас.

Әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты. «Тышқан жылы, сиыр жылы, жылан жылы, жылқы жылы, мешін жылы, тауық жылы, доңыз жылы, қоян жылы, қой жылы, барыс жылы, ит жылы, ұлу жылы» деп жаттаушы едім. Алайда әкем сол жылдардың мәнін, неліктен осылай аталатынын түсіндірген емес.

Бірде әкеме жаттағандарымды жаңылмай айтып бердім. Ол мені мақтап арқамнан қақты. Осы мақтауға масаттанып, әжем отырған үйге жүгіре жөнелдім. Сондағы ойым – білгенімді тақпақтап, олардан да құптау сөз есіту еді...



Үй іші қоңырсалқын екен. Әжем қос сабаумен тулақты кезек-кезек тарсылдатып жүн сабап отыр. Сабау дыбысына құлақ тоссаң, әлдебір өуен сазын ойнағандай сезіледі. Екі өпкем мен жиен қызымыз біреуі жүн тасып, екіншісі тулаққа төсеп, үшіншісі ұршық иіріп, көмектесіп жүр... Мен дүниені көшіріп жіберердей ентелей келіп, әжемнің иығынан сілкілей беріппін:

– Әже, әже, тоқташы! Не үйренгенімді айтып берейінші.

– Құлыным-ау, сабыр етші. Мен жүнімді сабап болайын. Сонан соң асықпай тыңдаймын ғой, – дейді әжем еркелетіп.

Енді менің екпінім бәсеңдеп, әжемнің қасына отыра кеттім де, жүн шашып ойнай бастадым. Кіші өпкем түйдекті жұлып алып, итеріп жіберді. Қатты ызаланып, мен оны «маймылсың» деп келемеждедім. Өпкем өкпелеп, жағымнан тартып жіберді.

– Неге маймыл дейсің?

– Өйткені сен маймыл – мешін жылы туғансың.

– Ал онда сен доңызсың. Өйткені сен доңыз жылы туғансың! – деп өпкем маған тілін шығарып келеке етті.

Мен шыдап тұрайын ба, ызаға булығып, өпкеммен жұлқыса кеттім.

Әжем мейірлене күліп, екеуімізді арашалап жүр.

– Құрманкүл қай жылы туған?

– Тауық жылы, – деді әжем.

Құрманкүл тұлымы желбіреген жіп-жіңішке нәзік қыз еді.

Бәріміз енді оны «жүнін жұлған тауық» деп мазақтадық.

Құрманкүл сөз таба алмай жылап жіберді...

Сонда ғой әжемнің бәрімізді отырғызып, ыстық күлше үлестіргені. Сөйтіп, өзі ортаға отырып алып, әдемі аңыз айтып еді-ау.

– Балаларым, құлақ салып тыңдаңдар. Көңілге түйіп, ұғып алыңдар. Жаппар ием жарық дүниені, Күн мен Айды, жарық пен қараңғыны жаратарда, күнге, аптаға, айға және жылға ат қоюды ұмытып кетіпті... Жер бетіндегі тірі дүниенің бәрі, жан-жануар күн санауды, уақыт өлшеуді білмей, бейберекет жүре берген екен. Ақыры дүниенің сапырылысқаны сонша, тіптен кімнің үлкен, кімнің жас екенін ажыратудан қалыпты. Жасты бойға қарап өлшейтін болыпты. Кімнің бойы ұзын болса, үлкені сол деп есептеліпті. Қытымыр қыс қашан түсіп, көгілдір көктем қай кезде келерін, жадыраған жаз мөлшерін, берекелі күз кезеңін ешкім де ажырата алмайды екен. Сондықтан қой мен түйенің жүні түлемей сабалақ боп жүріпті. Адамдар болса қойдың өлі жүнін, күзем жүнін қырқуды да білмепті. Жаратушы ием, осы сан-сапалақ сапырылысқан тірлікке зер сап тұрып, дүниеге көңілі толмайды. Сондықтан да адамдарды саналы тірлікке үйретпек болады. Адамдар уақытты өлшей білсін, уақытпен санаса білсін, уақытты қастерлей білсін, ол үшін айды аптаға, аптаны күндерге, ал жылды он екі айға бөлу керек деп түйіпті Тәңірі. Сонда адамдар мал төлдеп, аққа ауызы жетер кезді біледі; жүн қырқып, киіз басатын уақытты біледі; жаз жайлауға шығатын шақты сезетін болар депті. Сөйтіп, Тәңірі әр айды жыл мезгілімен атайтын болыпты. Ал Айға адамдардың көмекшісі бол, жүзінді ашып-жауып тұрып, есеп жүргізуге көмектес депті. Жұлдыздар күн райының хабаршысы болады деген екен.

Осылайша адамзат ұзақ жыл өмір сүріпті. Күндердің күнінде жыл мезгілі қайтадан ауысып кетіп, адамдар жаңылысып қалады. Бір жыл бір жылға ұқсас: көктемнен көктемнің, қыстан қыстың айырмасын аңғара алмай, адамдар аңтарылып отырыпты. Сондықтан да олар өткені ізсіз, болашақтан бейхабар қала берген екен.

Жаратушы Тәңірінің жар құлағы жастыққа тимей, күндіз-түні ойға батыпты. Ақыры жан-жануар, аң біткенді жинаған екен. Осы жиында өз ойын білдіріпті. Енді есеп жүргізуді он екі айдың есебінен мүшел бойынша енгізетінін айтады. Ол үшін он екі жылдың әр жылын жануарлар атымен атайтынын баяндайды. Сондықтан жан-жануар тегіс жазық

далаға шығып, таң сәулесін күтсін. Шығыстан күн көтеріліп, алғашқы алтын нұры жер бетіне төгілген сәт жыл басы болсын. Сол нұрды бұрын көргеніңнің атымен бірінші жылды атаймын. Екінші көргендердің екінші жылға ие боласындар. Осылайша он екі жануар он екі жылға иеленеді деген екен.

Аң біткеннің барлығы ашық алаңға жиналып, бозала таң атқанша бір-біріне мақтана бастайды. Біреулер көзінің қырағылығына, біреулер өзінің жүйріктігіне сеніп, күн сәулесіне бәрінен ерте жететініне шүбәсіз болады. Ал түйе болса маңғаз басып, ырғала ыңыранып, ернінен көбік шұбыртып, мойнын сан құбылтып, төңірегіндегінің біреуін де көзіне ілмей жатқан екен... «Таласып таусыла беріңдер, бейшаралар, босқа болдырғанша, алаңсыз тыныға берейін. Мен сендер сияқты күн сәулесін күтіп шығысқа жүгірмеймін де, көз майын тауысып, төңірекке үңілмеймін де. Құба жондай бойым бар, құлаш-құлаш мойын бар. Осы жатқан күйімде мойнымды бір созсам, бәрің жер бауырлап қаласындар. Күн шапағы шашырарда мен мойнымды созып жіберіп, жыл басын өзім көрермін әлі. Төңірден алғашқы жылдың атын өзім алып қайтам», – деп тіккенек күйсеп жата береді.

Бейшара тышқан өзінің дәрменсіздігін мойындап, жан ұшыра безек қағады. Мынау жатқан алып түйенің қасында ол өзін құмырсқадай сезінгенде бар болмысы шиыршық ата шиқылдапты. Сонда да жылдан дәмелі неме емес пе, әркімге жалбарына қарап, жалына сұрақ берумен болған екен: «Мен қайтемін? Мен қайтемін?!» – дей беріпті. Тіптен түйенің қасына келіп, шыңғыра шиқылдап, одан да әлгі сұрағына жауап іздейді. Маңғаз түйе мойнын да бұрмай, ақкөбік жынын тышқанға бүркіп жіберіпті де, былай депті: «Масадай болған бейшара, мазамды алмай көзіңді жоғалтшы. Сенің бойың шөптен де аласа, шөңгемен тең емессің бе? Кеудеңде жаның бар демесең, кесек құрлы мыжып кетуге жарамайтын сорлы, сен жылдан дәмәтпей-ақ, жайыңа жүрсең қайтеді...» – деп көзін жұмып, ыңыраныпты түйе.

Тымық түн төңіректі әлдилеп, дүниені теп-тегіс маужыратқан кез орнапты. Сонан соң көгілдір аспанның көздеріндей болып жұлдыздар ойнақшыпты. Сары далада тек қана әлсін-әлсін алыстан шиебөрінің ұлыған үні естіліп тұрған екен. Онан өзге дыбыс та, онан өзге сыбыс та білінбепті... Айналаны торуылдаған аң біткеннен бәрі күншығысқа қадалған күйі көз ілмей күткен екен...

Міне, таң арайы таңдайланып, алыс көкжиекті ақ сүтке шомылдыра бастапты.

Түнімен тағатсыз күткен жан-жануар безек қағып, берекесі кетеді. Біреуі мойнын созып, бірі секіріп, алғашқы сәулені алдымен көруге арпалы-

сып жүр. Қу түлкі болса, құйрығын бұлғақтатып, әр тұстан жылт етіп бой көрсете береді...

– Е-е, осыларды қойшы... Маған не асығыс бар, – деп есінепті түйе.

Кенет оның төбе тұсынан шіңкілдеген үн естіліпті:

– Мен көрдім, мен көрдім! Алтын сәулеге шомылған ақша бұлт көтеріліп келеді.

Бұл түйенің төбесіне шығып алып бәрінен бұрын жыл басын көрген тышқан еді.

– Үнің қайдан шығып тұр, құмалақтай болған сен бәленің? – деп бұрылыпты түйе.

– Мен сенің төбеңде тұрмын. Бәрі анық, бәрі әдемі көрінеді екен. Алғаш көрген өзіммін, жыл басы да өзіммін! – деп тышқан мәз болып шиқылдапты. Ашулы түйе басын сілкіп қалғанда, байғұс тышқан атқан кесектей ұшып «мен бірінші көрдім» деп, айқайлаған күйі алысқа топ ете түскен екен.

Жыл басы тышқаннан басталатыны содан, құлындарым. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мақал осыдан шыққан ғой. Кейде «түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ» деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер дегені. Сондықтан түйеге ұқсап орынсыз түксие бермеңдер, шырақтарым. Ақылға жүгініңдер», – деп күліп еді әжем.

Осы сәтте үйдің шаңырағынан бір қарлығаш ұшып кірді. Мұны сезген ұядағы шақалақ балапандар ауызын ашып, қорек тілей бастады. Бәріміз де төбеге қараппыз. Қарлығаш төбедегі ұясының шетіне жайғасты да, балапандарын кезектеп жемдей бастады. Алғашқы шақалақтың ауызына жем тастап жіберген қарлығаш қайта ұшты. Қарлығаштың аспанға тік атылып, қанат қақпай қайтадан төмен құйылғаны шаңырақтан айқын көрініп тұр. Көп ұзамай, ол екінші балапанға жем әкелді. Осылайша қалқып ұшып, қайта кіріп қанаты талды ма, ақырғы балапанын жемдеген қарлығаш енді ұя ауызында отырып тарана бастады. Шіркіннің сүйкімдісі-ай.

– Фью-ю! – деп ысқырып жібердім де, әжемнің сабауын ала салып, қарлығашқа сілтеп үркіттім.

– Е-е! Жаман бала болмасаң етті! Бұзақының тірлігі ғой мынауың – деп, әжем қолымнан ұстай алды. – Қарлығашқа неге тиесің? Бұл киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең, сен бейбақ? Балапанын емін-еркін ұшырып, бақытын тапқанша бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым ғой... Қонағымға қол көтергенің – мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым, – деп ұялтып тастады.

Қыздар мені мұқатқанына мәз болып күліседі.

Сонда әжем мені бауырына тартып, маңдайымнан иіскеп былай деп еді:

– Қоя ғой, құлыным. Кел, алдыма отыршы, мен саған қарлығаштың құйрығы неге айыр болғанын, масаның тілі неге жоқ екенін айтып берейін.

Мен қуанып кеттім. Өйткені әжемнің әңгімесі ерекше баурап, жанымызды жайлап алатын:

– Ұлы патша Сүлеймен деген өтіпті баяғыда, – деп бастайтын әжем әңгімесін. – Ақылы асқан, жер бетінде де, су астында да, аспан өлемінде де өділдігімен әйгілі екен. Патша барлық жан-жануардың, құрт-құмырсқа, бақа-шайнның, балықтың тілін біліпті. Күндердің күнінде патшалығына жау шауып, әлек салғанда, жау бетін у себелеп қайтарған жылан екен. Бұл баға жетпес ерлікке риза болған Сүлеймен патша жыланға:

– Қалауыңды айт, не тілесек соны берем, – депті.

– О, ұлы патшам, – депті жылан үш оралып жатқан күйінде басын қаздтып, – жалғыз-ақ тілегім бар. Мен және менің ұрпақтарым жер бетінде ең төтті қанды сорып өтсе деп тілеймін...

Сүлеймен біраз ойланып қалыпты. Алайда хан сөзі қашан да біреу емес пе?!

– Айтқаның болсын. Кімнің қаны төтті екенін өзің ата, – деген екен.

– О, ұлы патшам, – деп шағыныпты жылан, – кімнің қаны төтті екенін мен қайдан білем. Мен бір Құдайдың сүйкімсіз жаратылған жәндігі емеспін бе. Көргеннің бәрі жиіркене жиырылады, бар денем тас-тай, өн бойымда жылу жоқ, ешкімнің мейірімін көре алмай, ешкімнің құшағына ене алмай қалған жексұрын бейбақпын ғой. Қауыз-қауыз алапес денемді көргенде, тірі жанның бәрі тітіркеніп теріс айналады. Ұшарға қанат жоқ, жүрерге аяқ жоқ – бауырмен жер сызған бейшарамын. Қусам жете алмай, қашсам құтыла алмай, қор боп жүр емеспін бе? Тіптен күн сәулесінің өзі менен қашып, тайғанақтап тұрмайды. Амалсыз құмда қыздырынып, ұзақ уақыт жатқаным. Аяғы барлар алыстан қашады. Қанаты барлар қалықтап асады. Осы мүсәпір халіммен кімнің қаны төтті екенін қайдан білейін? Бас-қасын былай қойғанда, Алла тағала сілекейімнің өзін у етіп жаратыпты!

Әділетті Сүлеймен әбден ойланыпты. Тірі жанның қай-қайсысын болса да азапты өлімнің ауызына апарып беру оңай дейсің бе?! Сүлеймен патша соны ойлап, көп кідіреді. Амал қанша, уәденің аты уәде. Патша жарлығы екі айтылмаған. Уәдесін қайтып ала алмайды. Неде болса орындау керек.

Содан патша ине тұмсық шаққыш жәндіктерді шақырыпты да, дүниенің төрт бұрышына жұмсапты. Ұшып жүріп, жан-жануарларды

шағып, қанын сорасыңдар, сонан кімнің қаны төтті екенін анықтап қайтасыңдар деп, жарлық етіпті. Патша жарлығын бұлжытпай орындауға шабармандар ұша жөнеледі.

Содан талай күндер өтеді. Шабармандар қан татып, қара біткеннің бәріне қонады. Кеудесінде жаны бардың бәрі тегіс келер хабарды қалтырап күткен екен. Бақытсыз күн қайсысының басына орнарын білмей, жандарын қоярға жер таппапты. Жылан тілінен, жылан уынан өлуді кім тілейді дейсің.

Осындай үрейлі уақытта қарлығаш күн сайын қанаттының бәрінен бұрын аспанға ұшып шығып, хабаршылардың алдын тосумен шолғын шолады. Бір күні ол салпақтап ұшып, самарқау ызыңдап келе жатқан хабаршы масаны көріпті. Хабаршы біткеннің алды осы маса еді. Қарлығаш оны көріпті де, алдынан қарсы шығыпты. Жай білуге асығып, жайдары амандасқан болыпты.

– Аманбысың, масажан... Басыңнан бақ кетпесін. Сапарың оң болды ма? Сүлеймен патшаның қарауындағы аспан мен жерде, тау мен көлде, жазық пен жапанда қандай жаңалық бар екен? Не көріп, не білдің? Не тұшынып, не түйдің?

Маса қарлығаштың сәлемін көңілді қабылдамай, әңгімеден тайқып, патша жарлығын орындап келе жатқанын, енді соны естіруге асығыс екенін білдіріпті.

– Онда мен сенің жолсерігің боп ұшайын. Әңгіменді де жолай естірмін, – депті қарлығаш.

Екеуі қатарласа ұшып келе жатқанда, маса қарлығашқа әңгімесін айтыпты. Сүлеймен патшаның жарлығын қалай орындағанын мақтана баяндапты.

– Сонда кімнің қаны бәрінен де төтті екен? Есіткенше мен де құмартып барамын, – депті қарлығаш.

– А-дам-ның қа-ны! – деп маңғаздана ызыңдайды маса.

– Жо-жоқ... Сен алдап келесің! – деп шошып кетеді қарлығаш.

– Ант етемін! Өтірік айтсам, Алланың аспаны төбеке құлап түссін. Адамның қанынан төттісі жоқ. Тілімнен дәмі әлі кетер емес...

– Кәне, тіліңді көрсетші!

Ақымақ маса тілін шығара бергенде, қарлығаш оның тілін көмейімен жұлып алыпты.

– Өтірік айтқанның тілі осылай кесіледі! – деп қарлығаш қуаныштан сайрап жіберген екен. Мұнан кейін ол өзге шабармандардың да алдынан шығыпты. Өзгелердің де жауабы масаның жауабындай боп шығады. Адамға жаны ашыған қарлығаш сонаның да, араның да, көк шыбынның да тілін суырып алыпты.

Хабаршылар түгел жиналып болғанда, Сүлеймен патша тағына келіп отырған екен. Ол алдымен масаға сұрақ қойыпты.

– Ал, көне, кімнің қаны тәтті екен. Соны айтшы?

Маса тіл қатпақ екен, бірақ «вззз» деп ызыңдағаннан басқаға шама-сы келмепті.

– Немене, маспысың? Тілің жоқ па өзіңнің? Түсіндіріп айтшы.

Тілі жұлынған маса «вззз» деуден аса алмаған екен.

Масадан мардымды еш нәрсе шығара алмасын сезген патша әлгі сұрағын араға да, сонаға да, көк шыбынға да қойыпты. Алайда бірі «дззз», бірі «жжжжжж», бірі «жжууу» деп төңіректі ызыңға толтырып жіберген екен.

– Бұларға не болған? Мына ызыңнан бірдеме ұққандарың бар ма, сірә, – деп Сүлеймен патша ашу шақырады. Сол кезде қарлығаш топ алдына ұшып шығыпты да, патшаның аяғына бас иіп, былай депті:

– Мен түсіндім. Ұлы патшам, бұлардың бәрі де бірауыздан бақаның қаны тәтті деп тұр.

Сүлеймен патша тағынан тұрыпты да, жарлығын бекітіпті.

– Айтқаның болсын! Бақаны саған бұйырттым, жылан еке.

Хан тағының етегінде жатқан жылан алас ұрып жынданғаны сонша, тіптен өз уына өзі шашалыпты.

– Қарлығаш алдап тұр. Бұл жалған! – деп ысылдапты жылан.

– Айтқаның болсын, – деп қайталапты Сүлеймен патша. – Патша жарлығы екеу болмайды. Бақа қаны бұйырды саған.

Сонда айбарлы жылан қарлығашқа тап берген екен. Алайда қарлығаш қанат қағып үлгеріпті. Тек жылан тілі оның құйрығын тіліп өтіпті.

Міне, қарлығаштың құйрығы содан айыр болған деседі, ел аңызы, шырақтарым. Ал маса, сона, шыбын, араның ауызынан адам қанының дәмі әлі кетпепті деседі аңыз. Сондықтан да адам сәл мызғып кетсе, әлгілер үйіріліп келіп шағып кетеді екен, – деп әжем ақжарқын кейпімен күлді де, мұрнымнан шертіп қойды. – Енді түсіндің бе, ботам?!

Содан бастап мен таңертең көз ашқаннан ел ұйқыға кеткенше қарлығаштың сайрауына сұқтанып, дос сезіммен қамқор боп жүретін болдым.

Әжем айтқан аңыздың тағы бірі ойыма оралып отыр... Бірақ оны кейінірек баяндармын...



3-тапсырма. Повестің эпилогы мен прологын анықтап, сюжеттегі негізгі оқиғалар тізбегі туралы айтып бер.



Әдебиеттің халықтығы деп шығарманың халықтың тілек-мүддесіне толық сәйкес келер идеялық-көркемдік сапасын айтамыз. Шынайы халықтық әдебиет заманның ең озат арман-мұраттарын бейнелеп көрсетеді. Шығарма толық мәнінде халықтық сипат алу үшін жазушы сол дәуірдегі қоғамның дамуынан туындап отырған, тарихтың өзі алға қойған ең көкейкесті мәселелерді толғай білуі және оларды халықтың көзімен қарап, түсініп, көркемдеп баяндап беруі шарт. Әдеби шығарманың халықтық сипатын арттыра түсетін маңызды ерекшелік – оның қалың қауымның, оқушы жұртшылықтың ой-санасына жанасымдылығы, ұғым-түсінігіне жақындығы, өмір құбылыстарын бейнелеу шеберлігінің мейлінше қарапайым және көркем болып келуі.

З. Ахметов

Ұлттық характер – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды.

Т. Бекниязов



4-тапсырма. Повестің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Кейіпкерлердің бойындағы ұлттық характерді білдіретін сөздерді теріп жазыңдар.



5-тапсырма. Шығармадан тура және жанама мінездеу арқылы жасалған көркем бейнелерді тауып талдаңдар. Гротеск тәсілімен жасалған көріктеу құралдарын тауып, мағынасын түсіндіріңдер.



Гротеск – жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, әжуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Гротеск тәсіл ретінде әртүрлі жанрдағы шығармаларда орын алып, жан-жақты дамып, өрістей түсті. Тура мағынасында ақиқаттан алшақ кету болғанымен, өмірдегі болатын шындық жағдайды айрықша тапқырлықпен, есте қаларлықтай әсерлі етіп жеткізеді.



6-тапсырма. Автор өз ойын қай жақтан баяндаған? Не себепті автор өткен шақта сөйлейді? Берілген кестеге автордың атасы, әжесі, әкесіне және анасына деген көзқарасын білдіретін сөйлемдерді жаз.

Атасы	<input type="text"/>	}	Автор
Әжесі	<input type="text"/>		
Әкесі	<input type="text"/>		
Анасы	<input type="text"/>		



7-тапсырма. Повестен ауыспалы мағыналы сөздер мен фразеологизмдерді тауып, кестені толтырыңдар.

Ауыспалы мағынадағы сөздер мен фразеологизмдер	Мағынасы



8-тапсырма. Повесте қандай халық ауыз әдебиеті мұралары туралы айтылады? Әже ертегілеріндегі кейіпкерлер балаға қалай әсер етеді? Бұл ертегілерді бұрын естіген бе едің? Өз ойыңды дәлелдеу үшін шығармадан үзінділер келтір.



9-тапсырма. Мәтінді тыңдап, табиғат пен адам арасындағы үндестікті жазушы қандай сөздермен бергенін анықта. Берілген үзінді туралы өз көзқарасыңды білдір.

1-мәтін. Уақыты – 15 минут.



10-тапсырма. Мәтінді тыңдап, теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

2-мәтін. Уақыты – 7 минут.



11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Шығармада қандай рухани құндылықтар туралы айтылған? Повесте қазақ халқының қандай отбасылық дәстүрлері суреттеледі?
2. Бата беру дәстүрі туралы не білесің? Имаш атаның берген батасын талдап, мағынасын түсіндір.
3. Автор естеліктерінде әже мен әке, әпке бейнелерін суреттеуде қандай сөздерді жиі қайталайды? Не себепті?
4. Отбасындағы туыстық қарым-қатынас пен үлкендерге құрмет туралы автор қандай пікірлер айтады? Автор пікірімен келісесің бе?



12-тапсырма. Повестің тақырыбы мен идеясын өзің оқыған көркем шығармалармен салыстырып, рухани құндылығына баға бер. Авторға өз ойыңды айтып хат жаз.



13-тапсырма. «Отан отбасынан басталады» деген тақырыпта повестің көркемдік-идеялық құндылығын бағалап, әдеби эссе жаз.



14-тапсырма. «Үшқан ұя» повесі бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерді саралай отырып, өз сыни пікіріңді жаз.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

(1931–1976)

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы қазіргі Райымбек ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының дәстүрі бойынша үйдің тұңғыш баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс. Сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өседі. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Мұқағалидің «Қарлығашым, келдің бе?», «Дариға жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің» (1975), «Соғады жүрек», «Шолпан», «Жырлайды жүрек», «Өмір-өзен», «Өмірдастан» т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ «Қош, махаббат!» (1988) атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне өн жазылды. Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқағали Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» деген бөлімін (1971), Шекспирдің «Сонеттерін» (1970), Уолт Уитменнің өлеңдерін (1969) қазақ тіліне аударды. Ақынның көзі тірісінде 3 аударма кітабы – У. Уитмен «Шөп жапырақтары» (1969), У. Шекспир «Сонеттер» (1970), Д. Алигьери «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» бөлімі (1971), 8 жыр жинағы – «Ильич» (1964), «Армысыңдар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1968), «Мавр» (1970), «Дариға жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975), «Өмірдастан» (1976) т.б. жарық көрді. У. Уитмен, У. Шекспир, Н. Тихонов, Р. Бернс, Ф. Ансари, А.Акопян, А. Исаакян, Е. Евтушенко, Ф. Моргунның бірнеше өлеңдерін аударды.



Ю.А. Александров, М.М. Курганцев тәржімалаған ақын өлеңдері «Зов души» деген атпен орыс тілінде басылып шықты.



1-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты шағын зерттеу жүргіз. Зерттеуде ақынның поэмаларының тақырыптары мен негізгі идеясы, көркемдік ерекшеліктері туралы мәліметтер келтір.



2-тапсырма. Поэmanın толық нұсқасын хрестоматиядан оқы. Эпилог пен прологтың поэма мазмұнын ашуда қандай рөл атқарып тұрғанын айтып бер.

Аққулар ұйықтағанда

1

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!
Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда.
Жетісіп бір «Жетімкөл» қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау, теңселген қара орман да.
Таянғанда аққулар қонар маңға,
Басушы еді-ау, байызын бар арман да!

Қанатынан аққудың балапандап,
Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын «Жетімкөл» Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықпастан,
 Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
 Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,
 Аққуын айдын көлдің налытпастан
 Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
 Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,
 Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
 Шойырылтып, түссе-дағы қайғым белге,
 Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
 Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,
 Аққулар ұйықтағанда айдын көлде...

2

Бала жатыр төсекте, албыраған,
 Өке жатыр еденде, қалжыраған.
 Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
 Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
 Түні мынау – тамыздың маужыраған,
 Тауың анау – шымылдық салбыраған.

«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?!
 Өлде өтірік, өлде шын демеп кетті...
 – Аққуменен баланы аластандар», –
 Деді-дағы жайымен жөнep кетті...

– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
 Неткен жансың санасыз жаратылған?!
 Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі
 Ұмытылып кетті ме санатыңнан?
 ...Айналайын аққудың қанатынан,
 Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетімкөлге» барып қайт таң жамылып,
 Таң атқанша қалайда тауға ілік.
 Біреулердің көзіне түсіп қалып,
 Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
 Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...

– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйықтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:
– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бөрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандадың?!
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ертте!
Жалған бөрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке өн салдырып,
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып төкаппар құс келбетіне.

Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Аппақ нұр аппақ нұрға қосылады.



Көл – көкке, көк көлге кеп асылады,
Ұйқысы аққулардың ашылады.
Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі,
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.

...Аққулар...

Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!

Мерген отыр жағада.
Ей, ақша бұлт,
Жаулығыңмен оларды жасыр барып.
Бас бағады шыршаның қалқасынан,
Қаруынан қолында қан сасыған.
... Ал, аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.

«Сірө, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»

Шошымай шолжаң өскен батырларың,
Ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.
Көздің алды көк түтін, ақыл жарым
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..

Сан айналып, сұңқылдап ұшты-дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекеннен күсті бәрі.

Тау жаңғыртып, тамаша құстың өні,
Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.
Көл бетінде көлбеңдеп, жаралы аққу,
Ұша алмайды – ұшпақ боп күш қылады...

3

«Жетімкөлдiң» басында жылқы жатқан,
Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы баққан
«...Апыр-ай, бұл кім болды, таң сәріде,
Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!

Бұл маңның адамы емес, сірә-дағы,
Білейін, табайын да бір амалын.
Қаруы бар көззапқа құрықпенен
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын?!
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным...»

...Аққу үркіп,
батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына, шыдамады.

– Ей!
Кімсің?
Тірісің бе?
Жаның бар ма?
Аққуды неге атасың, арың бар ма?!
Тастағын қаруыңды, келгін бері,
Келгін бері, кеудеңде жаның барда!

...Байғұс әйел үн-түнсіз жылап тұрды,
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды.
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,
Бөгелмей, «Жетімкөлге» лақтырды.
Қартқа қарай ақырын аяндады,
Қарусызға қарт келді, аянбады.
...Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп,
Болған жайтты келіні баяндады.

– Әй, балам!..
Болмады ғой, болмады ғой..
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..
Солай, солай..
Аманат бір Құдайға..
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға..
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,
Қарт тастап – нелер сұмдық сырды бойға.

Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.
«Жетімкөл» жетімсіреп қалып қойды,
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында..
Бар өмірден көңілі шайлығуда,
Байғұс ана еркінен айырылуда.

Өлденеден сұм жүрек сескенеді,
 Арагідік өлдене ес береді.
 Табиғаттың, таудың да, аққудың да,
 Байғұсқа болмай қалды еш керегі.
 Келеді ана, сезбейді ештеңені.

...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелең-ді,
 Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
 Ат үстінен түсе алмай қатып қалды
 Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді,
 Білмейді, қайда келді, кімге келді.

Өң бе, түс пе, өйтеуір таласуда,
 Өлі менен тірінің арасында.
 Отырғандай «Жетімкөл» жағасында,
 Аққу жатыр көзінің шарасында.
 Аунап түсіп атынан, үйіне енді,
 Есіне алып ерін де, баласын да.
 Өліп жатқан ұлына қарасын да,
 Қалсын ана «Жетімкөл» жағасында,
 Өлі менен тірінің арасында.

Ақ төсек – аппақ айдын, аққу – бала,
 Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..
 «...Мына жатқан «Жетімкөл», мына аққуды,
 Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...
 Жоқ!
 Мен емес...
 Мен атпадым...
 Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»
 Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы,
 Жиылған жұртқа қарап алақтады.

Бірде ана көкке жайып алақанын:
 «Қазір, ботам...
 Мінеки, таң атады...
 Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...
 Жазыласың құлыным... балапаным!

Қасиет!..
 О, қасірет!
 Осындай ма ең?!
 Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең!..
 Қасиет!..
 Қасиеттер ұшып кетті,
 Қасірет!..
 Қасымдағы досымдай ма ең!..
 Қасиет... Қасірет...
 Қасірет... қасиет...»

Эпилог

Орнында екен «Жетімкөл», жоғалмапты
 Ортаймапты, немесе тола алмапты.
 Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
 Қасиетті аққулар оралмапты.



3-тапсырма. Ақынның табиғатқа деген махаббаты қандай сөздермен берілген? Табиғаттың сұлулығын беретін сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер. Кейіптеулерді тауып, табиғат бейнесін ашудағы олардың орнын айтып беріңдер.



4-тапсырма. Поэманың екінші бөліміндегі оқиғаның өрбуіне назар аударыңдар. Ақын ананың психологиялық жағдайын қалай берген? Ана не себепті аққуға оқ атуға бел байлады?



5-тапсырма. Поэмадағы негізгі драмалық тартысты анықтап, оның поэма идеясы мен пафосын ашудағы мәнін түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Төмендегі қарамен жазылған өлең жолдарының мағынасын түсіндіріңдер.

Кейіпкер	Шығармадан үзінді	Менің ойымша ...
Ана	Өлденеден сұм жүрек сескенеді, Арагідік әлдене ес береді. Табиғаттың, таудың да, аққудың да, Байғұсқа болмай қалды еш керегі. Келеді ана, сезбейді ештеңені.	

Жыл-қышы	«Бұл маңның адамы емес, сірә-дағы, Білейін, табайын да бір амалын. Қаруы бар кәззапқа құрықпенен Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын?! Жөн болар алыс тұрып сұрағаным...»	
Автор	Мерген отыр жағада. Ей, ақша бұлт, Жаулығыңмен оларды жасыр барып. Бас бағады шыршаның қалқасынан, Қаруынан қолында қан сасыған.	



7-тапсырма. Берілген шумақтарды мөнерлеп оқып, жаттап алыңдар.

...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке өн салдырып,
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып төкаппар құс келбетіне.

Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Аппақ нұр аппақ нұрға қосылады.
Көл – көкке, көк көлге кеп асылады,
Ұйқысы аққулардың ашылады.
Сұлулыққа сұқтанып, қашып өлі,
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.

...Аққулар...

Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тарақ етіп түмсығын, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
Бірде суға сүңгіді басын малып.
...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
Тыныштығын олардың қашырмалық.

Мерген отыр жағада.
Ей, ақша бұлт,
Жаулығыңмен оларды жасыр барып.
Бас бағады шыршаның қалқасынан,
Қаруынан қолында қан сасыған.
...Ал, аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.
«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»

Ана отыр.
Озбыр ойлар қамалауда,
Қамалауда, өлдекім табалауда.
...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
Тартты кеп, ана отырған жағалауға.



8-тапсырма. Үзіндіні тыңдап, теңеу, эпитет, кейіптеу, метафораларды жазып ал.

1-мәтін. Уақыты – 10 минут.



9-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндіні қалпына келтір.

2-мәтін. Уақыты – 5 минут.

Көз алдында...
 Құлақтан кетер емес,
 ...Аппақ нұрмен шомылтып айналаны,
 Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,
 Сыңар қанат, сынық құс – жаралы аққу
 Өлі аққудан кете алмай айналады.
 Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,
 Көз алдында – аққудың жайрағаны
 «...Мына жатқан «Жетімкөл», мына аққуды,
 Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...
 Ақ төсек – аппақ айдын, аққу – бала,
 Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы,
 Жиылған жұртқа қарап алақтады.

Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..
 «Жоқ!
 Мен емес...
 Мен атпадым...
 Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»
 Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды,
 Құлағында аққудың арман-өні.
 Күледі, бірде жылап, зарланады,
 Көкке қарап, бекерге қарманады.
 Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,
 Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...

Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...
 Жазыласың құлыным... балапаным!
 Бірде ана көкке жайып алақанын:
 «Қазір, ботам...
 Мінеки, таң атады...



10-тапсырма. Поэмадағы жылқышы мен ананың диалогін оқы.

Аққуға кезенерде ырым жасап,
Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба? –

деген жолдарда қандай мән бар?



11-тапсырма. Поэмадан алған әсеріңді баяндап авторға хат жаз. Хатты елең түрінде де жазуға болады.



12-тапсырма. Поэмадағы суреттелетін сұлулықтың асқақ бейнесін өз сөзіңмен баға бере отырып жаз.



13-тапсырма. «Аққулы көл...» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе ақынның табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасын қандай көріктеу құралдары арқылы бергенін талдап жаз.



14-тапсырма. Поэманың идеясы мен көркемдік ерекшеліктерін талдаған сын-пікірлерді ескере отырып, өзің сыни пікір дайында.



15-тапсырма. Аққу құсы туралы қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, кестені толтырыңдар.

Аққу еліміздің қандай көлдерін мекендейді?	Аққу туралы қандай музыкалық туындылар бар?	Аққу туралы қандай кино, деректі фильм көрдің?	Аққу туралы басқа қандай ақын-жазушылардың шығармаларын білесің?	Аққу туралы мақал-мәтелдер



16-тапсырма. Н. Тлендиевтің «Аққу» күйін тыңдаңдар. Күйдің сазы мен поэма мазмұнының үндестігін сипаттап, талдаңдар.



ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

1942 жылы туған



Жазушы, драматург Дулат Исабеков 1942 жылы 20 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында туған. Алғашқы өңгімесі 1963 жылы жарияланған. «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен өңгімелер жинақтары, «Қарғын» (1980) романы жарыққа шыққан. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылып, «Полынь» (1978), «Отчий дом» (1979), «Смятение» (1986), «Новоселье в старом доме» (1986) деген атпен басылды. Драматургия саласында «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Өпке» (1977), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Бонапарттың үйленуі», «Мұңлық–Зарлық», «Амал мен айла», «Өкпек жолаушы» пьесалары сахналанып, Қазақстанда және бірқатар шетелдерде қойылды.

Дулат Исабеков шығармалары бойынша «Гауһар тас» (реж. Ш. Бейсембаев, 1975), «Дермене» (реж. А. Әшімов, 1986), «Тауқымет» (реж. Ұ. Қолдауова) көркем фильмдері түсірілді.



1-тапсырма. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, жазушы шығармашылығына байланысты шағын зерттеу жүргіз.



Драма (грек. drama – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар. Драмаға уақиғаны қызу тартысқа құрып, мейлінше шиеленістіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тану – айрықша төн қасиет.

Драмалық шығармаларда кейіпкер өздерінің айтатын сөзі арқылы, сонымен бірге сахнадағы қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, сонда байқалатын жай-күйі арқылы бейнеленеді. Кейіпкердің жеке қалып айтатын сөзі (монолог), бір-бірімен өзара сөйлесуі (диалог) – бұлар оның характерін, басқа адамдарға, өмірдегі әртүрлі жай-жағдайларға қатынасын, қоғамдық мәселелерге көзқарасын сипаттаудың басты тәсілі. Автордың уақиға барысын, кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын, күй-жайын тікелей өз атынан суреттеп, баяндап беруі жоқтың қасы.

З. Ахметов



Ескертпе (ремарка) (франц. *remarque* – ескерту, белгілеу) – драматургтің пьесадағы оқиғаға қатысты кейіпкерлердің даралық қасиеттерін ашып көрсету үшін қажетті қосымша түсініктеме сөзі. Ескертпе іс-әрекет барысындағы кейіпкердің жасына, мінез-құлқына, киіміне, сонымен бірге оның қимыл-қозғалысына, көңіл күйіне, дауыс ырғағына тән толып жатқан өзіндік ерекшеліктерін белгілеп бере алады. Әрбір кейіпкердің мінез-құлқына, жүріс-тұрысына тән, нақты түсініктеме беру арқылы оның өзгеге ұқсамайтын, ерекше кескін-кейпін айқын көзге елестету мүмкіндігі туады. Ескертпе сөзде актіге, көрініске, эпизодқа қатысты жайларға, кейде оқиға өтетін жерге, қоршаған ортаға, негізгі оқиғаға қатысты жағдайларға нақтылы сипаттама беріледі.

А. Исмақова



2-тапсырма. «Әпке» пьесасының толық нұсқасын хрестоматиядан оқы.

Әпке

(Екі бөлімді драма)

Қатысушылар:

Қамажай

Омар – інісі

Тим, Тимур – інісі

Ермек – інісі

Наз, Нәзила – сіңлісі

Гауһар – Нәзиланың құрбысы

Кама, Кәмила – Тимурдың сүйген қызы

Сұлтан – Тимурдың досы

Сұлхан, Светлана – Сұлтанның қасындағы қыз

Қабен

Көрші әйел

Бірінші акт

*(Сахна төрінен Қамажай мен Қабеннің тұлғалары көрінеді.
Қараңғыдан шығып, олар бері жақындайды).*

(Телефон шырылдайды).

Қамажай. Алло.

Қабен. Мен ғой. Саламатсың ба?

Қамажай. Ә-ә... Сен бе едің. Саламат па?

Қабен. Дауысың сынық қой, ауырып тұрған жоқсың ба?

Қамажай. Жоқ. Үй тіршілігінен шаршағандық шығар.

Қабен. Өткен жолы неге келмедің?

Қамажай. Мен бе?.. Мен... келдім.

Қабен (*күліп*). Неге алдайсың? Мен екі сағат күттім ғой.

Қамажай. Мен келсем, сен ұзап кетіп қалыпсың.

Қабен. Шынымен бе? Шынымен, сен келдің бе?

Қамажай. Иә, мен барсам, сен жоқсың.

Қабен. Жоқ, сен жоқсың.

Қамажай. Сен жоқсың.

Қабен. Онда, мен бүгін дәл сол уақытта тағы келемін. Осы сөзің рас болса, шығамын деп уәде бер.

Қамажай. Иә.

Қабен. Қамажай. Не дейсің, тағы айтшы. Шынымен шығасың ба? Қайта айтшы деймін.

Қамажай. Иә, иә. Шығамын.

Қабен. Қашан?

Қамажай. Ертең.

Қабен. Сағат қаншада?

Қамажай. Кешкі сағат жеті мен таңғы сағат төрттің арасында.

Қабен. Сонда... тоғыз сағат бойы бір орында күтіп тұрайын ба?

Қамажай. Егер күткің келсе.

Қабен. Жарайды. Келістім. Таңға шейін күтем. Тек келсең болғаны...

* * *

(*Үйде Омар, Нәзила, Гауһар. Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнынан ұшып тұрады.*)

Нәзила. Жолдастар (*Қамажай аңырып тұрып қалады*). Біздің әпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Түрлі себептермен жиналысқа екі адамымыз қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті. Ермек, түнгі сағат он бір болғандықтан, жиналысқа қатыса алмайтынын мәлімдеп, ұйықтауға кетті. Жиналыс ашық дегендеріңіз қол көтеріңіздер (*өзі бастап бәрі қол көтереді*).

Қамажай. Ойбай-ау, сендерді... бұларың не? Мен ... сәл... кешігіп қалғаным...

Нәзила. Жолдас Оспанова, отырыңыз.

Қамажай. Мыналардың дені сау ма-ей. «Оспановасы» несі? Әпке, немесе әлгі мамуля демеуші ме едіңдер?



Нәзила. Сіз бұл жайында өзіңізге сөз берілгенде айтасыз. Сонымен, іске кіріселік. Осы шаңырақтың белді мүшесі, әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге отбасы мүшелерімен ақылдаспай, өз бетінше жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. Бұл мәселе жөнінде кімнің қандай ойы бар?

Гауһар. Мен Қамажай апайдың ертеңгі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ бізге айтпағанына өкпелімін.

Омар. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да, пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам – адам ойының жемісі. Қол еңбегі мен ой еңбегінің арасында айырмашылық жойылып, еңбекті творчество деп қарауға қалыптасып келе жатқан жаңа психологияның тұсында...

Нәзила. Сіз конференцияда лекция оқып тұрған жоқсыз, сондықтан нақты сөйлеңіз.

Омар. Ғылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп...

Нәзила. Иә, әйтеуір, тез айтып болшы.

Омар. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің семьяда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған. Өзіміздің әлсіздігімізді, финанс тапшылығын сезіну – бізге ру-

хани соққы. Ал, бұл кісінің әйтеуір бір кезде қоғам өміріне араласуы тиіс екенін ескеріп, кәсіп таңдау жағына өз басым қарсы екенімді білдіремін. Бұл мәселені өз қабырғамызбен кеңірек ойласып, жедел шешім қарастыру керек.

Нәзила. Болдың ба, әйтеуір?

Омар. Болдым.

Нәзила. Онда тезірек отырыңыз.

Қамажай. Е-е, міне, гөп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіңдер ғой. Бұларың дұрыс емес. Сонда мен үйде қол қусырып отыра бермекпін бе?

Нәзила. Жоқ, сіздің кондуктор боламын дегеніңіз ұнамайды.

Гауһар. Иә, иә.

Омар. Иә, иә.

Қамажай. Бұларың дұрыс емес. Жұмыстың жаманы жоқ. Ермекжан есейді. Үйде өзі қала тұрады.

(Үйге Тимур мен Сұлтан кіреді.)

Сұлтан. Саламатсыздар ма?

Бәрі. Саламатсыз ба?

Қамажай. Түн жарымында қайда жүрсіңдер? Түрлерің қату ғой, тыныштық па?

Сұлтан. Тыныштық. Өткен жолы ұятты боп қаппыз. Сіздерден кешірім өтінемін.

Қамажай. Иә, айып бізде де бар. Үйге келген қонақты қуып шыққандай болдық. Қарындасың балалық жасаса кешірерсің. Отырыңдар, неге сос-тиып қалғансыңдар? Қазір шай қоямыз.

Нәзила. Сіздің ерте тұрып жұмысқа баруыңыз керек қой. Ұйықтамайсыз ба?

Қамажай. Жұмыссыз-ақ ерте тұруға үйренгенмін ғой.

Тимур. Жұмыс? Ол не жұмыс?

Нәзила. Сіздің мамуляңыз, құрметті тақсыр, ертеңнен бастап жұмысқа шығады. Автобустың кондукторы. Айлығы отыз мың теңге.

Тимур. Мамуля, рас па?

Қамажай. Рас, рас.

Тимур. Ал, біз ше?

Қамажай. Бізі несі? Онда не болушы еді?

Тимур. Біз дегенім... ім... ім-м.

Қамажай. Әй, сендерге не болған? Сөздеріңде береке жоқ қой. Бір нәрсені бүлдіргеннен саусыңдар ма?

Тимур. Мамуля...Біз... мен үйленемін.

Қамажай. Үйленемін?..

Сұлтан. Иә, үйленеді.

Нәзила. Осыған жетіп тындым де... Қош бол, бостандық!

Қамажай. Кімге?

Тимур. Қамаға.

Пауза.

Қамажай. Мен... мен не дейін. Бақытты болындар. Бірақ...

Тимур. Мамуля. Ом. Наз. Гауһар – сен де. Сендер, немене, менің үйленгеніме қуанбайсыңдар ма? Бәрің құшақтап... былай... бетімнен сүйіп, құттықтайтын шығар деп алып-ұшып келсем... Қайғылы хабар естігендей тұнжырадыңдар да қалдыңдар. Мен сендерге бөтенмін бе? (*Білегіне маңдайын қойып, қабырғаға сүйенеді*).

Қамажай (*көзіне жас алып*). Теміржан, қой, мұнайма! (*Келіп оны құшақтап, маңдайынан сүйеді*). Сені... сені бөтен деп... Тойды жасаймыз, дүрілдетіп тұрып жасаймыз. Ақша деген табылады...

Тимур (*басын көтермейді*). Менің Госстрахта ақшам бар...

Қамажай. Госстрах?

Нәзила. Вот страховщик! Залымын қарашы-ей өзінің.

Қамажай. Теміржан, көтер басыңды. Иә, жөнделіп тұр. Тоқтатындар күлкіні. Енді, ағаңның алдына бар. Ең әуелі соның рұқсатын алуың керек.

Тимур. Мен өзім де... солай етейін деп едім. Батылым жетпеді. (*Омарға жақындайды*). Ом, рұқсат бересің бе?

Омар (*галстугын түзеп*). Ім...мм... Отбасы – кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз. Отбасы басшысының бойында ұстамдылық, көрегендік, кешірімділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша, отбасы басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер...

Тимур. Ом, бұл сенің рұқсат бермеймін деген сөзің емес пе?

Омар. Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса...

Тимур. Қалыптасқан.

Сұлтан. О-о, қалыптасқан, қалыптасқан. Үш айлық болды!

Омар. А?.. Мұндай жағдайда, мен өз тарапымнан інімнің үйленуіне рұқсатымды беремін.

Сұлтан. Ура, жолдастар!

Нәзила. Гип-гип, ура!

Қамажай. Сұлтан-ау, сонда, той қашан болмақшы? Асығыс емес пе, әйтеуір?

Сұлтан. Жоқ, асығыс емес. Дайындалуға уақыттарыңыз бар. Бес күннен соң.

Қамажай. Бес күннен соң?! Ойбай-ау, асығыс болғанда қандай болмақшы сонда? Енді қайттім? Дайындалу керек, оны-мұны сатып алу керек... Ертең жұмысқа шығатын едім...

Нәзила. Бір күнге сұранасыз да.

Қамажай. Шықпай жатып па? Қызық болды-ау, өзі. Телефон соғып ескертейін десем, әлі ешқайсысын да танымаймын. Ертең ерте тұрып барып айтармын енді.

Сұлтан. Сонымен, ертең автобустар кондукторсыз жұмыс істейді.

* * *

(Қабен мен Қамажай есік алдына келіп тоқтайды.)

Қамажай. Міне, енді үйге де келдік. Енді қоштасайық.

Қабен. Бірнеше күн бойы жолыңды тосқанымда маған арнағаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз жүре тұрсақ қайтеді?

Қамажай. Жоқ. Мен болмасам кішкентайымыз ұйықтамайды.

Қабен. Ал... менің... әлгі сөзіме сол күйі жауап бермедің ғой.

Қамажай. Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете алмай тұрған інілерімді өмір бақи қалай қиямын. Мен... мен олардың өпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.

Қабен. Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы, осындай сөздеріңді. Екеуіміз үй болған соң кішкентай Ермекті қолымызға аламыз.

Қамажай. Маған қалғандары да кішкентай.

Қабен. Онда бәрін де қолға аламыз.

Қамажай *(күліп)*. Жо-жоқ. Ол болмайды. Мүлде қисынсыз.

Қабен. Қамаштай *(құшақтамақ болады)*.

Қамажай. Қой, бала болмайық. Бізге бала болу жараспайтын секілді.

Қабен. Сен жасыңа жетпей егделікке бой ұрмасаңшы. Кәрілік қайда қашады дейсің?

Қамажай. Мен сені түсінемін. Бірақ, амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып, өке кетті, талқаны таусылып, шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есеңгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда, «Не болсаң, о бол» деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Таңертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші

рет (*күледі*). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Қабен. Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

Қамажай. Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын боп қалады.

Қабен. Мүмкін, әлде де ойланарсың?

Қамажай. Ойланып болғаным осы.

Қабен. Тағы да күте тұрайын.

Қамажай. Жоқ, күтпей-ақ қой. Ал, сау бол. Қош. Қош!

ЕКІНШІ АКТ

(Баяғы үй. Барынша қатты қойылған музыка астында жастар бии қыза тұскен, ішінде Тимур, Кәмила, Сұлтан, Светлана бар. Би ережесі сақталып жатқан жоқ. Нәзила мен Гауһар кіреді.)

Нәзила. Мәссаған! Бұл не жынойнақ тағы?

Кама. Бұл жынойнақ емес. День хорошего настроения!

Нәзила. Жоқ жерден мереке ойлап таба қоятын данышпан екенсіңдер ғой.

Светлана. Біле білген адамға, деннің саулығында өтіп жатқан әрбір күн – мереке.

Нәзила. Дұрыс, дұрыс. Билеңіз, билеңіз. Сіздің әрбір күніңіз мереке болсын деп, деніңіздің саулығына ылғи қуанып, түн жарымына дейін жігітпен секеңдеп билесін деп, арғы аталарыңыз бен әкелеріңіз майданда қанын төккен. Билей беріңіз.

Қамажай. Нәзила-ау, қойсаңшы. Теміржанды тағы да ренжітіп аламыз ғой.

Нәзила. Ол ренжиді деп енді үйден беземіз бе? Бәріміз бірдей оның әуеніне төңкерілгенде, ол біздің көңілімізбен неге санаспайды? Тимур, тоқтат енді! Жетер секеңдеуің! Ата сақалың ауызыңа біткенше ұшып-қона беруден ұялсаң етті. Есің кіретін кез бола ма, жоқ па?

Тимур (*Қамажайға*). Ма... мамулям... мен мына қызды терезеден лақтырып жіберемін.

Қамажай. Лақтырғаны несі?

Тимур. Кәдімгідей. Мені жолдастарымның алдында абыройдан жұрдай ғып бітті (*Нәзилага қарай жайлап қозғалады*).

Қамажай. Теміржан, бір ашуыңды бер. Біз бесінші қабатта тұрамыз ғой.

Нәзила. Әпке, ара түспеңіз. Лақтырып көрсін. Ал, лақтыр. Лақтыр

деймін енді. Лақтыра алмайсың ғой, қорқақ, жүрексіз. Мен болсам, лақтыра салар едім.

Кәмила. Тим, сонда біздің өз үйімізде қонақ күтіп, көңіл көтеруге де хақымыз жоқ па?

Нәзила. Бар. Бірақ бұл үйде жалғыз сендер ғана емес, бәріміз тұрамыз. Өзгелермен де санасу керек емес пе? Жақында Ом диссертация қорғайды, әпкем жұмыстан шаршап келді, мына бөлмеде бала ұйықтап жатыр. Билегіш боп бара жатсаңдар ресторанға барыңдар.

Светлана. Онда, сіңілім, ревизия жүріп жатыр.

Нәзила. Онда «Тастаққа» кетіңдер, тауға өрмелеңдер немесе айдалаға барып билеңдер. Ол жақта ревизия да, ремонт та жоқ.

Светлана. Қызғаныштан ішің өртеніп барады ғой, ә? Одан да бір жігіттің етегінен ертерек ұста. Сонда өзгелермен ісің болмайды.

Нәзила. Байқауымша, сіздер мықтап ұстаған болуларыңыз керек.

Светлана. Ол біздің шаруамыз. Айтшы, сіз неге далаға шықпайсыз? Әлде, сіз де әпкеңіз секілді үй бағуды жөн көрдіңіз бе?

Нәзила (*тістеніп*). Тым болмаса, шолақ ақылыңыз бар ма деуші едім, ол да жоқ екен ғой. Сізге сөз әуре қылмаймын (*дауыстап*). Шығыңыз үйден.

Светлана. Мына қыз бізді тағы да қуып шықты. Кетейік, жолдастар. (*Бәрі шығады*).

Тимур. Сұлтан, Светлана!

(*Кәмила креслоға отырып, солқылдап жылап жібереді*).

Қамажай. Құдай-ау, маған бәрің де бірдейсіңдер. Қайсыларыңның сөзіңді сөйлерімді білмей басым қатты ғой.

Нәзила. Әпке, басыңызды қатырмаңыз. Ермектің қасына барыңыз. (*Қамажай кетеді. Іштен Омар шығады. Қолында портфелі бар, киініп алған*).

Нәзила. Иә, саған жол болсын?

Омар. Жұрт кетіп қалған ба?

Нәзила. Біз сені жұмыс істеп отыр екен десек, ұйықтап тұрғаннан саумысың?

Омар (*таңданып*). Кәмила неге жылап отыр?

Нәзила. Адам тек реніш-қайғыдан ғана жыламайды ғой, қуаныштан да жылайды.

Омар. Иә, ол не қуаныш?

Нәзила. День хорошего настроения!

Омар (*иығын қомдап*). Сенің сөзің мен шындық көріністің арасында байланыс жоқ сияқты. Жарайды, мен кеттім. Ертеңге дейін мақаламды

бітіруім керек. «Ғылым академиясының хабаршысына» осы аптада бітірем деп уәде беріп едім.

Нәзила. Оған қарсылығымыз жоқ. Айтпақшы, Гауһар, сен де бірге қайт. Бүгін бәрібір бірігіп сабақ оқуға көңіл күйіміз соқпас.

Гауһар. Япыр-ай, мен құтты қонақ бола бермедім-ау...

Нәзила. Ом, Гауһарды үйіне дейін апарып салғаның жөн. Диалектикалық материализм тұрғысынан қарағанда...

* * *

Қамажай (*телефон нөмірін теріп жатыр*). Алло. Жатақхана ма? Маған Оспанов керек еді. Теміржан... Тимур Оспанов. Алло, бұл Темір ме? Теміржан. Әй, алтыным сол. Денің сау ма? Кәмила қалай? Иә, иә. Аман-есенбіз. Нәзила ағылшын тілінен сабақ беріп жүр. Ермектің жазған хатын алдың ба? Иә-иә, жақсы оқып келе жатыр. Бригадир ұрысты. Қалай? Бригадир етіп сайлады дейсің бе? Қашан? О, ақылдым менің. Ауыр емес пе? Құтты болсын, жарығым. Салған ақшаңды алдық. Енді салмай-ақ қой, өздерің жарата беріндер. Бізге жетеді. Омаржан айына алты жүз доллар алады. Иә, керегі жоқ. Телефон соғып тұрсаңшы. Ал, Кәмилаға сәлем айт. Сау бол... Уф! Соңынан естілмей кеткені. Бригадир бопты, бригадир. Жарығым сол (*Көзін сүртеді*). Осында жүргенде тентек деуші едік. Көз алдында қадірі болмайды екен...

(*Нәзила кіреді, қуанышты*).

Нәзила. Әпке, сүйінші.

Қамажай. Тілеуіңді берсін, күнім-ау. Ол не қуаныш?

Нәзила. Біздің Ом, яғни сіздің Омарыңыз Астананың жаңа ашылған университетінің философия факультетіне кафедра меңгерушісі боп баратын болды.

Қамажай. Кафедра меңгерушісі? Ойбай-ау, ол әлі жас емес пе?

Нәзила. За то, оның басы бар.

Қамажай. О, құлындарым менің. Теміржан да бригадир бопты.

Нәзила. Тимур бригадир бопты? Вот дает! Тимур бригадир болғанда, Омар неге кафедра меңгерушісі болмайды. Бүгін той жасамасақ болмас.

Қамажай. Айтпақшы, Астана дедің бе?

Нәзила. Иә.

Қамажай. Демек, ол да кетеді десеңші.

Нәзила. Әрине, барып-келіп істейтін оған өз алдына самолет береді дейсіз бе?

Қамажай. Сөйтіп, бұл да өз жөнімен кетеді де...

Нәзила. Өз жөніне емес, үкіметтің тапсыруымен барады. Омар жалғыз сіздікі ғана емес.

Қамажай. Иә, иә... солай... Бәлкім, сен де кететін шығарсың. Бәрің де кетіндер жан-жаққа тарап, мен қалайын жападан-жалғыз.

Нәзила. Жалғызсырамаcсыз. Құдай қаласа, Ақтау жақтан кішкене немере ініңіз де кеп қалар. Әкеп тастайды ғой. Одан соң Омар да кешікпес.

Қамажай (*күліп*). Әй, тентегім-ай. Айтқаның келсін. Ол үшін Омар-жан әуелі үйленуі керек қой.

Нәзила. Ол жағынан қам жеменіз. Кафедра меңгерушісі болудан үйлену қиын деп пе едіңіз. Ол Алматыдан Астанаға біреу емес, екеу боп барады.

Қамажай. Нәзила-ау, сен студент емессің, мұғалім болдың, абайлап сөйлемейсің бе?

Нәзила. Абайлағанда да, абайламағанда да солай.

Қамажай. Кім екенін білесің бе?

Нәзила. Кім екенін өзің ойлап тапшы.

Қамажай. Қайдан білейін. Осы күні қыз көп. Шошаңдаған біреу бол-маса жарар еді.

Нәзила. Жоқ, шошаңдаған емес. Өте сыпайы, ақылды, көрікті, сізді туған әпкесіндей сыйлайды. Оның үстіне мен сияқты ағылшын тілінен сабақ береді.

Қамажай. Не дейді, не дейді? Мыналарды жын ұрған шығар?! Гауһар?!

Нәзила. Дәл таптыңыз!

Қамажай (*теңселіп тұрып қалады*). Не боп кеткен бұл? Бәрің... бәрің, шеттеріңнен, залымсыңдар...

Нәзила. Ол екеуінің залымдығы жоқ. Залым – мына менмін. Екеуін былай иіп әкеп (*қолымен көрсетеді*), тоқайластырдым да қойдым.

Қамажай. Ұят болды-ау... Енді не амал бар?

Нәзила. Ұят ештеңесі жоқ, қайта алғыс айтсын. Бірін-бірі жақсы білетін адамдар қосылуы керек (*пауза*.) Жақында шақыру билеті де дайын болады.

Қамажай. Осыдан екеуі көзіме көрінер ме екен?

Нәзила. Омар ұзақ уақыт тіл қата алмай жүріпті. Ақырында, отырған сәкісінен ұшып тұрып: «Мен сізбен үлгілі отбасын құруға әрқашан дайынмын!», – деп тоқетерін бірақ айтыпты.

(*Екеуі қосыла күледі.*)

Қамажай. Ал, енді сенің ғана кетуің қалды.

Нәзила. Жоқ, мен ешқайда да кетпеймін.

Қамажай. Тентегім-ау, сонда тұрмысқа да шықпайсың ба?

Нәзила. Шықсам да, шықпасам да, өмір бойы сенің қасыңда боламын.

* * *

(Үйде той. Ұзын үстел лық толы. Қарсы беттегі қабырғада АНА портреті. Оның астында «60 жас» деген жазу көрініп тұр. Көрші әйел кіреді. Қолындағы гүлін үстел үстіндегі вазаға қояды).

Әйел. Бақыт деген осы-ау деймін, Қамажай. Аналарыңның тойы құтты болсын. Бәрін жеткіздің, бәрін өсірдің. Азамат деген сендей-ақ болсын.

Қамажай. Көңіліңізге рақмет. Темір мен Омардың келетін уақыты болды. Кешігіп жатыр.

Әйел. Келеді ғой. Қара шаңырақ оларды қайда жіберер дейсің. Әй, Қамажай, өз дегеніңді орындап, бәрін жеткіздің. Омарың – ғалым, Тимурың – бригадир, Нәзилаң – мұғалім, Ермек – оқушы. Енді... өзіңді де ұмытпасаңшы. Саған ешкім ренжи қоймас.

Қамажай. Қайдам, осылардың анасын жоқтатпаймын деп жүріп, шын ана боп кеткен сияқтымын. Бәрі жас баладай көрінеді де тұрады.

Әйел. Түү, Қамажай-ай. Қызықсың-ау. Сенің орнында, басқаны қайдам, мына мен төзе алам ба, жоқ па, білмеймін. Білсем де, қолымнан келмес-ау деп қорқамын.

Қамажай. Менікі қайбір жүректіліктен дейсің, осыларға деген мейірімнің шарпуы шығар.

Әйел. А-а, айтпақшы, үйге шал да келіп қалған шығар. Әлгінде жиналыста отырмын деп звондап еді. Келсе, осында ертіп әкелейін. Қазір қайтып келемін.

(Шығып кетеді. Ермек кіреді. Қолында телеграмма. Өзінше күбірлеп, оқып келеді).

Ермек. Мамуля, телеграмма!

Қамажай. Не болды, тыныштық па? Бұл не? Телеграмма! Япыр-ай, жүрегім бір нәрсені сезген сияқты еді, әкелші бермен *(оқиды, репродуктор)*.

«Мамуля! Бригаданың жылдық жоспарының орындалуы жайлы өндірістік басқарма алдында ертең есеп беруіме байланысты бара алмайтын болдым. Ол үшін бәріңнен мың мәрте кешірім сұраймын. Тимур».

«Мамуля, Кешір! Қазіргі түркі философиясының теориялық мәселелері бойынша Анкара қаласында өтетін халықаралық конференцияға

шұғыл аттанып бара жатырмын. Қайтар жолда міндетті түрде соғамын. Өзінді құшақтап сүюші – Омар!

Қамажай. Сөйтіп... бұлар... келмейтін болды де.

Ермек. Әпке, олар келмей ме?

Қамажай. Иә, келмейтін болды. Жұмыстан... жұмыстан қолдары босамай жатыр екен. Кешірім сұрапты.

(Ермек телеграмманы қолына алып, орындық арқалығына сүйеніп, үнсіз тұрады).

Ермек. Бұрын мына жерде Ом, мына жерде Тим отыратын еді. Енді бәрі жоқ. Олар бізді енді сағынбайды.

Қамажай. Неге? Олар келеді. Жұмыстан қолдары босаған бойы келеді. Бар, жуына ғой, тамақ ішеміз. *(Ермек басқа бөлмеге кетеді. Көрші әйел кіреді.)* Олар әлі жоқ... Қайтеміз, тойды өзіміз өткіземіз де. Бүгін көңілденетін күн еді, өн салатын күн еді. Амал бар ма! Нәзила да кешігіп жатыр, қазір барам деп телефон соғып еді. Мейлі, бастай берейік.

Әйел. Ойбай-ау, саған не болған?! Қазір бәрі жиналады. Менің шалым да киініп жатыр.

Қамажай. Келсе, келе жатар. Ашшы ана шампанды.

(Көрші әйел шампанды ашады).

Қамажай. Құй. Өзіңе де. Маған да!

(Қамажай бокалдағы шампанды түгел ішіп салады. Әйел оған таңданып қарап қалған. Сол кезде барып жерде жатқан телеграмманы көріп, оны қолына ала береді. Үнсіз оқып шығады).

Қамажай. Өзіміз-ақ өткіземіз. Өзіміз-ақ! Олардың қолдары тимейді. Өзіміз-ақ... Өзіміз-ақ!

Соңы



3-тапсырма. Драма жанрының ерекшелігіне байланысты сюжеттік желісін анықтап, эпилог пен прологты анықта.



4-тапсырма. Пьесаның идеясы мен пафосын анықтаңдар. Әпкенің бауырларына деген қамқорлығын дәлелдеу үшін шығармадан үзінділер келтіріңдер.



5-тапсырма. Үзіндіні рөлге бөліп оқып, кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер. Өздеріңе ұнаған кейіпкерлердің мінез ерекшелігін дәлелдеу үшін шығармадан мысал келтіріңдер.

Кейіпкер	Шығармадан үзінді	Менің ойымша ...
Қамажай		
Тимур		

Омар		
Нәзила		
Гауһар		
Сұлухан, Светлана		



6-тапсырма. Шығармадағы негізгі тартыстың оқиғаның өрбуіне әсерін анықтаңдар. Пьеса оқиғасының шарықтау шегі мен шиеленіскен жерін тауып, тартыстың басталуына әсерін дәлелдендер.



7-тапсырма. Хрестоматиядағы толық нұсқасын пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қамажай неліктен Қабенге тұрмысқа шықпауға бел байлады?
2. Тимур мен Нәзила арасындағы даулы мәселе қайдан басталды?
3. Омар мен Гауһардың арасындағы қарым-қатынас қалай өрбіді?
4. Қамажайдың бауырларына деген қамқорлығы қандай әрекеттерінен білінеді?
5. Қамажайдың бауырлары не себепті тойға келмей қалды?



8-тапсырма. Мәтінді тыңдап, Қамажай мен Қабеннің арасындағы болған әңгімені қарасөзбен баяндап бер.

1-мәтін. Уақыты – 7 минут.



9-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндінің шығарма композициясындағы орнын анықта.

2-мәтін. Уақыты – 20 минут.



10-тапсырма. Авторлық ескертпелер (ремаркалар) тауып, олардың шығарма мазмұнын ашудағы қызметін анықта.



11-тапсырма. Шығарманың жанрлық ерекшелігін ескере отырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағала. Автордың идеясы арқылы ашылған көркемдік шындықты көрсет.



12-тапсырма. Пьесада көтерілген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді талдап, шынайы өмірдегі осындай отбасылардың қиыншылығы мен жеңісі туралы айтып бер.



13-тапсырма. Пьеса мазмұнын талдап әдеби эссе жаз. Эсседе шығарманың жанрлық ерекшелігі мен автор ұстанымын талда.



14-тапсырма. Дулат Исабековтің «Өпке» пьесасы ұзақ жылдар бойы республиканың көптеген сахналарында қойылды. Пьесаға байланысты жазылған сын-пікірлерге сүйене отырып, пьесаның көркемдігі мен кейіпкерлер жүйесін талдап, сыни пікір жаз.



15-тапсырма. Сыныпта пьесаның өздеріңе ұнаған тұстарын сахналық қойылым ретінде дайындаңдар. Өздерің дайындаған үзіндіні тамашалап болған соң берілген кесте бойынша талдаңдар.

1-топ	2-топ	3-топ
Ремаркалардың кейіпкер рөліне әсері	Кейіпкерлерді сомдаудағы әртістің шеберлігі	Пьесадағы декорацияның ерекшелігі



16-тапсырма. Пьесадан сатира, юмор, гротеск, эллипсис тәсілдері арқылы жасалып тұрған сөздерді тауып мағынасын түсіндір. Кейіпкер мінезін ашуда бұл тәсілдер қандай рөл атқарып тұр?



ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ

ТАХАУИ АХТАНОВ

(1923–1994)

Тахауи Ахтанов 1923 жылы 25 қазанда Ақтөбе облысының Шалқар ауданы Шетырғыз ауылында туған. 1940 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түскен. 1941 жылы екінші курста оқып жүргенде өзі сұранып майданға аттанады. Алғашқы әдеби көркем шығармалары өлең, очерк түрінде майдан газеттерінің беттерінде жарияланды. 1948 жылы әскер қатарынан босағаннан кейін, әдеби еңбекпен айналысады. Алғашқы өлеңдері «Жастар дауысы» деп аталатын ұжымдық жинақта жарық көрді. Осы кезде оның әдеби сын мақалалары молырақ басылып, алғашқы монографиялық зерттеу еңбегі жарияланды. Алғаш жарық көрген әңгімесі – «Күй аңызы». 1956 жылы «Қаһарлы күндер» атты романы жарық көрді. «Боран» романы үшін жазушыға 1966 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. 1968 жылы жазылған «Сәуле» драмасы, одан кейінгі «Боран», «Ант», «Әке мен бала» драмалары да қазақ сахнасының өміршең туындыларына айналды. «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу» драмалары, «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» комедиялары қазақ, орыс және туысқан халықтар сахнасында қойылды.



1-тапсырма. Тахауи Ахтановтың өмірі мен шығармашылығына байланысты шағын зерттеу жүргіз.



Аңыз – қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихи негізі бар саласы. Онда айтылатын оқиғалардың, кейіпкер аттарының, елді мекен, жер атауларының, мезгіл мөлшерінің деректілігі басым келеді. М.О. Әуезов: *«Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық творчествосының ерекше бір саласын құрайды»*, – деп бірден екі жанрдың жігін ашып алады. Қазақ аңыздарын тарихи адамдар туралы аңыздар мен күй аңыздары деп екі түрге бөлген.



2-тапсырма. Әңгіменің толық нұсқасын хрестоматиядан оқы. Әңгімедегі табиғат көрінісіне мән бер. Табиғат суреті мен кейіпкерлер әлеміндегі үндесуді анықта.

Күй аңызы

Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш тау көрінді.

– Анау Ипан тауы ғой, – деді жас жігіт қамшысымен нұсқап. Жас жігіттің дауысы аңсағанын көргендей қуанышты шықты.

...Қабағы кірбеңсіз, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен.

...Кенет суалып қалған жырада жалғыз нар көрінді. Жолаушылар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей өлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалды. Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған. Тамыры құраған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрған мүсәпір бейнесі, әсіресе телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты әсер етті.

...Төбе құйқаны шымырлатып, зарлап боздап барады.

– Ботасы өлген боз іңген, – деп күбірледі Естемес атын тебініп қозғала беріп. Ойынан енді ғана сергіп, Оразымбетке бұрылды.

– Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой аруананың. Зары қандай ащы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды.

– Мен қорқып қалдым, – деп Оразымбет шынын айтты. – Киелі шығар жануар...

– Нарымыз ұзап кетті ғой. Көне, сол ойсылқараның соңынан ерелік, бір қараға жеткізер, – күйші атын тебінді. Нар соңынан «әудем» жер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидағы қайнарда жұпыны ғана жалғыз қараша үйді көрді. Нар үйге жеткенде басына үкілі тақия киген, талдырмаш денелі қыз шығып, бұйдасын шешіп, есік алдындағы қазыққа байлады. Екі атты да сау етіп келіп, аттан түсті. Қыз бала қаймықпай жолаушылардың қасына келіп, ізетпен үйге шақырып, Естеместің тізгінін алып, белдеуге өзі байлады.

– Әкемнің ұлы жоқ, айып етпеңіздер, – деді дауысы сыңғырлап.

...Түндігі бүркеулі қаракөлеңке үйдің ішінде жалғыз шалдан басқа адам жоқ екен. Ол орнынан тұрып қонақтардың сәлемін алып, екі күйшіні төрге отырғызды.

– Жаңыл-ай, қалқам, түндікті ашшы, – деп дауыстады.

– Ал, жол болсын, шырақтарым!

– Әлей болсын! Біз ел аралап жүрген күйші боламыз. Менің есімім – Естемес. Мына жігіт – Оразымбет күйші.

– Өзім де шырамытып отыр едім. Ана жылы ел осы қайнарда отырғанда екі күн күй тартып, құлақ құрышын бір қандырып кетіп ең-ау.

Осы кезде үйге Жаңыл кіріп, төменгі жаққа келіп отырды.

...Шал аз уақыт тұйықталып, төмен қарап отырды да, бір кезде басын көтеріп алып:

– Естемес шырағым, – деді. – Өлімнен ұят күшті. Сен келгенде бір тостаған сусын тауып бере алмай, жерге қарап отырмыз.

– Жоқ, ақсақал, сіз қиналмаңыз.

– Неге қиналмаймын, қарағым. Биылғы жұт елді титықтатып кетті ғой. Арқалайтын да, асырайтын да жалғыз нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, ботасыз қайтты. Суалып қалды. Қаңсытып, таңдайды кептіріп отыр, – деп шал ауыр күрсінді. Ойланып қалған шал басын көтеріп алып, тағы да тіл қатты:

– Апырым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елігетіні болады деуші еді. Естемес шырағым, өнеріңді салып көрсең қайтеді?! Хақ тағала көз жасымызды көрсе, кім біледі, нарымыз иіп кетер. Салшы өнеріңді, қарағым. Қолымнан келсе, не сұрасаң да берейін.

– Не сұрасам да бересіз бе? – деп Естемес жалт етіп Жаңылға көз тастады.

– Беремін, қарағым.

Жаңыл сытылып үйден шығып кетті.

– Ақсақал, сіз де елде жоқ қолқа салып отырсыз. Мен де елде жоқ қолқа салайын. Осы күнге дейін жар сүймей келе жатыр едім...

Шал Естеместің қолқасын түсініп төмен қарап, ойланып қалды.

– Апырым-ай, мынауың шынында да елде жоқ қолқа екен, – деді ол сәлден кейін. – Ай, бірақ сен де бір азаматсың ғой. Баламды қор қылмассың. Сөзім сөз. Өнерің жетсе, тілегіңді бердім, қарағым.

Осы кезде Жаңыл есіктен қарап:

– Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар, – деді.

– Мейлі, болсын. Кәне, Жаңыл қарағым, нарынды тұрғызып, шелегіңді тоса бер, – деп Естемес домбырасын ұстап орнынан тұрды.

Жаңыл нарды үйге жақынырақ әкеліп байлады.

...«Апырым-ай, мына жануарды жібіту қиын болар» деп секем алып қалды Естемес. Осы кезде Жаңыл келіп, түйенің мойнынан құшақтап, басынан сипады. Нар сонда ғана селт еткендей болды. Естемес көзі тағы да Жаңылға түсті. «Мал баласына осылай пейілің түскені... Жас та болсаң, аса мейірбан боларсың» деп ойлап, күйшінің іші жылып кетті. Жаңыл



қарындағы шелегін алып, түйенің желініне тосып, саууға ыңғайланды. Күйшінің жіті көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады.

...Әншейінде жайғасып малдасын құрып, тіпті шынтағына жастық қойдырып тартатын күйші, қазір бір тізерлеп жүгініп отыра кетіп, сілтей жөнелді. Домбыраны қатты қағып, нарды бір елең еткізіп алды да, күйді бастап кетті. Алғашқы ырғағынан-ақ Оразымбет бұл жол үстіндегі өзі тыңдаған күй екенін танып: «Еске-ай, манағы тірелген жеріңде тағы да тайып құламасаң не қылсын», – деп сескеніп қалды. Бірақ Оразымбет бұл күдігін тез ұмытты. Ол енді алғашқы рет тосын күй тыңдағандай көз шарасы үлкейіп, ерні түріліп елтіп қалған. Күйшінің мына тартысы бөлек еді. Енді манағы мұнды әуеннің мағынасы артып, аяғы арманға ұласып барады. Жібек сазды ырғақтың арасында домбыра ақырын ғана күрсініп алғандай болады да, қайтадан сергіп, балапандай талпынады. Оразымбет лыпылдаған қанат сусылын естігендей де болды. Діріл қаққан күй тарауы майда қоңыр сазды сарынға ауысты да, ақырындап көтеріле берді. Күйшінің саусағы домбыраның сағасына таман келіп безек қағып, күй аз бұлқынып жоғары өрледі де, суырылып барып, асқақтап жүре берді. Күйшінің қиналған жерден өтіп кеткенін сезіп, Оразымбет: «Аһ, сабазың, шыңыраудан суырып шығарды-ау!» деп сүйсінді. Алдынан кең өріс, алыс қиян ашылғандай оның да бойы сергіп қалды... Естемес күйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кетті. Талайдан бері арқаны

құрыстатып, кеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы таралып, жанын сергітіп, әсем сазды күй болып дүниеге келе жатыр. Сарылып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, күйші көңілі де күй қанатына ілесіп алысқа самғады. Сәл иіліп, талдырмаш тұлғасы әсем майысқан қыз бұлдырап алыстап, биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан сыңғырлап күліп, еліктіре шақырғандай болады. Күйші көңілі соған талпынады. Естемес қиялынан сергіп, нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны да домбыраның ішегіне іліп әкетті. Күйші көзі Жаңылға түсті... Қыз нардың емшегін қысып ұстап қатып қалыпты. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр» деп ойлады Естемес. Нардың желіні тырсыып барады. Естемес қыздың әдейі саумай тұрғанын байқады. Кенет оған бір суық ой келіп, шошынып қалды. «Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта түсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күй әлгі тапқан жайма-шуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңды сазға ауысып күңіреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай күй тағы бір талпынды. Естемес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдап қысқан сүйріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдап сүт тамып барады. Күйшінің де көзінен жас тамып кетті. «Заманым өткен екен ғой!» – деп аһ ұрып, жалт бұрылды да:

– Ар жағын сен тарт! – деп саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді.

Оразымбет домбыраны қағып алып, жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап құйыла берді.

Біз қайдан білейік, ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі.



3-тапсырма. Әңгіменің сюжеті бойынша композициялық жүйесін талда. Оқиғаның шиеленісуін анықтап, олардың композициялық шешімге әсерін түсіндір.



4-тапсырма. Әңгіменің идеясы неде? Қазақ ұлттық күй өнерінің құдіреті туралы ойды жазушы қандай сөздер арқылы білдірген?



5-тапсырма. Әңгіменің хрестоматиядағы толық нұсқасын пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Естемес пен Оразымбет неге түйенің артынан ерді?
2. Киіз үйдегі ақсақал мен Естемес қандай мәселе бойынша уәделесті?
3. Түйе желініне жабысқан Жаңыл неге сүтті тоқтатуға тырысты?
4. Естемес күйшінің көзінен не себепті жас тамып кетті?



6-тапсырма. Әңгіме кейіпкерлеріне портреттік сипаттама жаса. Кейіпкер көңіл күйі арқылы мінез ерекшелігін көрсет.

Кейіпкер	Портреті	Көңіл күй
Естемес		
Оразымбет		
Жаңыл		



7-тапсырма. Мәтінді тыңдап, екі жолаушының сырт бейнесін сипаттайтын сөздерді теріп жаз. Уақыты – 10 минут.



8-тапсырма. Мәтінді тыңдап, берілген үзіндінің әңгіменің композициялық жүйесіндегі орнын анықта. Уақыты – 10 минут.



9-тапсырма. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір. Көріктеу құралдарын талда.

Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші **қамшылар жағына** қисая бастаған. Тамыры **қураған ағаштай семіп**, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, **күйіс қайырмай**, қыбыр етпей тұрған **мүсәпір** бейнесі, әсіресе телміре қараған жасқа толы **үлкен мөлдір** көзі екі күйшіге қатты әсер етті.

Жасы он алты-он жетілер шамасында болар. **Қою қара** қасты, **мөлдіреген қара** көзді, дөңгелек жүзді, **қара торының** сұлуы екен. Үстіндегі жалаң көк көйлегі тозған. Шынтағындағы білдіртпей салған жамауын да күйші көзі шалып қалды.



10-тапсырма. «Күй ойнайды қазағымның қанында...» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе күй құдіреті мен күйші шеберлігі туралы және күй аңызындағы кейіпкерлер психологиясы туралы мәселелерді қарастыр.



11-тапсырма. «Күй аңызы» әңгімесінің көркемдігі мен идеясы туралы сыни пікір жаз.



12-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Түйенің қандай түрлері бар?	
Еліміздің қай жерлерінде түйе шаруашылығы дамыған?	
Түйе, нар туралы басқа қандай көркем шығармаларды білесің?	



13-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, кестеде берілген сөздердің мағынасын талдап жаз. Бос орынға өзің білетін түйеге қатысты атауларды толтыруға болады.

Түйе атаулары	Түйе сөзіне байланысты мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері	Түйе атаулары кездесетін көркем шығармалар, өнер туындылары.
Нар		
Іңген		
Аруана		
Бота		
Бура		
Мая		



ЖҮНІС САХИЕВ

1950 жылы туған

Қазақтың фантаст-жазушысы Жүніс Сахиев 1950 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Бөйдібек ауданында дүниеге келген. 1974 жылы «Атлантида жаңғырығы» атты алғашқы фантастикалық повесі баспадан шықты.

Жазушының көптеген ғылыми-фантастикалық романдарының жетеуі жарық көрді. Олар: «Тіршілік ұясы» (1983), «Борыш» (1987), «Шеңбердің түйісуі» (1991), «Әдеби сыйлық» (1994), «Көктен келген көшпенділер» (1999), «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын әлем».



Соңғы «Қимайтын өлем» ғылыми-фантастикалық романы чех, ағылшын тілдерінде Прагадан шығатын «Немезида» ғылыми-көпшілік журналында жарияланды. «Кеңістік көшпенділері» деген атпен сериялық ғылыми-фантастикалық романдары 2004–2006 жылдары жарық көрді.



Фантастика (грекше көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмірді қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Ғылыми-фантастикалық әдебиетте ғылым мен техниканың болашағы, адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуі өмірдегідей тартымды суреттеліп, басты идеясы ғылымда негізі бар, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатады.



1-тапсырма. Қазақ әдебиетіндегі фантастикалық тақырыпқа жазылған басқа да авторлардың шығармалары туралы хабарлама дайында.



2-тапсырма. Әңгімелердің толық нұсқасын хрестоматиядан оқып, оларда ғылымның қандай салалары туралы айтылғанын айтып бер. Әңгімелердің идеясын анықтап, композициялық жүйесін талдап жаз.

Айдағы жасырынбақ

Көп кешікпей кемеміз Ай бетімен жанасты. Біраз жылжып барып ғарыш айлағының алдына тоқтады. Сыртта бізді арнайы көлік күтіп тұр екен. Соған мініп «Ғалымдар үйіне» жеттік. Көкем, Сартай және мен – үшеуіміз бір пәтерге орналастық. Сол бір сәт екеуіміз үшін әлі қорқынышты. Өзіміз жатқан бөлменің үлкен терезесі сыртындағы Ай термометрі 200 градус суықты көрсетті де тұрды. Сартай екеуіміз көпке дейін көз іле алмадық. Жердегі қараңғылық жай екен. Ай аспанындағы жұлдыздар да жымыңдамайды. Айналаның бәрі бейне бір күл шаңының астында қалғандай көңіл құлазытады. Тіршіліксіздіктің нағыз көрмесі де сонда екен. «Пәтердегі жылу жүйесі сәнсе, әп-сәтте мұз болып қатып қаламыз-ау» деп те қорықтық.

Айдағы таңның атуы, Күннің көтерілуі ұзаққа созылды. Күн өзіміз Жерде жүріп қарағанда батыс жағы дейтін оң жақ шетінен – Дағдарыс теңізі жақтан шығады екен. Айда ол – шығыс. Ондағы жарты күн Жердегі екі аптаға тең. Оны бәріміз де білеміз. Біз Жерден өліара қарсаңында аттанғанбыз. Өліара кезінде Ай Күн мен Жердің арасында болады ғой. Сөйтіп, ол күнмен қабат шығып, бірге батады. Ал бірер күннен соң Ай Күннің сол жағына өтіп, Жердің батыс жағынан қияқтанып көрінеді. Біз оны жаңа Ай туды дейміз. Ал сол кезде Айда шын мәнінде таң атып,

Күн шығады екен. Сартай екеуіміз қазақ халқының оны ежелден-ақ дәл білгеніне қайран қалдық.

Жер есебімен екі тәулік өткенде қалашық орналасқан аймақ жарықтанды. Бірақ Жердегідей емес. Тас қараңғы ғарыштағы Күнге шағылысқан бір домалақ дененің бетіне сәуле түскендей ғана көрініс. Не көгілдір көкжиек жоқ, не аспанды шарпыған әсем бұлт жоқ. Күннің сәулесі де шашырамай бажырая қалған. Көз қарықтырады.

Күн сәулесі Дағдарыс теңізін жартылай жарықтандырған кезде Сартай екеуімізге сыртқа шығуға рұқсат берілді. Ал көкем бастаған ғалымдар зерттеу жұмысына әлдеқашан кірісіп кеткен. Назарымызды Ай бетін дірілдете баяу жылжып бара жатқан зауыт бөлді. Көкемнің түсіндіруінше, олар Ай топырағынан оттегі және тағы басқа Ай базасына қажетті технологиялық заттарды өндіруге арналған.

Содан абайлап, шұңқыр ернеуіндегі тастарға аяғымды тіреп, қолмен де ұстап, жайымен ішіне түстім. Сартай сыртта, маған бір жағдай болғанда қол ұшын беруге әзір. Шұңқырдың іші әжептәуір үлкен, кең әрі тегіс еді. Мен көлеңкеге ендім. Сол-ақ екен, комбинезонымның сол жеңіндегі термометрдің түтікшесіндегі қызыл түсті сынап төмен қарай жылжи жөнелді. Денемді суық алғандай күй кешіп, сәл кібіртіктеп қалдым. Бірақ қайта шығуға намыстандым. Сөйтіп, қап-қараңғы дүниеге тап болдым. Айдың Күн сәулесі түсіп тұрған жағы өзінше бір бөлек дүние сияқты. Төбемде әлгінде ғана көмескі көрінген жұлдыздар жыпырлайды.

– Мерген! Ей, Мерген, – деген хабар жетті шыны дулыға ішіндегі дыбыс қабылдағыштан.

Мен жалт бұрылып, жоғары қарадым. Ойыма: «Сартай бірдемеге ұшырады ма?» деген күдік келген-ді. Қарасам, ол көз алдын оң алақанымен қалқалап, әлдекімді іздеп тұр. Мені көрмейтін тәрізді.

– Не болды, саған Сартай? Кімді іздеп тұрсың? Әлде көзіңе ұшатын беймәлім бірдеме елестеді ме?

– Жоқ! – деді Сартай іліп алғандай, – көзіме ештеңе де елестеген жоқ! Мен сені таппай тұрмын!

– Таппағаның қалай? Мен ешқайда кеткен жоқпын!

– Көлеңкеге енген бойда зым-зия болдың! – деді ол толқып.

– Ал сен менің көз алдымдасың!

– Көлеңкеден шықшы! – деді енді Сартай дегбірсізденіп.

– Жарайды. Қазір.

Мен көлеңкеден шықтым. Сартай мені жоғалтып тапқандай қатты қуанды. Шұңқыр ернеуіне шыға бергенімде қолымнан тартып алып, құшақтай алды. Реңінің бозарғаны да шыны дулығаның ішінен ап-анық көрініп тұр.

– Енді сен түсіп көрші! – дедім мен.



– Одан да Жердегі сияқты жасырынбақ ойнасақ қайтеді? – деді Сартай.

– Қалайша?

– Не қалайшасы бар? Сен іздеуші, мен жасырынушы боламын. Көзінді жұмып елуге дейін санайсың. Содан соң іздей бер!

– Жарайды, ойнасақ ойнайық, – дедім мен.

Санап болған соң көзімді ашып іздей бастадым. Жым-жырт. Мана жүрген жылжымалы зауыт-автоматты жүйелер де алыстап кеткен. Шұңқыр ішін әрі-бері қарап Сартайды көре алмадым.

– Сартай! А, Сартай! Қайдасың, көріп тұрған жоқпын! – дедім енді өзім де үрейленіп.

– Мұнда тұрмын ғой! – деді ол мәз болып.

Артынша кеңк-кеңк күлгені де микрофонды қырылдатып жіберді. Мен де күлдім. Бірақ сонда да сыры беймәлім табиғатқа сенбей жүрексінемін. «Айда серуендейміз деп жүріп бір-бірімізді жоғалтып алсақ» деген үрейлі ой билей бастады. Әрі-беріден қарап:

– Ойын бітті, Сартай! Мен жеңілдім! Шыға бер! – дедім.

– Қазір! – деді ол.

Бір мезетте Сартай көлеңкенің шетіне шыға келді. Ол шұңқырдың ернеуіне жеткенде қайта жоғалтып алардай қолынан шап беріп

ұстай алып, өзіме қарай тарттым. Сөйтіп, ешқашан ойымызға келмеген жасырынбақ ойынын ойнадық. Кешікпей Ай табиғатын зерттеу жұмысын аяқтап, көкем келді. Тамақтанып болғаннан кейін пәтерде отырып, екеуіміз жаңағы көрген қызықтарымызды айтып күлдік.

– Бұл – күлкі емес, – деді әкем терезеден тіршіліксіз Ай табиғатына қарап отырып, – көлеңкенің қоюлығы Айдағы атмосфераның жоқтығынан. Күн жүйесі алғаш ғарыш шаң-тозаңынан пайда болғаннан кейін ғаламшарлардың тіршілікті жағдайға көшу кезеңдері бірдей өткен. Айдың да атмосферасы болған. Мұнда да бір заманда тіршілік қайнап жатқан. Мәдени дамудың жоғары шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеліп соқтырған. Озондық ойықтың ұлғаюы нәтижесінде Күн радиациясының электр магниттік ағымы, оған қоса қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сәулелер ғаламшар бетіндегі тіршілікті жойып жіберген. Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен құрап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит уланып ғарышқа ұшып кеткен. Қиыр ғарыштан қаңғып келген аспан тастары ғаламшардың бетін әжімге толтыра берді. Ай беті жыпырлаған қазаншұңқырларға толды. Ғаламшардың күнгей жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі суы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді...

Әкем мән-жайды Сартай екеуімізге түсіндіріп болған соң өзінше ойға батып, үнсіз қалды. Біз үлкен терезеден сыртқа көз тастадық. Жиегі қара пердемен тұтылғандай қап-қараңғы Ай аспанында мен мұңдалап әсем Жеріміз көрініп тұрды. Бір кезде Сартай:

– Енді мұнда жасырынбақ ойнамайықшы, – деді.

– Жарайды, енді ойнамаймыз, – дедім мен іле қостап, – онан да ана көрініп тұрған Жеріміздегі атмосферамыздың, гидросфера мен биосферамыздың тазалығын ойлайықшы.

– Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда, – деді сол кезде көкем Сартай екеуіміздің сөзімізді тыңдап болып, – достарыңа да түсіндіріңдер мұны...



3-тапсырма. Әңгіменің жанрлық ерекшелігіне байланысты кездесетін ғылыми-техникалық терминдерді теріп жаз. Мағынасын түсіндір.



4-тапсырма. Айдың табиғат пейзажындағы ерекшелікке назар аудар. Айда көлеңкеде қалған адам неліктен көрінбей қалады? Ай табиғатындағы мұндай құбылысты Мергеннің әкесі қалай түсіндірді? Ай табиғатындағы техногендік апаттың болу себебі неде?



5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, Айдағы табиғат өзгерісіне себеп болған жағдайларды жазып ал.

1-мәтін. Уақыты – 7 минут.



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, шағын зерттеу жүргіз.

1. Ғылым мен техниканың дамуынан біздің Жерімізге қандай қауіп төнуі мүмкін? Бұл қауіптің алдын алу үшін ғалымдар не істеп жатыр?

2. *Жасыл экономика, табиғи қуат көзі, күн, су, жел энергиясы* деген сөздердің беретін мағынасы қандай?

3. ЭКСПО–2017 Халықаралық көрмесінің басты тақырыбы қандай болды? Қазақстан бұл көрмеде қандай қуат көздері туралы таныстырылымдар жасады?



7-тапсырма. Өңгіме мазмұнында берілген оқиғаны талдап, Айдың Жерге қатысты физикалық және астрономиялық ерекшелігін саралаңдар.



8-тапсырма. Айға адам баласының бару мүмкіндігі туды деп есептеп, өңгіме сюжетін жалғастырып, шағын өңгіме құрастыр. Өңгімеде айға қандай жануарлар мен өсімдіктерді апаратыныңды және не үшін апаратыныңды суреттеп жаз.



9-тапсырма. «Дабыл» өңгімесінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқып, идеясын анықта. Кейіпкерлеріне мінездеме бер. Не себепті өңгіме «Дабыл» деп аталған? Өңгімені басқаша қалай атауға болады?

Дабыл

1

Ғарыштан келіп Жер атмосферасына іліккен созылыңқы тамшы пішінді үлкен тас таң сәрідегі шырт ұйқыда жатқан ауыл үстінен ысқыра ағып өтіп, тау аңғарын жанай ұшып, жолындағыны күйдіріп-сыдырып барып қара жерге жантая қадалды...

2

Көлік иектен асып өзенге қарай құлаған бетте манадан бері тыйылып қалған ән де жалғасып кетті. Енді бір кезде ән тоқтап, өңгіме-дүкен басталды. Сөйлеуін сөйлеп отырса да, бөрінің көздері аңғар табиғатында. Осы кезде Өбен:

– Өзеннің арғы жағындағы тегіске тоқталық, – деді Қазыкенге бұрылып, – мына жермен дөңгелекті көлік өте алмайды. Адымдағыш аяғын қос.

Көлік өзен жағасына жетіп кілт тоқтап, сәл кідірді де, аяқтарын түсіріп, адымдап баса жөнелді. Су оның сирағынан да келген жоқ. Бірақ өзен ағыны қатты, қойтастар көп еді. Көлік аяқтары қойтастардың арасына гүмп-гүмп түсіп, түйеше теңселді.

– Міне, заманымыздың нағыз түйесі! – деп рақаттана күлді Таңатар.

– Әйтеуір бәрі темірге айналды ғой! – деп қойды Әсел.

– Қай нәрсенің де бір артықшылығы, бір кемшілігі бар. Қайтеміз, заман осы. Бұл менің күнделікті нан тауып отырған көлігім, – деп Қазыкен суға бір қарап қойды.

Көлік теңселе-теңселе арғы бетке өтті. Қазыкен бір тетікті басқанда ол түйеше шөгіп барып, дөңгелектеріне жатты. Енді жұмсақ жылжып, Әбен көрсеткен тегіс алаңға тоқтады. Бұл ауыл тұрғындарының жиі-жиі демалыс өткізетін орны.

...Жасаған аты шыққан үлкен ғалым болса да, аға алдында ініше ұстамдылық жасап, отырғандарды көзімен бір шолып өтті. Содан соң өзіне ұсынылған кесесін еппен қойып, кейін қарай бір көсіліп алды да, сөзін бастады.

– Ағам мені асырыңқырап жіберді, – деді ол Төленге көз тастап, – шынымды айтсам, осы ғылымға біржолата бет бұруыма басты себеп болған өзі еді. Аға ақылы деген осы болса керек-ті. Жарайды, ағайынды екеуіміз бір-бірімізді мақтай бермейік. Жаңа өздеріңіз де қалаған мамандықтарыңыздың жетістіктері жайлы айтып өттіңіздер. Мен де өзімнің өмірлік кәсібіндегі жетістіктеріне көшейін. Түркологияның оңай ғылым емес екенін өздеріңіз де білесіздер. Мен Талас жазба ескерткіштерін мұқият зерттеп келемін. Әрине, өздеріңізге бұрыннан белгілі Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде VI–VIII ғасыр тұсындағы түркі қағандары мен бектерінің, алып батырларының басынан кешкен ерлік жорықтары сөз етіледі. Ал біздің о бастан іздеп келе жатқанымыз жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы мұралар тілінің қоры қазақ тілінде қаншалықты сақталғанын анықтау болатын. Бұл мақсат бұрыннан бар-ды. Ал бірақ осы жазуларды ғалымдар түрлі саққа жүгіртті. Тіпті кейбірі бұл жазуды сырттан келген деп те қашыртты. Ал бүгінде біз оның халқымыздың төл жазба таңбасы болғанына көз жеткіздік...

– Мен бір нәрсені түсінбеймін, – деп сөзге араласты осы кезде Жасағанның мүдірген сөтін пайдаланған Таңатар, – сіздер талай уақыттан бері тастағы таңбалардың нендей сыр шертетінін ашумен келесіздер. Оның қазақ халқына да көп қатысы бар екені анықталып отыр екен. Тіпті, ол, менің түсінуімше, біздің түпнұсқалы жазу әрпіміз.

Жасаған мына пікірдің түп-төркінін ұға қойып, сәл қозғалып алды. Содан соң шайынан бір ұрттап алып, сөзін жалғады.

– Төке, ойыңыз дұрыс, – деді оған қарап, – біз ата-бабамыздың тасқа салып, «Көріңдер», «Біліндер», «Әрі қарай жалғастырыңдар» деген өсиеттерін орындай алмадық. Заман ағымы шынында да дәстүр-салтымызға көп-ақ кеселін тигізді. Менің түсінуімше, сіз осы кезге дейін неге өз алфавитіміз жоқ дегенге келтіріп отырсыз?

– Иә, иә. – Таңатар өз сұрағынан өзі ыңғайсызданғандай сәл қысылып жалғады, – біз енді қанша дегенмен ауыл адамымыз...

– Олай деменіз, – деді Жасаған отырғандарды да көзімен шолып өтіп, – біздің тарихымыздың, жазба мәдениетіміздің қалған тұстары осы ауыл, мына сіздер. Жазба тарихымызды зерттегенімен, мен қалада тұрамын. Ауылдың әдет-ғұрпынан шеттеп қала беремін.

Бұдан соң ешкім сөйлемеді. Бір сәт үнсіздік басып, алдарындағы қуырдақтан алып, шайларын ішті. ...Осыны сезгендей Жасаған да сөзін содан бастады.

– Ежелгі қазақ таңбасын қай-қайсымыз да білуге міндеттіміз, – деді ол кішкене серпіліп, – біздің әулетіміз түгел оқи алады. Оқып қана қоймайды, жазады, сөйлейді. Ал жуық арада оның негізінде қазақ алфавитін шығарсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Мұны жасау менің ойымда әуелден бар. Тек кейбіреулердің «Соның не қажеті бар. Бүгінгі әрпіміз жетпей ме?!» деп қалатыны бар. Ал әріптік таңбасы жоқ ұлт қандай ұлт болмақ?

Үй іші сілтідей тынып, Жасағанға қарап қалған. Мына айтылып жатқан сөз сөз емес, көкейге қонымды нақыл-өсиет төрізді. Тек айта берсе екен дейтіндей бәрі де. Ата-бабаның еңбек етіп, тасқа қашап жазған таңбаларын қайта тірілтіп, күнделікті жазу кәсібімізге қолдану қай қазақтың да көкейіндегі нәрсе емес пе? Тау аңғарындағы, гүрілдей аққан өзен жағасындағы осы бір алты қанат ақ үй дәл қазір қайта айналып өз ғасырына келгендей еді.

– Ежелгі таңбаларымызды Төлен де жақсы біледі, – деді бір кезде Қазыкен оған қарап. – Дауыстап оқығанын, сырғытып жазғанын көрсең.

– Бұл таңғаларлық жаңалық емес, – деп ыңғайсызданған сыңай танытты Төлен бұл сөзге, – тарихымызды білмесек, кім екенімізді қайдан ұғамыз? Менің жанымды мазалайтын бір нәрсе, ана халықтың алфавитіне бір, мына халықтың алфавитіне бір жабысамыз. Айналайындар-ау, сонау заманнан бері тасқа қашалып өзімізге жеткен таңбамызды неге ескермейміз?! Неге біз сол таңбалардың негізінде өзіміздің төл алфавитімізді жасамаймыз? – деп, Жасағанға маза бермей келе жатқан мына менмін.

– Бұл саған мақтаныш емес. – Таңатар қызуланып кетті. – Ал бірақ сенің осы мәселені қозғағаныңа, мына күллі ауыл тұрғындары, қала берді күллі қазақ баласы, біз мақтануымыз керек! Жасасын! Біз тек тілектеспіз...

– Рақмет, – деді сол кезде Жасаған қоңыр үнмен, – ниеттеріңізге көп рақмет! Менің бұған дейінгі отыз жылдық ғұмырым осы таңбаны зерттеу жолында өтті. Ендігі қалған өмірім алфавит жасауға арналады. Мына дәм үстінде уәде беремін.

– Мақсатыңа жет! – деді оған Әбен жасының үлкендігін білдіріп, – қане, әумин делік!

– Әумин! – десті отырғандар.

– Ал енді былай шығып бой жазсақ қайтеді ет піскенше. Мына тау табиғатын тамашалайық. Жоғарырақта әлгі мың қой емін-еркін сыйып кететін алапат үңгір бар емес пе? Соны көрелік, – деп Жасаған тұруға ыңғай берді.

Бәрі бата берісіп, орындарынан түрегелді. Келіншектер ер кісілерге жол берді. Бұлар бір-бірлеп сыртқа шықты. Үй маңында қойдың бас-сирағын үйітушілер мен ет асушылар ғана қалды. Әбен, Төлен, Жасаған, Таңатар мен Қазыкен жартасқа қарай бет алды.

3

...Бұдан кейін демалушылар үлкен бір тасиекті айналып өтіп, алапат үңгірдің ауызына жетті. Оның іші шынында да кең еді. Мың қой емін-еркін сыйып кетеді. Іші жарық. Жарық болатын себебі, оның ішкі жағынан төбесі тесік. Онан ауа кіреді. Сондықтан қатты боран болса, мұнда мың қой жан сауғалап шыға алады. Жасаған үңгірдің ішкі қабырғасын, төбесін айнала қарап, көзімен мұқият шолып шықты. Бұрынырақ келгенінде бұлайша мән бермеген болатын. Енді ел, жер тарихына деген ғалымдық көзқарас әрбір кертікке дейін аңғартады. Тіпті бір кезде ол осы үңгірдің бір жерінде ескі жазулар жоқ па екен деген оймен үңіле қарап шықты. Ондай ештеңе көрінбеді. Жазу болса, бұл кезге дейін жасырын қалуы мүмкін емес.

Бәрі үңгірдің төріне дейін өрледі. Ол тұстағы күнделікті киіз үй шаңырағындағыдай тесіктен сыртқа қарады. Онан көгілдір аспан көрінеді. «Мына үңгір өзі алып ошақты көзге елестетеді екен» деп қойды ішінен Жасаған. Соны ойлап болмайынша үңгірден қайтып шығып кеткен Қазыкен:

– Бәрі шығыңыздаршы! – деп дауыстап қалды.

«Тағы да қара шұбар жылан ба?» деп қалған бұлар асыға басып, майда тастарды сықырлата сыртқа шықты. Онан оңға бұрылды. Қазыкен үңгірдің сол қапталын ала қара жерге жантая қадалған бір үлкен тастың алдында тұр. Тас қандай да бір жалынның ыстығынан қарайып күйген. Бір қарағанда-ақ жер тасына ұқсамайтын сияқты. «Бұл неғылған тас болды екен?» деген ой бәрінің де ми қыртыстарын шарлап өтті. Енді



қай-қайсысы да неше қара шұбар жылан келсе де қорқатын емес. Бар есіл-дерттері әлгі алып қара таста. Мына үңгірдің оң жақ тұсынан келіп ішіне кіріп кеткендіктен оны ешқайсысы көрмеген еді. Енді қайран болып тұр. Біреу әдейі әкеліп тап осы жерге қадап кеткендей. Жасаған қолындағы фотобейне-камерасымен ғажайып тасты бірнеше рет сыртылдатып түсіріп алды. Сөйтті де сәл ойланып:

– Менің пікірімше, бұл тас аспаннан түскен, – деді оның ол жақ, бұл жағын қарайлап, – үлкен жылдамдықпен келіп қадалғаны көрініп тұр. Аспанда, атмосферадағы ауа үйкелісінен лапылдап жанғандықтан төңірегі қарайып күйіп кеткен.

– Берірек келіңіздерші, – деді сол кезде тас бетін көзімен жіті шолып шыққан Төлен, – мына таңбаны қараңыздар.

– Мынау Талас жазуы ғой! Қайсыңызда тағы беторамал бар? Сүртіңіздерші тезірек! – деді шыдамсызданып.

Өркім қалтасында барын шығарып сүртіп жатты. Орамалы жоғы жерден кішкене таяқша алып, күйелерді өшіре бастады. Жасаған енді қалтасында үнемі жүретін кішкене бөкісін алып, таңбалардың ізін қазды. Олар алғашқыдан да анықтала түсті.

Жазулардың бәрі сүртіліп біткен кезде Жасаған кейін шегініп барып тастағы жазуларды бірнеше рет фотоға, бейнефильмге түсірді. Содан соң қайта жақындап, ондағы жазуларға үңілді. Ірі-ірі таңба-өріптермен қашалып жазылған жазуларды оқып шыққаннан кейін ол былай деп аударды:

«Жұлдыз аралық жолымыздағы тоғыз ғаламшардан құралған осы бір жұлдыз жүйесіндегі көгілдір кезбешар назарымызды айрықша аударды. Оның өзіміз аялдаған жалғыз табиғи серігінен мұқият бақылау жүргізгенімізде тіршілік иелері – адамдармен қатар олардың тасқа ойып жазған жазуларын да кездестірдік. Ол жазулар арқылы Талас делінетін өзен бойын мекен еткен халықтың тарихын білдік. Енді бір келгенімізде олар жоғары мәдениет дәрежесіне жетеді. Сонда біз олармен осы тілде сөйлесетін боламыз. Ал оған дейін олар осы серікке ұшып келе қалса, бұл ескерткішімізді оқып, біздің осында келгенімізді біледі. Бұл тасты сол мақсатта қалдырып отырмыз. Күнгей ғаламшарының ғарышкерлері».

Жасаған соңғы сөзді оқып-аударып болған соң жанындағыларға қарады. Бұлар үн қатқан жоқ. Жасағанға мән-жай түсініксіз болса, қалғандар не айтсын. Ғалым ө дегенде мұндай жазу шығады деп ойламаған-ды. Енді қараса, мәселе Жерден тыс жағдайға көшкен сияқты. «Сонда мұның қалай болғаны?» деген ой мазалай бастады Жасағанды. Тастың жылылығына қарағанда ол я түнде, я болмаса таң ата құлаған. Мұны өзiрге ешкімнің байқамауы да содан болса керек-ті.

Бәрі оның айналасын қарай бастады. Тастың аспаннан келіп түскеніне жаңағы сөздерден басқа да бұлтартпайтын дәлелдер бар екен. Ұшу траекториясы осы сай қиясының көлбеулігіне параллель келген. Сондықтан ол қыр көлбеуін жанай ұшқанда желімен де, отымен де талай тастар мен шөп бастарын күйдіріп барып осы жерден дамыл тапқан. Қиғаштаған бойы қара жерге найзаша қадала кеткен. Жазуы бар беті де түп-тура «Мені көріңдер, жазуымды оқындар» дегендей ауыл жаққа қарапты.

– Бұл жөнінде тездетіп Астанаға хабарлау керек! – деді аз үнсіздіктен соң Жасаған қолындағы сағатына көз салып, – тамақ жеп болған соң осы іске кірісуіміз керек!

– Сонда мұның не болғаны? Түсінсем бұйырмасын?! – деді Қазыкен тас бетін алақанымен сипап қойып.

– Ғарыштан келгені анық. Ал не жазылғанын өздеріңіз жаңа тыңдадыңыздар.

– Сонда біздің ата-бабаларымыздың жазулары сонау қиыр кеңістіктегі ғаламшар тұрғындарына да мәлім болғаны ма? – деп тасқа бір, Жасағанға бір қарады Таңатар.

– Соны меңзеп тұр. – Төлен тасқа жақын барып жазуларды бір шолып шықты.

– Ал, ендеше киіз үйге баралық, – деді сол кезде дегбірсіздене бастаған Жасаған.

Жазуы бар тасқа тағы бір-бір көз тастап алып, төмен қарай түсе бастады.

4

Кеме жерге табан тіреп, дыбысы сөнген кезде қарсы алушылар оған жақындай берді. Одан үш адам түсті. Біреуі – кемеңі басқарушы. Екіншісі – Жанқуат Пазылұлының көмекшісі Баламұрат Еңсерұлы, ал үшіншісі – жүкті әуе кемесіне тіркеуге көмектесуші. Жасаған үшеуін де арқадан қағып, ежелден білетін туыстарындай қарсы алды. Қалғандар емен-жарқын амандасып жатыр.

...Тұрғандар оның қимыл-қозғалысын тапжылмай бақылап, тас әлгі айқара ашылған есіктен кеме ішіне еніп, есік қайта жабылғанда барып, бір-біріне қарасты. Сол кезде кемеңі адам кіріп шығатын есігі тұсынан екі кісілік жәшік көрініп, жылдам жылжып келіп, жайпақ тас үстіне қона қалды. Бұл – лифт еді. Жасаған мән-жайды түсінді де, демалуға бірге келгендерден кешірім өтініп, қоштасып тұрып, жұбайы Балайымға ертең кенже ұлын жекеменшік әуе кемесімен осында алып кетуге жіберетінін айтып, лифтіге қарай жүрді. Бұл кезде Баламұрат Еңсерұлы оны күтіп, ілтисап сақтап, лифтіге бірінші мінуіне жол беріп тұрған еді. Демалушылар онымен де қоштасып үлгерген-ді.

5

...Көп кешікпей ол ой да жүзеге асты. Бір күні таң алагеуімнен Астанадан бейнетелефон соққан Жасаған мынаны хабарлады:

– Күрделі түрлі құралдарымызбен мұқият зерттеу нәтижесінде жұлдызшылар мен түркологтар мынандай қорытындыға келді, – деді ол қолындағы кішкене қағазды көрсетіп, – тас Айдан келген!

– Айдан?

– Иә, Айдан келген. Таңданатын ештеңе жоқ. Бұл ғылымға ежелден белгілі жайт. Айдан ұшып Жерге түскен, Жерден ұшып Ай бетіне жеткен тастардың талайы екі жақтан да табылған. Бірақ мына тас өзгеше.

– Сонда ол...

– Оның сыры былай. Күнгей ғаламшарының тұрғындары Ай бетіне орнатып кеткен бұл тастың жанына қиыр ғарыштан келген үлкен аспан тасы құлаған. Ол гүрс етіп Ай топырағын опыра ойып жіберген кезде таңба жазуы бар тас қиыршық шаң-тозаңмен бірге ғарышқа қарай серпілген. Содан ұшу жолы Жерге, келіп құлаған тау аңғарына сай шыққан. Былайша қарағанда, біреу әдейі бізге «Көріңдер», «Оқыңдар жазуын» деп әкеліп қоя салғандай. Мұндай да сәйкестік болады екен-ау!

– Ғажап-ақ! Ал енді олардың жүзін көретін күн туар ма екен?

– Кім білсін, жұлдыз аралық сапар күнгейліктерге түк те емес сияқты.

Бірде болмаса, бірде келер. Ал, жақсы. Осыны айтайын деп едім.

...Осыдан бірнеше күн бұрын інісі, тағы басқа туыс-таныстарымен демалыс-думан құрған тау шатқалдары, асып қойған саты сияқтанып жол жатқан асу-иек көз алдында бейне бір шар айналып қалып бара жатқандай көрінді.

...Содан сәл жүргенде көлік айнасына бірдеңе жарқ етіп шағылысқандай болды. Алғашында Төлен «Соңымда тағы бір көлік келе жатыр ма?» деп қалған еді. Ол екінші рет жарқ еткенде кейіннен емес, төбе тұсынан екені сезілді. Төлен көлікті кілт тежеді де, есігін ашып жерге қарғып түсті. Шағылысқан дене шынында да аспанда екен. Алып транзистор тәрізденген бірдеңе тарбия қалықтап сай аңғарына қарай түсіп барады. Еш дыбыс жоқ. Егер ол күн сәулесіне шағылысып жарқ етпегенде Төленнің оны аңғаруы неғайбыл еді. «Мынау әлгі ұшатын беймәлім дененің дәл өзі емес пе?» деген ой сап ете қалды Төленге. «Біздің ауылға да жетіпті-ау пәтшағарың» деп тағы бір қойды. Сөйтті де, артынша көзге түсіп қалмайын дегендей көліктің тасасына жасырынды. Енді оны от алдырудың реті жоқ еді. Өлгілер біліп қоймақ.

Төлен сәл еңкейіңкіреп иекке қарай жүгіре жөнелді. Жолдың оң қапталында, иектің дәл үстінде бір-біріне түйісе орналасқан үлкен екі тас бар еді. Төлен соны туралап жөнелді. Ал бұл кезде әлгі ұшатын беймәлім дене өзен аңғарына қонып үлгерген. Төлен ендіге басып екі тастың арасындағы саңылаудан қарағанда аспан кемесінің тап өздері киіз үй тіккен орынға қонғанын көрді. «Енді қайтер екен? Кімдер болды екен бұлар? Не де болса бір көріп алатын болдым! Ылғи тек газет-журналдан оқып, радио-теледидардан естіп-көруші едім, енді өз көзіммен көріп тұрмын! Өз көзіммен!» деп іштей қуанды Төлен.

Аспан кемесі біршама уақыт тым-тырыс тұрды. Сонан соң астыңғы жағынан сыр етіп кішкене кабина жерге түсті. Кабина ішінен үш адам шықты. Киімдері ақшаңқан түсті. Өздері денелі. Белдеріне жалпақ өрнекті белдік буынған. Шаштары қысқа. Сақал-мұрт қойғандары да алыстан аңғарылады. Қолдарында қол шамы тәрізді бірдеңелері бар. Тау шатқалдарына, өзен аңғарын жағалай өскен ағаштарға, жайылып жүрген мал мен су жағасындағы жылқыларға мейірлене қарасады. Бірақ біреуінің де жаман ниет көрсетер пиғылдары жоқ. Төленді өзір байқамаған сияқты. Жайымен жоғары өрлеп, әлгі таңба жазуы бар тас табылған жаққа барды. Айналаны бақылап, иықтарындағы құралдары ызындап жатты. Төлен енді өзін еркін ұстап, тас қуысынан сәл шығып, иегін көтере жоғары қарап еді, бір сәуле жарқ ете қалды. Бұл тез бұғып,

қуысқа қайта тығылды. Сол кезде жолдың сол жағындағы үлкен жалпақ тас бетінен түтін будақтады.

Ештеңені түсінбей Төлен не істерін білмей қуысқа тығыла түскен еді, әлгі будақ түтін сейілгенде тас бетінен ойылған таңба жазулар бадырайып көзге бірден ұрды. Таныс таңба, Талас жазуы. Төлен оны: «Біз сізді манадан байқап тұрмыз. Қорықпаңыз. Тілдесуге шақырамыз» деп күбірлеп оқып шықты. Бірақ сонда да болса сенімсіздік білдіріп, «Өздерімен әкетіп қалса қайтемін. Ауылдың бір адамы да білмейді» деп те уайым кешіп үлгерді. Бірақ аспаннан келген бейтаныстар тыныш қалмады. Әлгі тастың беті тағы түтінденді. Түтін сейілгенде алдындағы таңба жазулардың зым-зия жоғалып, орнына басқасының пайда болғанын көрді. «Қорықпаңыз, бері шығыңыз» деп жазылышты онда. Төлен оны оқып болып, иекке қарай бұрыла бергенде үш денелі адамның қарсы алдында қаз-қатар тұрғанын бір-ақ байқады. Сасқанынан сәл кейін шегініп барып, сабыр сақтап, тоқтады да, олардың бет-жүздерін, дене-мүсіндерін көзімен тез шолып өтті. Сол кезде олардың ортадағысы:

- Сіз кім боласыз? – деп көне түркі тілінде сөйледі.
- Қазақ деген ел боламыз, – деді Төлен де сол тілде.
- Қазақ...
- Иә.
- Мына таңба жазуды қай кезден білесіз?
- Жыл есептеуіміз бойынша VI–VIII ғасырлардан бері.
- Түсінікті, – деді аспан адамдарының ортадағысы, – сіздер бүгінде де осы таңба-әріпті қолданып, осы тілде сөйлейсіздер ме?
- Иә... – деп Төлен көкейіне «Біз әлдеқашан басқа ұлттың әріптік жүйесіне ауысып кеткенбіз» деген сөз сайрап тұрса да, сасқанынан жалған айта салды.
- Бізге керегі де осы еді, – деді аспан адамдарының оң шетіндегісі.
- Жолымыз болды, – деді сол шеттегісі.
- Мына тауға құлаған жазуы бар тасты сіздер алдыңыздар ма?
- Иә. – Төлен аспан адамның бет-жүзіне тағы бір барлап қарады.
- Түсінікті.

Аспан адамдары бір-біріне қарап қойды. Содан соң Төленге әлі сенбегендей бір-бір адым жақындап:

- Жаза білесіз бе? – деді.
- Білемін. Оқи да білемін, – деді Төлен кішкене еркінсіп.
- Есіміңізді ана тасқа жазыңызшы, – деп ортадағысы қолындағы қолшам тәрізді құралын Төленге ұсынды.

Төлен оның бір түймесін басып қалып еді, тас бетінде әріптер пайда болды. Сол замат түймені қайта босатып жіберді де, екіншісін нұқыды. Әлгі әріптер лезде жоқ болды. Мән-жайды түсінген Төлен енді аспан

адамдарына бір қарап алып, жалпақ тасқа «Төлен» деп жазды. Аспан адамдары ризашылық білдіріп бастарын изесті. Төлен құралды қайтарып берді. Олар тағы да бір-біріне қарасты. Содан ортадағысы:

– Бізге бәрі түсінікті. Қайтамыз. Сау-саламат болыңыз. Тіліңізді, өріптік жүйеңізді ешқашан ұмытпаңыз. Бұл тіл, бұл жазу біздің байланысымызға басты дәнекер болады. Біз өздеріңіз Қит дейтін шоқжұлдыздағы жұлдызды жүйеден келіп тұрмыз. Тұрағымыз Күнгей деп аталады. Біз әлі ораламыз.

– Сау болыңыздар, – деді Төлен аз уақыттың ішінде бауыр басып қалғандай сүлесөк.

Аспан адамдары кейін бұрылып, өзен аңғарына қарай түсіп кетті. Төлен болса, тап осы жерге біреу қазықша қадап қойғандай қозғалыссыз тұрып қалған. Өзінің көріп, сөйлескенінің бәрі де өң мен түстің арасында болған оқиғадай. Аспан адамдарынан көз тайдырмайды. Олар транзистор пішінді кемелеріне отырды да, дыбыссыз ғана әуеге көтеріліп жөнелді. Бұл оған ұзақ қарады. Ғайып болған кезде ылдифа қарай жүгіріп түсті де, көлігіне отырып, қайта бұрып алып, ауылға қарай тартты.

6

Осы іс-әрекеттер жүріп жатқан кезеңде дүниежүзінің ең ірі-ірі деген расытханаларындағы жұлдызды әлемді зерттеуші ғалымдар Қит шоқжұлдызындағы тіршілікті ғаламшарлардан хабар күтумен болғанды. Соның бір орталығы Алматы маңындағы Асы-Түрген жотасында еді. Мұнда Қазақ расытханасының диаметрі мың метрлік радиотелескопы орнатылған-ды. Онда көптеген ғалымдар жұмыс жүргізуде-тін. Оларға академик Балбек Ерқуатұлы басшылық етеді. Бүгін кезекті зерттеуге өзі келген Балбек алапат құралдың бірнеше бөлмелерін аралап өтіп, жерден тыс мәдени дамудан дабыл қабылдайтын құрал орнатылған арнайы орынға келді. Ондағы түрлі компьютерлердің жұмысын бақылап шығып, өзiрге ешқандай хабар-нышан бiлiнбеген соң, екiншi қабатқа көтерiлiп, балконға шықты. Жаңа Ай туар күннің қарсаңы болғандықтан, ашық аспанда тек жұлдыздар ғана мен мұндалап жымыңдаумен көз тартты. Жұлдызшы ғалым балалық шағынан арман еткен осы бір мамандығына дән риза болғандай аспан күмбезін бұрыла қарап шықты. Тіршілікке қолайлы ғаламшарлар болуы мүмкін-ау делінген шоқжұлдыздарға айрықша назар аударды. Күні кеше ғана Қит шоқжұлдызынан келіп кеткен бөгде ғаламшарлықтардан әлі хабар жоқ. Егер бір шоқжұлдыздан адамдар келген болса, онда басқа жұлдыз жүйелерінде де тіршілік болуы тиіс. Жұлдызшаларды осы ой айрықша еліткен. Сондықтан да өзге әлемнен туыстар іздеу ісі қауырт кезең алған.

Балбек біраз тұрған соң ішке кіріп, балкон есігін жапты да, тынымсыз ызыңдап жұмыс істеп тұрған құралдар бар әлгі бөлмеге қарай бет

алды. Сол кезде оның құлағына айрықша дабыл шалынды. Балбек бір құбылыстың болғанын тез түсіне қойды. Тепкішекпен жылдам басып бірінші қабатқа түсіп, жерден тыс мәдени дамумен байланыс ұстайтын құралдар орнатылған бөлмеге жақындағанда оның ашық қалған есігінен жыпылық қаққан қызылды-жасылды шамдар да көзге шалынды. Балбек келген бойда шұбатылып еденге түсіп жатқан жіңішке таспаға жармасты. Екі алақанын жайып жіберіп, зер сала қарағанда күні кеше ғана әлемдік тілге айналған таңба жазу көзіне оттай басылды. «Біз Эридан шоқжұлдызындағы Жарық делінетін ғаламшар тұрғындары Сізге ыстық сәлем жолдаймыз! Бұған дейін Сіздерден жауап ала алмаған едік. Бұдан аз уақыт бұрын сонда барып қайтқан күнгеілік бауырластарымыз Сіздердің ежелгі жазу ескерткіштеріңізді ұмытпай, оны жалғастырып келе жатқандарыңызды хабарлады. Біздің өсіп-өну, дамып-жетілу тарихымыз да күнгеіліктерге, өздеріңізге ұқсас. Бірақ біз Сіздер өтіп жатқан даму сатысын ертерек бастан кешірдік. Сіздер өздеріңізге тән ұлттық ерекшеліктеріңізді сақтай білгенсіздер. Алдағы уақытта біздің бір топ елшілеріміз Сіздерге барып қайтатын болады. Сау-саламатта болыңыздар. Бізге осы радиотолқында, осы таңба-өріппен жауап жолдаңыздар. Жарық ғаламшарының тұрғындары» деген тексті Балбек дауыстап мүдіріссіз оқып шықты. Содан соң қағаз таспаның ұшын жинағыш дөңгелекке кигізді де, жалпақ панельдегі түйменің бірін нұқыды. Дөңгелек зыр айналып, қағаз таспаны әп-сәтте орап алды. Балбек енді осы жазулары есте сақтайтын құралға көз тікті. Ондағы жұмыс жүйесі де ойдағыдай екен. Ғалым барлық істі асықпай тиянақты жасады. Содан кейін жұлдызды әлемге хабар тартқыш құралдың алдына отырды да, кішкене ақ қағазға Талас таңба жазуы негізінде жасалған қазақ әрпімен: «Жарық ғаламшарының тұрғындарына! Радиодабылдарыңызды алдық! Елшілеріңізді асыға күтеміз! Сәлеметте жолығайық! Жер тұрғындары атынан академик Балбек Ерқуатұлы» деп жазып, астына қолын қойды. Сонан соң оны жұлдызды әлемге дабыл таратқыш құралдың тілдей саңылауына салып жіберді. Артынша шағын экран бетінен әлгі жазған сөздері ирек-ирек болып жылдам жылжып өтіп жатты.

Дабыл беріліп біткен соң Балбек көрші бөлмедегі бейнетелефон торабына келді. Онан Жер шарындағы барлық ірі расытханаларға шұғыл хабар берді. Соңында ғалым Жасағанның үйіне ойысты. Ол тез жауап берді. Жасаған әдеттегісінше түннің бір уағына дейін кітап оқып отыр еді. Белгілі жұлдызшы Балбек Ерқуатұлының бал-бұл жанған жүзін көргенде таң болды. Бұл аман-саулықтан соң қуанышты жаңалығын айтты.

– Тарих тағылымы деген осы да, – деді аз үнсіздіктен соң Жасаған, – Жерден тыс әлемнен жұлдызнамашы ғалымдарымыз қанша уақыттан

бері осындай саналы хабарды күтіп келді десеңізші. Енді міне, көктен іздеген туыстарымыз да табылды.

– Мұның бәрі де сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі, – деп жымыды бейнетелефон экранында Балбек.

– Олай деу артығырақ болар. Алғысымызды ата-бабаларымызға айтуымыз керек. Міне, солардың тасқа жазып қалдырған жазба ескерткіштерінің арқасында халқымыздың ұлылығын Жер шары ғана емес, күллі әлем мойындап отыр.

* * *

Осы оқиғадан кейін бірер күн өткенде академик Балбек Ерқуатұлы қазақ әрпімен жұлдызды әлемнен жеткен тағы бір дабылдың куәсі болды. Бірақ ол енді Мерген шоқжұлдызындағы Көгілдір делінетін ғаламшардың тұрғындарынан жеткен сәлем еді.



8-тапсырма. Аспан денелері картасын пайдаланып, әңгімеде аталатын ғаламшарлар мен шоқжұлдыздарды тауып, олар туралы айтып бер.



9-тапсырма. Өзге ғаламшарлықтар Төленмен не себепті көне түркі тілінде сөйлесті? Көне түркі тілінің алфавиті туралы хабарлама жаса.



10-тапсырма.

1-мәтін. Мәтінді тыңдап, Айдағы табиғат өзгерістеріне себеп болған жайттарды жазып ал. Уақыты – **10 минут**.

2-мәтін. Мәтінді тыңдап, оқиғаны өз сөзіңмен баяндап бер. Уақыты – **14 минут**.

3-мәтін. Мәтінді тыңдап, оқиғаның әңгіменің композициялық жүйесіндегі орнын анықта. Уақыты – **15 минут**.



11-тапсырма. Кестедегі үзінділерді талдап, өз пікіріңді білдір.

Әңгімеден үзінді	Көріктеу құралы	Үзіндінің шығарма композициясындағы орны
Көлік өзен жағасына жетіп кілт тоқтап, сәл кідірді де, аяқтарын түсіріп, адымдап баса жөнелді. Су оның сирағынан да келген жоқ. Бірақ өзен ағыны қатты, қойтастар көп еді. Көлік аяқтары қойтастардың ара-арасына гүмп-гүмп түсіп, түйеше теңселді.		

<p>Аспан кемесі біршама уақыт тым-тырыс тұрды. Сонан соң астыңғы жағынан сыр етіп кішкене кабина жерге түсті. Кабина ішінен үш адам шықты. Киімдері ақшаққан түсті. Өздері денелі. Белдеріне жалпақ өрнекті белдік буынған. Шаштары қысқа. Сақал-мұрт қойғандары да алыстан аңғарылады. Қолдарында қолшамы төрізді бір-деңелері бар.</p>		
<p>Сол кезде олардың ортадағысы: – Сіз кім боласыз? – деп көне түркі тілінде сөйледі. – Қазақ деген ел боламыз, – деді Төлен де сол тілде. – Қазақ... – Иә. – Мына таңба жазуды қай кезден білесіз? – Жыл есептеуіміз бойынша VI–VIII ғасырлардан бері. – Түсінікті, – деді аспан адамдарының ортадағысы, – сіздер бүгінде де осы таңба-өріпті қолданып, осы тілде сөйлейсіздер ме? – Иә... – деп Төлен көкейіне «Біз әлдеқашан басқа ұлттың өріптік жүйесіне ауысып кеткенбіз» деген сөз сайрап тұрса да, сасқанынан жалған айта салды.</p>		
<p>Жаңа Ай туар күннің қарсаңы болғандықтан ашық аспанда тек жұлдыздар ғана мен мұңдалап жымындаумен көз тартты. Жұлдызшы ғалым балалық шағынан арман еткен осы бір мамандығына дән риза болғандай аспан күмбезін бұрыла қарап шықты.</p>		



12-тапсырма. Оқыған екі фантастикалық әңгімеден алған әсеріңді сипаттап авторға хат жаз. Хатта көркем шығармадағы фантазия және шығарма көркемдігі туралы пікіріңді білдір.



13-тапсырма. Берілген сұрақтарға шығармадан үзінділер келтіре отырып жауап бер.

1. Қазақ және шетел көркем әдебиетіндегі фантастика жанрында жазылған басқа қандай шығармаларды білесің?
2. Фантастика жанрында жазылған шығармалардың көбіне не себепті аспан өлемі туралы оқиғалар баяндалады деп ойлайсың?
3. «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» әңгімелерінде қандай ғылым салалары туралы айтылады?
4. «Дабыл» әңгімесінде айтылатын көне түркі жазуының тарихы туралы не білесің?
5. Басқа планеталықтар қандай бейнеде болуы мүмкін? Ойыңды суретке сал немесе басқа планеталық бейнесін сипаттап жаз.

Роза Мұқанова

1964 жылы туған

Роза Мұқанова – 1964 жылы 14 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көлденең ауылында дүниеге келген.

«Жарық дүние» (1994), «Дүние кезек» (1997), «Құдірет-Кие» (2001) әңгімелері мен драмалық хикаяттары, II томдық шығармалар жинағы (2007) жарық көрді. 2008 жылы «Көркем әдебиет» сериясымен «Жазушы» баспасынан әңгімелер жинағы шықты. Аудармалары: 2001 жылы Рабғүзидің «Қисса-сүләнбия» кітабын алғаш рет қазақ тіліне тәржімалады. 1996 жылы «Мәңгілік бала бейне» пьесасы қойылды. 2001 жылы «Қазақфильм» киностудиясы «Қыз жылаған» әңгімесінің желісімен кино түсірді.



Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, «Жалын» журналының Т. Айбергенов атындағы сыйлығының (1989), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2002).



1-тапсырма. Роза Мұқанованың шығармашылығы туралы шағын хабарлама дайында. Әңгіменің не себепті «Мәңгілік бала бейне» деп аталғанына назар аудар. Әңгімеде халық басындағы қандай трагедиялық оқиға баяндалады?

Мәңгілік бала бейне

Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» – дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар өулетінің рухымын», – дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сөн беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйлә-қызбен, быт-шыт болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей, қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын. Бәлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жаралы

жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде сайға келіп, жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау мәңгі бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» – деп бұлардың өздеріне кінә артып тұра ма? Әлде Қарауылдың жеріндегі бар сойқанды сезіп, әлдекімдерге көктен аңырап, қарғыс айта ма, өйтеуір, жанындағы жұқалтаң бұлттарға екі бүйрегін кезек тіреп алып, зарлап тұрғандай көрінеді. Ләйлә Айға қараған қалпы қалғып бара жатыр екен, селт етіп, көзін ашты. Жанарынан үзілген бір тамшы жас дір етіп, иегіне құлады. «О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін төубеге түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар төубесіне келсін, қолаяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан», – дейді. Солай ма, жарық Ай? Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін, осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?» Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп



алыстап барады. Ләйләні де, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...». – Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермеп көкке көтерді.

– Е...е...е...ей... Қашпа, менен, қашпа! Бәрібір, сені тауып аламын. Жасқандың ба, сен де менен жиіркенемісің, сен де менен қорқамысың, жарық Ай?!

Ай барған сайын алыстап, сырғып барады... Мүгедек қызды да, жырым-жырым болып айырылған жер бетін де менсінбей, қап-қараңғы түн серігін қолтықтап, толықсып, керігіп барады, ұзап барады. Ләйлә-қыз одан сайын дауыстап, қол бұлғап айғайлап тұр.

Үй ішіндегі өзіне тосыра қарайтын, ішіп-жеп қадалатын көздерді көргісі келмеді. «Жұрт ұйқыға батқанша отыра тұрсам да болар» деп есік алдында кідіріп қалды. Сол сәт тосын шыққан дауыстан шошып кетіп, баж ете түсті. Қатира екен.

– Әй, қас қарайса, жын қуғандай осы сен қайда кетесің? Не пәлең бар, а?

Ләйлә үнсіз төмен қарады. Ісініп, қызарған жанарын да, әбден сілесі қатып шаршаған күйін де тәтесіне сездіргісі келмеді. «Менің мұңымды бөлісер Қатира ма, онан да үнсіз тұрғанымның өзі жақсы» дегендей ләм-мим деп тіс жармады.

– Қайда жүрсің деймін мен саған?

Ләйлә тағы да үн қатпады. «Жоқ, жоқ. Терең сайда отыратынымды ешкімге, ешбір жанға айтпаймын. Мен Аймен кездесуге, сонымен сырласуға барамын. Жарық Айдан басқа жанымды түсінер жан таппаған соң терең сайға жүгіремін. Ол сәтте мені іздемеңдер, менен сұрамаңдар, мені көрмеңдер!»

– Е, енді саған жетпей жүргені меңіреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңіреу де атанарсың.

Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қыз мүгедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына өлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал, Қатира болса әдейі қақшиып, шошына именіп, мұның жанды жеріне тие түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз таста-

ды. Осындайда Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай алас ұрады.

...Жетілмей қалған сөби бетін жап-жалпақ алақанымен басып алып, жүресінен отыра кетті. Сол қалпы пысылдап бастап, төзімі таусылып, көз жасына ерік берді. Мұндайда бүкшиіп, босағада жылап отырған Ләйлә-қызға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» – деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей, байғұс, көз жасыңды біз емес, Құдай көрсін. Соның ілтипатын күт, пейілін көр!» – дей ме, теріс қарап күбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Түн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан. Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап-жарық. Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың суынан да, жерінен де, тауынан да сұрап, беу-беулеп іздеу салады. «Қайда кеттің? Неғып бүгін терең сайда жоқсың?» деп ана-дауыс жып-жылы алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүргендей. Түн жамылған сай ішін жап-жарық Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлыным-ай» деген ана-дауыс еміреніп келіп, сай ішін жағалап кетті. Сол-ақ екен тып-тыныш бір әлем орнады да, көкірегі қарс айырылып, ана-бейне дауыс салды. «Сен құрсақта жатқанда Дегелең тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп, жарылыс болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгәлеп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай безілдеп кетуші едің. Сол әдетің ес білгенше қалмап еді... Сен Шыңғыстаудың етегінен көтерілген ауадағы қып-қызыл саңырауқұлақ іспетті лаулап тұрған алауға қызығып, жүгіре жөнелетін едің, қазір ше? «Апа, тау жақтағы өuede қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді», – дейтін ең. Сонда өжең жарықтық: «О, қарғатайым-ау! Сен де, Құдай жеткізсе сол саңырауқұлақ сияқты жұрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласың», – деп мейірленіп, маңдайыңнан сүюші еді. «Қазір қайдасың? Қайда кетіп қалғаның?» Сай ішіндегі дауыс әлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы, терең сайдағы өр тобылғының түбінен Ләйлә-қызды іздеп, кезіп барады. Бірақ бұл жолы Ай бетіне еміреніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді. Адамдар қарақұрым болып, көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып жүруші еді. Қатира қоярда-қоймай бұған жік-жапар болып, жабысып алды.

– Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сейіліп қайт.

Ләйлә не айтарын білмей, кезерген жұқалтаң ернін тістелей берген:

«Елдің көзі-ақ... Жұрттың сөзі...» Бұл ойын Қатираға сездіріп, мүсәпір күй танытқысы келмеді. Сылтауратып: «Шаршап отырмын», – деген.

– Қой-ей, жүр енді, жүр! – деп, әйел қызды жұлмалай берді де, көнбейтін болғасын, қолын әр жерден бір сумаңдатып, қытықтай бастады. Қыз қарқылдап кеп, қыстығып күле орнынан көтерілді де, үп-үлкен алақанымен әйелді кеудесінен итеріп қалды. Сол сәт, Қатираның өңі құп-қу болып кетті.

– Бармасаң қой өрі!

– Барамын! – Кенет Ләйлә әлдекімге ерегіскендей, «барамын» деді.

– Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлек!

Қыз жып-жылы жігіт дауысына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан әлдекім жырылып қолын созып бұған қарай жақындай түсті. «Ой...й, – деп таңданды қыз. – Құмарды қара, Құмар! Қандай әдемі болып өсіп кеткенсің. Ғажап! Өзіммен бір партада отырған Құмарым ғой, көршім ғой. Құмар... Иә, сен мені үнемі «Ләйлек, Ақ Ләйлек» дейтінсің. «Ләйлек деген құстың аты. Ол сондай нәзік, сүйкімді құс» дейтінсің! Қыз біртүрлі есінен адасқандай есеңгіреп тұрып қалды.

– Таныдың ба? – деді жігіт ақырын жымыиып.

– Таныдым. Неге танымауым керек? Сен сондай өзгеріп, әдемі болып кетіпсің. Бақыттысың ғой... Кешір мені, ренжіме...

– Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек. – Құмар қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсыз да өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді. Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп-кішкентай иығына қолын салып:

– Ләйлек, жүр билейік. Мен сені биге шақыруға келдім.

Сол сәт, жәудіреп қараған Ләйлә-қызды жерден көтеріп алып, маңдайынан сүйді. Қыз жүрегі езіліп кетті. Жігіт қызды көтерген қалпы қаптаған көпшіліктің дәл ортасына еніп барады. Екеуі де бүкіл дүниені бір сәт ұмыт еткендей, айналып билеп жүр. Ләйлә-қыз көзін жұмды. Басы айналып кетті ме, әлде ұмыт болған қыз сезім селт етіп, мұның әлсіз денесінің тынышын алды ма, көзін аша алмады. Сол қалпы Құмардың мойнынан қапсыра құшақтап қатып қалыпты. Жігіт сәл сыбыр етіп:

– Ләйлек! Ақ Ләйлек, – деді.

Қыз есеңгіреп барып көзін ашты.

– Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп қуанып кеттім...

... Өзіне сөйлеп тұрған жігіттің дауысы бұл жолы әсерсіз болды ма, әлде тағы бір сүреңсіз, сұрғылт ойдың шырмауына түсіп кетті ме, әйтеуір, Құмардың бірде-бір сөзіне құлақ аспады. Меңіреу адамша сілейіп қатып

қалыпты. Қыз егделеп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан оянғандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.

– Құмар, Құмар! Қайдасың?..

Қыз жан-жағына жалтақтай қарады. Ығы-жығы халықтың арасынан жігітті іздеген қыз аласұрып, адамдарға тіксіне карап:

– Құмар қайда? Қайда жібердіңдер, қайда кетті? Қайда... Қайда?! – деп сұрастыра берген. Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып, арман дүниесінің жалынын мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржола арылып, өуеде қалықтап жүр еді, топ етіп қара жерге қайта түсті. Қыз тағы да жанұшыра: «Құмар!» – деп дауыстап қалып еді, әлдекімдер мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді.

...Бұл кезде Қарауыл қаралы күйде еді. Қарттар жағы күңіреніп, таяғына сүйеніп, күрсініп тұрған. Қара жамылған әйелдер бір-бірімен дауыс салып көрісіп, сай-сүйегінді сырқыратып зарлап жүрген. Бастарын өрең көтеріп: «Айырылды қой! – дейді. – Болашақтан үміт жоқ бейбақ болдық қой. Ұрпақсыз тұл қалдық қой. Ата-баба жері еді, күлін көкке ұшырды ғой». Әлсіреген әйелдер бірінің иығына бірі басын сүйеп, еңіреп жылаулы. Есі шыққан Ләйлә Қатираны іздеп таба алмады. Қарауылға не болғанын, неге осынша аңырап, зарлап жатқанын ұқпады. Көзі атыздай болып, шарасынан шығып кете жаздап тұр. «Ойпыр-ай, не күн туған? Не болған адамдарға?!» Қыздың қол-аяғы қалш-қалш етіп, көзі жұмылып бара жатты. Қарауылдың тұрғындары сол күні қақ айырылып, үңірейіп жатқан жерді көрді. Тартылған су мен тұтылған Айды көрді.

...Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.

– Өзіңнің көңіліңді де сұрай келдік, – дегендеріне Ләйлә масайрап, өңі қашқан жүзіне қызғылт рең жүгіріп, көзін жерге салды. Осы келіп отырған екеуден қыз жақсылықтың нышанын күтіп, сөздің аяғын бақты.

– Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес. – Жаңағы сөз бастаған күмілжіп отырып қалды да: – Ертең біздің ауданда қаралы жиын өтпек. Өзің сияқты балаларды өткенде қала жаққа алып кеткен. Содан әлі күнге дейін хабар жоқ. Енді, міне, көзге көрінер өзің қалған екенсің. Ертең өтетін қаралы жиынға өзіңді қолға ұстап көтеріп шықсақ деген ой келіп еді. Сол-ақ екен, қыздың құлағы шулап, басы айналып кетті.

– Алапат күннің белгісі ретінде, ел басына қатер тұнған күннің белгісі ретінде. Иә... иә, әйтеуір жақсылықтың емес, жамандықтың, тек жамандықтың белгісімін. О, Құдай...

– Ал, Ләйлә, жолға жиналсақ...

Қыз талықсып барып көзін ашты. Бұл жолы әлгі бір ағыл-тегіл болып, жанарына толып кететін жас көрінбеді. Бірақ әлсін-әлсін өкси берді. «Жамандықтың белгісі болғым келмейді. Мені аяндаршы. Мен ел көзіне оғаш, мүгедек болғаныммен, жақсылықты ғана аңсаймын. Мен тек жақсылықты...» Отырғандар түнеріп, үнсіз қалды. Қыздың онсыз да үзілгелі тұрған нәзік жанын ешкім түсіне алмады.

– Намысқойын қарай гөр! Жаман неменің! – деп, Қатира күңк-күңк етті. Ләйлә көзін қайта ашып, отырған адамдарға ұзақ телміріп жатты. Сосын оларға сыбырлап:

– Құмар да бола ма? Ол да сол қаралы жиынға қатыса ма? – деді, өрең жұтынып. Отырғандар еш нәрсе түсінбеді. Ләйлә көзін қайта жұмып, ұзақ жатты да, бір уақытта ап-анық етіп:

– Бармаймын, бара алмаймын. Кідірмей жүре беріңіздер, – деді. ...«Қасиетті жер еді, қадірден әбден жұрдай болды. «Жақсының арты жын» деуші еді. Шынымен-ақ адам естіп, көз көрмеген қасіреттің бәрі Абай ата басқан топырақтан шығып жатқан жоқ па? Алланың әмірі деген осы да!» деп ойлады Ләйлә-қыз. Төсек тартып жатқан қыз бетіне Ай сәулесі түсті. Қарауылдың барлық терезесінен сығалап, іздеп, тінтіп жүріп, Ләйлә-қызды өрең тауып алған сияқты. Аппақ болып дөңгеленіп, ерекше бір нұрмен қыз бетіне төніп тұр. Науқас қыз Айға қарап алғаш рет жымыған. Көптен күткен жанашырын, сырласын терезе сыртынан байқап қалып, қыз жүрегі елжіреп сала берген. Өз тағдырына, адамдарға деген өкпесі сол күнгі ағыл-тегіл көз жасына айналды. Сол сәт жап-жарық Айдан мәңгілік адасып қалатындай тағатсыздана сүйсініп тағы да қарады.

– Қасірет шеккен жан иесінің жалғыз ғана сырласы өзің екеніңді ұмытпа! – деді.

Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай ұзақ айма-ласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеңдеп, алшақтап қашып бара жатты. Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айырылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қыз мұңайып жанарын бір жұмып, дем алып, тағы ашамын деген, бірақ... Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ

аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: бірі – жер баласы, бірі – түн баласы.



2-тапсырма. Әңгіменің толық нұсқасын хрестоматиядан оқы. Сюжеттік желі бойынша мазмұндауға дайындал. Эпилогі мен прологін анықта.



3-тапсырма. Шығарма пафосын анықтаңдар. Шығарманың сюжеттік желісіне мән бере отырып, әдеби талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Кейіпкерлерге әңгімеден үзінді келтіре отырып, жанама және тура мінездеме бер.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу
Ләйлә		
Қатира		



5-тапсырма. Автор бейнесін анықта. Ол өз кейіпкерлерімен қандай қарым-қатынаста? Автор өз ойын, идеясын қай кейіпкер арқылы ашады?



6-тапсырма.

1-мәтін. Мәтінді тыңдап, тұрақты сөз тіркестерін теріп жаз. Мағынасын түсіндір. Уақыты – 10 минут.

2-мәтін. Мәтіндегі Ләйләнің басынан өткен оқиғаға назар аудар. Ләйләнің қуанғаны, ұялғаны мен намыстанғанын білдіретін сөздерді теріп жаз. Уақыты – 10 минут.



7-тапсырма. Әңгімедегі Ай бейнесіне назар аудар. Автор не себепті Ай мен Ләйлә арасындағы байланысқа мән береді? Ләйләнің мүгедек болып қалуына кім кінәлі? Ол неге өзін жалғыз сезінеді? Әңгімеден үзінділер келтіре отырып, өз ойыңды дәлелде.



8-тапсырма. Әңгіме оқиғасының шарықтау шегі мен шешімін тауып, талда. Негізгі тартысты анықта.



9-тапсырма. Әңгімеден теңеу, эпитет, метафора, метонимияларды тауып, талда. Кестені толтыр.

Теңеу	Эпитет	Метафора	Метонимия



10-тапсырма. Әңгімеден алған әсеріңді сипаттау арқылы авторға хат жаз.



11-тапсырма. Әңгімедегі негізгі оқиғаларды талдап, шығарманың жаңашылдығын бағала. Әңгіме кейіпкерлерінің психологиялық портретін бер.



12-тапсырма. Шығармадан үзінділер келтіре отырып, кестені толтыр.

Табиғат суреттері	Адамдар қарым-қатынасы	Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер



13-тапсырма. Қазіргі замандағы экологиялық жағдайлардың кеселінен, полигон зардабынан мүгедек болып қалған адамдардың тағдыры туралы эссе жаз. «Семей–Невада» қозғалысы туралы тарихи деректерді пайдалан.



14-тапсырма. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі мен «Заман-ай» өнінде (Ұлықбек Есдәулетов, Төлеген Мұхамеджанов) айтылатын халық басындағы трагедиялық жағдайды салыстырып, сыни хабарлама дайында.



15-тапсырма. Әңгімені өзің жазып шықсаң қалай аяқтар едің? Не себепті? Әңгіме оқиғасына қандай өзгеріс енгізгің келеді? Өз ойыңды шағын әңгіме түрінде жазып, оған ат қой.



16-тапсырма. Кестені толтырып, өз пікіріңді білдіріп отыр.

Экологиясы бұзылған аймақтар	Не себепті экологиясы бұзылған?	Экологиясын қалпына қалай келтіруге болады?



СӨЗ СОҢЫ

Қымбатты оқушылар!

Біз сендермен бірге бір жыл бойы көркем әдебиеттің көптеген асыл қазынасымен таныстық. «Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөліміндегі Қорқыт бабамыздың нақыл сөздері мен Қожа Ахмет Ясауи даналықтары арқылы ежелгі дәуір әдебиеті мұраларының қомақты бөлігімен таныстық.

«Көркем әдебиет және эпикалық сарын» бөлімінде Мұрат Мөңкеұлының толғаулары арқылы туған жерді бағалау және қадір тұтып қорғау керегін ұқтық. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік–Кебек» дастанындағы кейіпкерлер арқылы халқымыздың салт-дәстүрі, тарихы, әлемге деген көзқарасын білдік. Ақынның «Жастарға» өлеңіндегі ақыл-кеңестерін назарға ала отырып, оқу-білімнің пайдасы өзіміз үшін де, халқымыз үшін де өте маңызды екенін ұқтық.

«Махаббат және абырой» бөліміндегі М. Дулатов, Б. Момышұлы, Д. Исабеков, М. Мақатаевтың шығармалары арқылы абырой мен махаббат егіз ұғым екенін түсіндік. Себебі, махаббат қашанда абыройлы болғанда ғана баянды болатынын кейіпкерлерге талдау жасай отырып білдік.

«Қиял мен шындық» бөліміндегі аңыз-өңгімелер мен фантастикалық шығармалар арқылы көркемдік шындықтың құдіретін сараладық. Жалпы қандай көркем шығарма болмасын, басты нысаны – адам болатынын білдік.

Көркем әдебиет оқу арқылы білім көкжиегің кеңейіп, жан сарайыңда жаңа білім негізі қалыптасады. Сондықтан жаз айларында да өзіңе ұнаған жанрда көркем шығармалар оқуды тоқтатпа.

Жас дос, саған сәттілік тілейміз!

Авторлар

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

Бостан – бірнеше мағынасы бар: 1. Бұтақ, берек, үрім. 2. Гүл-жазира, бау-бақшалы өлке. 3. Өз билігі өзінде, ерікті, еркін. 4. Кең, бос.

Кебе – бірнеше мағынасы бар: 1. Кебе (қыста туған қой төлінің көктемдегі аты). 2. Қағба; қасиетті жер; халық көп жиналатын орын. 3. Қайын ене.

Кепиет – бірнеше мағынасы бар: 1. Ерекше қасиет, кие; құпия күш. 2. Кесір, кесапат, қырсық.

Күдері – әбден иі қанып жұмсартылған тері, бұғы, бұзау терілерінен иленіп өңделген былғары.

Қатпа – бірнеше мағынасы бар: 1. Ішек қызметінің бұзылуы, созылмалы түрде өтетін ауру. 2. Арықша келген жұқа, ілмиген адам.

Нарт – бірнеше мағынасы бар: 1. Шымқай қызыл, қып-қызыл. 2. Итке не бұғыға жегуге арналған сібір халқының жіңішке ұзын шанасы.

Пір – діни қауымдастықтың басшысы, жетекшісі.

Тәхсил – мұнда: оқу төлемі, қаражат деген мағынада. *Қазақ ішінде қымыз ішіп, күзгі тәхсилгә қаражат жинап алу үшін мұғалімділікке шыққан Ғазиз есімді ноғай жігіт, жасы жиырма екілерде – ашық пікірлі ұсұл тағылымынан жақсы ғана хабары бар еді (М.Дулатұлы, Бақытсыз Жамал).*

Хадим – мұнда: ескі, бұрынғы деген мағынада. *Екі жылдай қазақ ішіне шығып, қазақтың сырын білгендіктен және де Сәрсенбайдың пікірін аңғарып сөйлескен уақытында өзін шіп-шикі ескі жолмен оқыған хадимі етіп көрсетті (М.Дулатұлы, Бақытсыз Жамал).*

Хәттә (хатта) – мұнда: тіпті, кейде деген мағынада. *Хәттә Жамал сол қиссалардың бағзы бір өлеңдерін жатқа да біліп, бір ойынға бара қалса, «Жамал, өлең айт» дегенде тартынбай айтып салушы еді (М.Дулатұлы, Бақытсыз Жамал).*

Хилаф келмеу – мұнда: қарсы келмеу деген мағынада. *Себебі ол, «Аз уақытта мен бұларды түзей алмаспын, онан да бұларға хилаф келмей, өйтіп-бүйтіп қаражат жинап алайын», деп ойлады (М.Дулатұлы, Бақытсыз Жамал).*

Шілтен – желеп-жебеп, қолдайтын киелі бейне.

Шүленгір – мұнда: жомарт деген мағынада. *Халыққа атым білініп, Шүленгір мырза атанар ма екеміз (Ақтамберді Сарыұлы, Күлдір-күлдір кісінетіп).*

Һәммә (әммә) – мұнда: барлығы деген мағынада. *Мұның һәммәсін Жамал естіген еді (М.Дулатұлы, Бақытсыз Жамал).*

ГЛОССАРИЙ (АНЫҚТАМА СӨЗДІК)

АБЫЗ – түркі халықтары Тәңірі сенімінде болған көне дәуірдегі бірегей мәдени-әлеуметтік жүйенің өкілі. Абыз – әскери бақсы, болжаушы, кеңесші, рудың ақсақалы, батагөй қариясы мағынасында қолданылады.

АВТОРДЫҢ БЕЙНЕСІ – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы.

АҚЫН – поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері.

АЛЛИТЕРАЦИЯ (латын. *ad-littera* – дыбыстас) – шығармаларда бірыңғай дыбыстардың үндестігі, дәлірек айтқанда дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

АҢЫЗ – қазақ фольклорлық прозасының жанры, елдің, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су, сол жерде өткен оқиғалар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жадында сақталған, әйтсе де уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме.

АССОНАНС (латын. *assono* – үйлесім) – өлең сөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы.

ӘҢГІМЕ – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.

БАҚСЫ САРЫНЫ – әртүрлі ырым, рәсім көрсету кезінде өзіне табындыра баурап алу үшін музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен айтылатын өлең-жыр. Сөздері айшықты, бірақ мағынасы бұлдырлау, көбінесе төкпе жыр үлгісінде айтылған.

БАЯНДАУШЫ БЕЙНЕСІ – әдеби шығармада оқиғаны әңгімелеп айтушы, сол оқиғаға қалайда қатысы бар, болған жағдайларда өз көзімен көрген адамның тұлғасы.

ГРАДАЦИЯ (латын. – біртіндеп көтеру), яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.

ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА – фантастикалық әдебиеттің жетекші саласы.

ДАСТАН (парс. сөзі – тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) – Таяу және Орта Шығыстың, Азияның, оңтүстік-шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма.

ЕРТЕГІ – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанрының барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжетті көркем әңгіме түрінде келіп, қарасөзбен беріледі.

ЖАНР – әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінен үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр. Бұлар – әдебиеттің үш үлкен саласы, үш тармағы.

ЖЫРШЫ – ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы, батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп, не суырып салып шығарып та айтқан.

ИДЕЯ – әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады.

КЕЙІПКЕР (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, өңгімеде, драмалық шығармада, поэмада бейнелетін уақиғаға қатысушы.

КОМПОЗИЦИЯ – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі.

КӨРКЕМ БЕЙНЕ – көркем өнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі.

КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы.

КҮЙ АҢЫЗЫ – қазақ фольклорындағы өзгеше бітімді жанрлық түр. Күй аңызын басқа аңыздардан ерекшелендіретін белгісі – оның тартылмақ күйге кіріспе ретінде баяндалып, тек қана күймен қоса айтылатын синкретті сипатынан байқалады.

ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҺАРМАН – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі.

ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі, оның ырғағына, дыбыс үндестігіне тән ерекшеліктерді белгілейтін негізгі шарттар мен заңдылықтар.

ПЕЙЗАЖ (франц. *Peuz* – ел, жер) – әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың өсем көрінісі, көркем бейнесі.

ПОРТРЕТ (франц. *portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

ПРОТОТИП (грек. *prototypon* – түп, төркін, бейне) – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

ТАҚЫРЫП – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары.

ТАРМАҚ – қазақ поэзиясында өлең ырғағының негізгі бөлшегі, буын саны тұрақты келетін өлең жолы.

ТАРТЫС (конфликт латын. *conflictus* – қақтығыс) – көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес.

ТРАГЕДИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ – қоғамдық өмірдегі шиеленіскен қайшылыққа толы, кейіпкерлердің арасындағы ешбір ымыраға келмейтін қарама-қарсылықты, бітіспес күрес-тартыс, қақтығыстар.

ХАРАКТЕР (әдеби характер) – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат-ерекшеліктері.

ШАРЫҚТАУ ШЕГІ – көркем шығармада оқиғаның әбден шиеленісіп, шегіне жетіп өрістеген кезеңі.

ШЕШІЛІС – сюжеттің құрамдас бір бөлігі, шығармадағы оқиға желісінің әбден шиеленісіп барып, тиянақталатын, кейіпкерлер арасындағы тартыс-қақтығыстар, әртүрлі қайшылықтардың бір арнаға келіп тоғысып, оқиғаның даму барысындағы байланған түйіндер шешілетін тұсы.

ЭПОС (баяндау деген мағынада) – көркем әдебиетті өмірді суреттеу тәсілі жағынан үш салаға бөлгенде, лирика, драмамен қатар, өз алдына үлкен бір сала (жанр) болып саналатын, оқиғаны баяндап жеткізуге негізделетін шығармалар тобы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998. 720 б.
2. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. 576 б.
3. Қазақ энциклопедиясы, 4-ші том. Ж. Аймауытов, «Мағжанның ақындығы туралы». Алматы, 2002. 718 б.
4. Н. Келімбетов. «Ежелгі әдеби жәдігерліктер». Астана, «Фолиант», 2004. 480 б.
5. «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматия. Екінші кітап (құрастырған – А.Қыраубаева). Алматы, «Ана тілі», 1991. 280 б.
6. Ш.Қ. Сәтбаева. «Шығармалар жинағы». Бесінші том. Астана, 2011. 384 б.
7. Ш. Елеукенов. «Мағжан». Алматы, 1995. 192 б.
8. З. Ахметов. «Өлең сөздің теориясы». Алматы, 1973. 208 б.
9. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. Алматы, «Атамұра», 2011. 282-175 б.
10. «Қазақстан жазушылары» анықтамалығы. Алматы, «Ан Арыс», 2009. 480 б.
11. М. Жолдасбеков. «Асыл арналар». Алматы, «Жазушы», 1990. 352 б.
12. А. Байтұрсынов. «Әдебиет танытқыш». Алматы, «Атамұра», 2003. 208 б.
13. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2-ші том. Алматы, 1991. 496 б.
14. Қ. Бітібаева. «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» оқу құралы. Семей, 2007. 120 бет.
15. А. Ақтанова, Қ. Бешімбаева. «Білім алушының тілдік құзіреттілігін жетілдірудегі критериальды бағалау жүйесі». Семей, 2012. 68 б.
16. Т. Жоламанова. «А.Байтұрсынов шығармаларын оқыту жолдары». Көкшетау, 2011. 116 б.
17. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Үшінші басылымы. Семей – Новосібір, 2006. 398 б.
18. Шөкәрім. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. 2006. 524 б.
19. А.Қ. Жүндібаева. «Шөкәрімтану тарихы дәрістері» оқу құралы. Алматы, 2014. 147 б.
20. Б. Әбдіғазиев. «Асыл арна» (Абай дәстүрі және Шөкәрім). Алматы, «Қазақ университеті», 1992.128 б.
21. Тренерге арналған нұсқаулық, үшінші деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. 314 б.
22. Қ. Мұхаметханов. «Абай мұрагерлері» Алматы, «Атамұра»,1995. 208 б.
23. Б. Әбдіғазиев. «Шөкәрімнің лирикалық шығармалары». Алматы, РБК,1994. 72 б.
24. Қ. Жұмалиев. «Әдебиет теориясы» орта мектептің жоғары кластарына арналған құрал. Алматы, 1969. 243 б.
25. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-ші том. Алматы, «Қазақпарат», 2008. 812 б.
26. Қорқыт. «Аңыз адам» журналы, № 6, 18 наурыз, 2011.
27. Мәшһүр-Жүсіп Қуандық. «Әдебиетті оқыту мәселелері». Павлодар, 2011. 466 б.
28. А.Қ. Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері». Алматы, 2013. 448 б.
29. Өрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Қарағанды, 2011. 232 б.
30. Шөкәрім мен Қайым / Шакарим и Каюм: Тағдырлас. Астана, «Фолиант», 2009. 328 б.
31. М. Базарбаев. «Көрікті ойдан – көркем сөз: зерттеулер мен мақалалар». Алматы, «Рауан», 1994. 367 б.
32. Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар (құрастырған – Д. Өшімханов). Алматы, «Жалын»,1992. 543 б.

МАЗМҰНЫ

Сөз басы.....	3
Дананың сөзі – ақылдың көзі	
Қорқыт	6
Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр.....	13
Қорқыттың нақыл сөздері	21
Қожа Ахмет Ясауи	27
Даналық кітабы	31
Ақтамберді Сарыұлы	34
Күлдір-күлдір кісінетіп... ..	36
Балаларыма өсиет.....	39
Шалкиіз жырау	41
Шалкиіз Тіленшіұлының нақыл сөздері	42
Би Темірге бірінші толғау	42
Көркем әдебиет және эпикалық сарын	
Мұрат Мөңкеұлы	47
Үш қиян.....	49
Сарыарқа.....	54
Шөкәрім Құдайбердіұлы	58
Еңлік-Кебек	63
Жастарға	80
Махаббат және абырой	
Міржақып Дулатұлы	90
Бақытсыз Жамал	91
Бауыржан Момышұлы	108
Үшқан ұя	109
Мұқағали Мақатаев	125
Аққулар ұйықтағанда	126
Дулат Исабеков	138
Өпке	139
Қиял мен шындық	
Тахауи Ахтанов	153
Күй аңызы.....	154
Жүніс Сахиев	159
Айдағы жасырынбақ.....	160
Дабыл	164
Роза Мұқанова	177
Мәңгілік бала бейне	177
Сөз соңы	186
Көнерген сөздердің түсіндірмесі	187
Глоссарий (анықтама сөздік)	188
Пайдаланылған әдебиеттер	190
	191

О қ у б а с ы л ы м ы

Ақтанова Айман Советқызы
Жундибаева Арай Канапияқызы
Жүмекенова Ләйлә Кәкенқызы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары *М. Мұқашев, А. Ногайбаева*

Суретшісі *Б. Ералиева*

Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Ұ. Бахова*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ №070

Теруге 24.01.2018 берілді. Басуға 18.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90¹/₁₆.

Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік».

Шартты баспа табағы 14,04. Есептік баспа табағы 13,14.

Таралымы 40 000 дана. Тапсырыс №3452.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

